Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘӨЖ: 342 (574)(043) Қолжазба құқығында

КОЖАМБЕКОВ ДАУЛЕТ РЫСБЕКОВИЧ

Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері

6D030100-Құқықтану
Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер:
заң ғылымдарының кандидаты
қауымдастырылған профессор
Ахатов У.А.

PhD доктор,
қауымдастырылған профессор
Жанибеков А.К.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
профессор Шабан Кайхан

Түркістан 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР **3**
АНЫҚТАМАЛАР **5**
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР **6**

КІРІСПЕ **7**

1 ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘНІ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
1.1 Зайырлы мемлекет түсінігі, құқықтық табиғаты мен қалыптасу ерекшеліктері.....19
1.2 Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілері 36
1.3 Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы ...54

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ АЙҚЫНДАЙТЫН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
2.1 Азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығының жүзеге асырылуы.....66
2.2 Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы.....75
2.3 Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатының құқықтық негіздемесі.....84

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІН АРАҚАТЫНАСЫН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
3.1. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеуі…….....92
3.2. Мемлекеттік мекемелерде (мемлекеттік органдарда) зайырлылық қағидатын нығайту мен ілгерілету мәселелері.....98
3.3. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидатын жүзеге асыру барысында туындаған мәселелерді құқықтық реттеудің негіздері.....102

ҚОРЫТЫНДЫ.....109

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....113

ҚОСЫМШАЛАР.....126

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі стандарттар мен НҚА сілтеме жасалады:

1.Диссертациялық кеңес туралы ереже Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығы // http:www.adilet.zan.kz

2.«Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығы // Егемен Қазақстан 2011 жылғы 20 мамырдағы №207-210 (2612).

3. МемСТ 7.32-2001. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылымы және рәсімдеу ережесі.

4. МемСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері.

5. УЕ-ХҚТУ-100-2022 «Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру» Ережесі.// https://ayu.edu.kz/admin/ckeditor_files/files/senat_proverka_100_2022.pdf

6. Қазақстан Республикасының 1992 жылы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_

7. Қазақстан Республикасының 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған, күші жойылған Конституциясы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K930001000_

8. Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған, қолданыстағы Конституциясы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

9. Қазақстан Республикасының 2011 жылы 11 қазанда қабылдаған №483 «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483

10. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 16 қаңтар 2001 жылғы №142 Заңы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000142_

11. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 18.02.2005 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031_

12. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 31.05.1996 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000003_

13. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000500

14. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспары.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000953

15. Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

16. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» №345 Заңы// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_

17. Діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы №97 бұйрығы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020256

18. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V заңы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416

19. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертацияда төмендегідей анықтамалармен мен терминдер қолданылды:

Адам – қоғамдық дамудың, өркениеттің нәтижесі, нақтылы тарихи жағдайлармен байланысты еңбек, қарым-қатынас және таным субъектісі болып табылатын индивид.

Құқық – мемлекет арқылы қамтамасыз етілетін, әділеттілік туралы адамдардың көзқарастарынан көрініс табатын, жалпыға бірдей міндетті нормалардың жиынтығы.

Прозелитизм – белгілі бір сенім өкілдерінің басқа сенімдегі тұлғаларды өз сеніміне қарату бағытындағы әрекеті түсіндіріледі.

Діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі.

Діни қызметші – діни, уағыздаушылық қызметке тиісті діни бірлестік уәкілеттік берген адам.

Миссионерлік қызмет – ҚР азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың дінге үндеу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АСҚХП (ICCPR) – Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт

АҚЕС (ECtHR) – Адам құқықтары жөніндегі Еуропа Соты

АҚШ - Америка Құрама Штаттары

БҰҰ (UN) - Біріккен Ұлттар Ұйымы

ЖОО – Жоғары оқу орындары

USAID - АҚШ Халықаралық даму агенттігі

USCIRF - АҚШ-тың Діни бостандық жөніндегі халықаралық комиссиясы.

ЕҚЫҰ (OSCE) - Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық

ҚР - Қазақстан Республикасы

КСРО - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

Қазақ КСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы

РКФСР – Ресей Кеңестік Федеративті Социалистік Республикасы

ҚР ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

ҚР ҰҚК – Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті

НҚА - Нормативтік құқықтық акт

МҚК (КГБ) – Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті (Комитет Государственной Безопасности)

ТМД - Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

ЕО (EU) – Еуропа Одағы

ІІО - Ішкі істер органдары

САДУМ -Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы

ҚМДБ- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы

КІРІСПЕ

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-ші бабына сәйкес: *Қазақстан Республикасы өзін* демократиялық, құқықтық, *зайырлы* және әлеуметтік *мемлекет ретінде орнықтырады*-деп, көрсетілген [1]. Қазақстан Республикасы Конституциясы абсолютті нормаларының бірі зайырлылық қағидатын конституциялық-құқықтық тұрғыда зерттеу, Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орныгуы мен өзіндік зайырлылық үлгісін қалыптастыру диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасын құрайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Тәуелсіздікке қол жеткізген 1991-ші жылдан бастап Қазақстан Республикасында мемлекеттің саяси-құқықтық жүйесі күрт өзгеріп, барлық посткеңестік мемлекеттердегідей діннің қоғамдағы ықпалы арта түсті. Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тек саяси-экономикалық қиыншылықтар ғана емес, сонымен қатар идеологиялық, мәдени, рухани дағдарыстардыда бастан өткерді. Қоғамдық өмірдің негізін құрап, жүйе қалыптастыра білген құндылықтар түбегейлі өзгеріп, адам жанының рухани ұстыны мың құбылған кез еді. Осы бір тарихи кезеңде мемлекет тарапынан дін саласын құқықтық реттеу қажеттігі туындады. Осынау қиын қыстау кезеңге қатысты Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» – атты, Қазақстан халқына Жолдауында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар қатарына зайырлы қоғам және жоғары руханиятты-атап өтіп, зайырлылықтың өзекті, өміршең құндылық екенін көрсеткен еді [2].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз халқымыздың рухани негізін құрметтей отырып, мемлекетіміздің зайырлы ел ретіндегі мәртебесін күшейте түсуіміз керек» - деп, зайырлылық қағидатының қоғам мен мемлекет өміріндегі маңызына тоқталып, ерекше атап өтеді [3].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында дін мәселелеріне қатысты либералды ұстанымда болды. Сол кезеңде заңнамалық актілер мен халықтың діни төзімділік мәдениеті, діни ағымдардың кең тарауына қолайлы орта қалыптастырды. Діни бірлестіктер санының артуы мен қоғамымызда діннің қайта жандануы, жеке адам өміріндегі маңызы артқан сайын мемлекет тарапынан дін саласына қатысты жүйелі, шаралар қолданып мемлекет пен дін арақатынасын реттеуде саяси-құқықтық ұстанымын анықтау қажеттілігі туындады [4].

Бұл бағытта жас тәуелсіз мемлекетіміздің дін саласына қатысты жасалған алғашқы нақты қадам 1992 жылы 15 қаңтарда қабылдаған – Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы болатын [5]. Алғаш қабылданған осы дін туралы заң тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында құқықтық қызметін атқарып, Қазақстан Республикасы әрбір адамының наным бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялы,

зайырлы, құқықтық мемлекет екенін танып, тараптардың діни сеніміне қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік берді. Алғаш қабылданған осы дін туралы заң тәуелсіз мемлекетіміздің зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуына заңнамалық тұрғыда жасаған алғашқы құқықтық қадамы болғанымен конституциялық деңгейде 1995 жылы қабылданған қолданыстағы конституцияда “зайырлы мемлекет” қағидаты нақты бекітілді.

Тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан Республикасының көпұлтты әрі көпконфессиялы жағдайында мемлекеттің дін саласын құқықтық реттеуі үшін зайырлылық қағидаты таңдалғанымен, ғылымның түрлі салаларында әсіресе, заң ғылымында мемлекеттің зайырлылығына қатысты ғылыми тұшымды еңбектер мүлдем аз еді. Ал, ғылыми танымдық тұрғыда зайырлылық қағидатының күрделі ұғым екені анық байқалады. Деседе, зайырлы мемлекет ұғымына қатысты академиялық ортада ішінара зерттеу жұмыстары жүргізіліп, зайырлылық ұғымына қатысты әртүрлі анықтамалар берілгенімен халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мүлдем жүргізілмеді-деуге болады. Сонымен қатар халықтың жаппай діни сауаттылығының төмен болуы мен Кеңес Одағы тұсындағы атеизмнің мемлекеттік деңгейде қолдауға ие болуы жағдайынан шыққан қоғам мүшелері “зайырлылық ұстанымын” сан түрлі түсінді, қабылдады. Кейде зайырлылық ұғымын еш ғылыми негізсіз атеизммен теңестіретін жағдайларда кездесті. Әрине, зайырлы мемлекет ұғымына қатысты біржақты түсінік қоғамда діни сипаты бар мәселелерді күрделендіре түсті. Адамның құқықтық сауаттылығы мен санасы зайырлылық ұстанымын тануда жүйелі болмады, кейде қарама-қайшы пікірлерге толы болды. Бұл жағдай “зайырлы мемлекет” ұғымына құқықтық түсіндірме беруді қажет етеді.

Ал, қазіргі ақпарат ағымы шапшаң заманда еркіндікті желеу еткен жүйесіз діни танымдық ақпараттар азаматтардың діни танымы мен ой санасын шатастырып, қоғамның рухани тұтастығына нұқсан келтіріп, мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіре бастады. Бұл ретте ең алдымен мемлекеттің зайырлылық құндылықтарына негізделген дін саласындағы саясатына қарсылық білдіретін деструктивті діни ағымдардың белсенді миссионерлік әрекеттері мен діни экстремистік идеологияларының таралу қаупінің бар екенін атауға тиіспіз. Нақ осы жағдайда мемлекет тарапынан қоғамда қордаланған дін саласындағы мәселелерді зайырлылық қағидатына сәйкес құқықтық тұрғыда реттейтін “зайырлы мемлекет үлгісін” қалыптастыру ерекше маңызға ие. Атап айтқанда, білім беру жүйесі мен мемлекеттік мекемелердегі діни атрибуттарға қатысты мәселелер халықтың діни танымы мен мемлекеттің зайырлылық қағидатының маңызды екенін көрсетті.

Зайырлылық қағидаты мемлекет пен дін арақатынасының құқықтық реттелуіне негізделген, азаматтардың діни-сенімі мен ар-ождан бостандығына кепілдік беріп, қоғамда діни алауыздық пен дінаралық қақтығыстардың алдын алуды, мемлекеттік институттардың қоғамымызға жат діни ағымдардың ықпалында қалудан сақтайтындығымен маңызды. Жер жаһанды жайлаған

деструктивті, радикалды, діни экстремистік идеологияға қарсы легитимді құқықтық идеология бола алады. Еліміздегі діни экстремизм мәселелерінің артуы жағдайында мемлекеттің зайырлылық ұстанымын ғылыми тұрғыда зерттеу дін саласындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды орын алады.

Шетелдік және отандық заң ғылымы саласында «зайырлы мемлекет» ұғымымен қатар «зайырлы», «зайырлы қоғам», «зайырлылық», «зайырлылық қағидаты», «зайырлылық ұстаным», «мемлекет пен діннің бөліну қағидаты», «мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеу» ұғымдарына қатысты әр түрлі пікірлер мен көзқарастардың болуына қарамастан, Қазақстан Республикасында мемлекеттің зайырлылығына қатысты ғылыми зерттеу жұмыстары тек қысқаша, үстіртін ғана жасалған. Сәйкесінше, зайырлы мемлекет ұғымының этимологиясы, шығу тарихы мен тарихи даму кезеңдерін, қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілері мен мемлекеттердегі зайырлылықтың құқықтық түсінігі, мазмұнын, белгілерін зерттеу қажеттігі туындайды. Бұл зайырлы мемлекет ұғымының құқықтық табиғаты мен мәнін ашуға, зайырлылық тұжырымдамаларына құқықтық баға беруге, сонымен қатар зайырлы мемлекеттің Қазақстандық үлгісін қалыптастыру арқылы салыстырмалы конституциялық-құқықтық талдау жасауға мүмкіндік береді. Бұл шет мемлекеттерді «зайырлы мемлекет» ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормаларға құқықтық талдау жасау жолымен жүзеге асады.

Қазіргі заманғы өркениетті мемлекеттер тәрізді Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде мемлекет пен дін арақатынасы мәселелерін құқықтық реттеуді қолдайды, әрі осы бағытта оңтайлы заңнамалық базаны жетілдіруге, халықаралық құқықтық нормаларға сәйкес келуіне мүдделі. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуы мен өзіндік зайырлы мемлекет үлгісін қалыптастыру барысындағы кемшіліктердің бірі ретінде, мемлекеттің зайырлылығына қатысты ғылыми зерттеу жұмыстарының жүйелі жолға қойылмауымен қатар зайырлы мемлекетті танитын, мемлекеттің зайырлылығын қолдайтын діни танымның ескерілмеуін атауға болады. Яғни, діни доктриналардың зайырлылық белгілерін көрсете білу ғылыми еңбектің қолданбалы маңызын арттыра түседі.

Ғылыми еңбекте зайырлылыққа қатысты діни-құқықтық ойлар қарастырылғанымен, біріншіден мемлекет пен дін арақатынасын екіншіден дәстүрлі және әлемдік діндердің діни танымы, қағидалары, ережелерін түбегейлі зерттеуге басымдық бермейді. Зерттеу жұмысы зайырлылық қағидаларына негізделген мемлекет пен дін арақатынасында туындаған қоғамдық қатынастарды реттеуді көздейтін конституциялық-құқықтық нормаларды зерттеу мүмкіндігімен шектеледі.

Зайырлы мемлекет қағидаты - қазіргі заманғы демократиялық және құқықтық мемлекеттерге тән басты қағидалардың бірі, әрі Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының негізі ретінде заң ғылымы тұрғысынан жүйелі зерттеуді қажет етеді. Осы бағытта пост кеңестік елдермен

бірге Батыс Еуропа мемлекеттері, АҚШ, Франция, Үндістан, Түркия мемлекеттері ғалымдарының жарық көрген тың ғылыми еңбектерін зерттеу қажеттігі туындады.

Теориялық тұрғыда зайырлы мемлекет ұғымына құқықтық анықтама беру арқылы мемлекеттің зайырлылық қағидатын конституциялық-құқықтық норма ретінде дәлме-дәл әрі біркелкі түсінуге, құқық қолдану барысы мен сот тәжірибесінде адам құқығы мен мемлекет мүддесін қорғайтын әділ шешім қабылдауға негіз болады.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы құқықтық саясатын іске асыру мақсатында мемлекеттің зайырлылық қағидаларын нығайту үшін ғылыми негізделген ресми көзқарастар жүйесін қалыптастыру маңызды. Бұл мемлекеттік қызмет пен білім беру жүйесінде зайырлылық қағидатына қатысты бірізді көзқарас қалыптастыруға негіз болады. Себебі, мемлекет тарапынан дін саласын құқықтық реттеу барысында азаматтардың діни-сенімі мен ар-ождан бостандығы, діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеу, мемлекеттік органдар мен білім беру жүйесінде зайырлылық қағидаттарының сақталуы өзекті мәселеге айналды.

Зайырлылық қағидаты мемлекеттің дін саласын құқықтық реттейтін негізгі конституциялық-құқықтық норма ретінде отандық заң ғылымы, конституциялық құқық саласы үшін өзекті тақырып болып табылады.

Қазақстан Республикасы - зайырлы мемлекет ретінде әркімнің ар-ождан, діни-сенім бостандығы құқығын мойындайтын, діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретін, халықтың басым бөлігінің ислам дінінің ханафи масхабы мен христиандықтың православиелік бағытын ұстанатынын және осы діндердің ғасырлар бойына халық мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін жоғары бағалайды. Сонымен қатар Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесім таба білетін басқа да дін өкілдеріне құрмет көрсетеді. Дінаралық татулық, конфессияаралық келісім, діни тағаттылық пен азаматтардың діни нанымдарын құрметтеуді, әрі ортақ отанымыз Қазақстан Республикасында діни алауыздықсыз тату, бейбіт өмір сүруді маңызды санайды.

Жоғарыда аталған мәселелер диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін қамтамасыз етеді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуының конституциялық-құқықтық негіздерін зерттеу үшін тәуелсіздік жылдарында мемлекет пен дін арақатынасы саласында қордаланған діни құбылыстар, халықтың діни санасындағы өзгерістер, дінаралық мәселелер ерекшелігін жан-жақты, мұқият ғылыми тұрғыда зерттеусіз мүмкін емес. Диссертациялық жұмыста отандық және шет елдік білікті заң ғылымы саласы ғалымдарының ғылыми еңбектері кеңінен зерттелді. Сонымен бірге зерттеу тақырыбының пәнаралық сипаты ескеріліп дінтану, философия, мәдениеттану, әлеуметтану ғылымы саласы ғалымдарыныңда мемлекеттің зайырлылығына қатысты іргелі тұжырымдары мен ғылыми еңбектері қарастырылады. Тақырыпты зерттеу барысында

зайырлы мемлекет ұғымына тек ресми тұрғыдағы мемлекеттің ұстанымы немесе академиялық зерттеу жұмыстары ғана емес, діни ғұламалардыңда саяси-құқықтық көзқарастары мен пікірлері қарастырылады.

Мемлекеттің зайырлылық ұстанымының қалыптасуына қатысты саяси-құқықтық ойлар Флавий Юстиниан [6,], Аврелий Августин [7], Ибн-Халдун [8], Фома Аквинский [9], Мартин Лютер [10], Никколо Макиавелли [11], Томас Гоббс [12], Шарль Луи Монтескье [13], Жан-Жак Руссо [14], Георг Вильгельм Фридрих Гегель [15], Томас Джефферсон [16], Макс Вебер [17], Эмиль-Жюстен-Луи Комб [18], Аристид Бриан [19] еңбектерінде алғашқы-лардың бірі болып кеңінен көрініс тапты.

Қазіргі заманғы алыс шетелдік ғалымдардан Marieme Helie Lucas [20] (Алжир), Lorenzo Zucco [21] (Англия), Ahmet Kuru [22], Berman Harold [23], Robert Tuttle [24], Ira Lupu [24], Donald Eugene Smith [25], John Witte [26], Darien McWhirter [27], Jacques Berlinerblau [28] (АҚШ), Talal Asad [29] (Ұлыбритания), Charles Taylor [30], Jean Baubérot [31], Valentine Zuber [32], Henri Pena-Ruiz [33], Boussinesq Jean [34], Francis Messner [35] (Франция), Jose Casanova [36] (Испания), Stefan Korioth [37] (Германия), Rajeev Bhargava [38] (Үндістан), Dhammamegha Annie Leatt [39] (Оңтүстік Африка Республикасы), Joshua Neoh [40] (Австралия), Tamir Moustafa [41] (Малазия), Murat Akan [42], Niyazi Berkes [43], Zeki Hafizoğullar [44], Durmuş Hocaoğlu [45] (Түркия) еңбектерінде зайырлы мемлекет мәселелері жан-жақты зерттелген.

ТМД елдері ғалымдары, оның ішінде Ресейде мемлекеттің зайырлығына қатысты, мемлекет пен дін мәселелері бойыншада бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді, атап айтқанда П.Н.Дозорцев [46], А.И.Барменков [47], В.В.Клочков [48], Ф.М.Рудинский [49], Ю.А.Розенбаум [50], И.В.Понкин [51], М.О.Шахов [52], С.А.Деникаева [53], А.Ф. Мещерякова [54], В.Н.Линкин [55], Д.А. Узланердің [56] ғылыми еңбектері бар.

Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы мен мемлекет және дін арақатынасын құқықтық реттеу мәселелерін зерттеп жүрген отандық ғалымдар қатарына З.Ж.Кенжалиев [57], М.Б.Исахан [58], Д.Т.Кенжетай [59], А.Г.Косиченко [60], Е.Ю.Бурова [61], Н.Ж.Бәйтенова [62], Д.А.Сихымбаева [63], Р.А.Подопригора [64], Г.П.Лупарев [65], А.И.Артемьев [66] және т.б. ғалымдардың еңбектері диссертациялық зерттеудің теориялық өзегіне айналды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында заң ғылымы тұрғысынан мемлекеттің зайырлылық сипатына қатысты конституциялық-құқықтық тұрғыда кешенді зерттеулер жүйелі жүргізілген жоқ-деуге болады. Бұл жерде жеке атап өтер болсақ Ж.О. Онлашеваның 2008 жылғы «Утверждение Казахстана как светского государства»-атты, заң ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық еңбегін атап өтуге болады [67]. Сонымен қатар зерттеу тақырыбына жақын тақырыпта дінтану ғылымы саласынан Қ.К. Шалабаевтың Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Зайырлы мемлекеттегі дін мен дәстүр сабақтастығы»-атты, диссертациялық еңбегі бар [68].

Ал Ресейде мемлекеттің зайырлылығына қатысты кезең-кезеңмен жарық көрген бірнеше еңбектер бар. Атап айтқанда И.В. Понкиннің «Современное светское государство: конституционно-правовое исследование»-атты, заң ғылымының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы зайырлы мемлекет тақырыбын жан-жақты қамтыды [51].

А.Ф. Мещерякованың «Светское государство в современной России: конституционно-правовой анализ»-атты, заң ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы [54], В.Н. Линкиннің «Принцип светского государства как одна из основ конституционного строя Российской Федерации»-атты, заң ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмыстары бар [55].

Зайырлы мемлекеттің теориялық тұжырымдамасы, зайырлы мемлекет ұғымының құқықтық қырлары мен белгілері, зайырлы мемлекет үлгілері заң ғылымы саласының әдістемесі және конституциялық құқық саласының ғылыми жетістіктері тұрғысынан зерттелмеген тың тақырып болып қала береді. Әсіресе, еліміздің зайырлы мемлекет жағдайында мемлекет пен діннің құқықтық қатынас шегі, өзара құқықтық әрекет ету мүмкіндіктері, құқықтық қатынастарға қатысушы субъектілердің зайырлылық қағидатын сақтауы мен зайырлылық қағидатын жүзеге асыруына қатысты мәселелері толыққанды зерттелмеген.

Диссертация авторы зайырлы мемлекет мәселелері, мемлекет пен дін арақатынасының зайырлы ұстанымдары мәселелерін кеңінен зерттеп жүр. Осы диссертациялық жұмыс автордың 2009 жылғы «ҚР-ның діни-экстремизммен күрес саласындағы халықаралық құқықтық ынтымақтастығы» - атты, магистрлік диссертациясына ғылыми негізделген зерттеу әдісінің үйлесімді жалғасы-деп, санайды.

Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретіндегі мемлекет және дін арақатынасы мәселелері диссертациялық жұмыстың **объектісі** болып табылады.

Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық қалыптасу кезеңдері, теориялық, нормативтік-құқықтық, тәжірибелік мәселелері диссертациялық жұмыстың **пәні** болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстар, конституциялық-құқықтық нормалар және өзгеде заңнамалық актілерге сүйеніп зайырлы мемлекеттің Қазақстандық үлгісін қалыптастыру диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты болып табылады.

Осы мақсатқа тиімді қол жеткізу үшін келесідей **міндеттер** алға қойылды:

• Зайырлы, зайырлылық, зайырлы мемлекет ұғымының түсінігі, құқықтық белгілерін анықтап, қалыптасу ерекшеліктеріне талдау жүргізу;

• Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілерінің заңдылықтарын анықтау, зайырлылық тұжырымдамасын жасау;

• Шетел конституцияларындағы зайырлы мемлекет қағидаларына салыстырмалы конституциялық-құқықтық талдау жасау арқылы Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы ерекшеліктерін зерттеу;

• Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар мен мемлекеттің дін саласын реттейтін заңнамалық актілерді жетілдіруге ұсыныстар жасау;

• Мемлекеттің зайырлылық ұстанымына сай азаматтардың діни-сенімі және ар-ождан бостандығы құқығын қамтамасыз ету ерекшеліктерін құқықтық талдау;

• Дін мен діни бірлестіктердің заң алдында теңдігі және мемлекеттің оларға қатысты бейтарап ұстанымы қағидасының жүзеге асуы мәселелерін зерттеу;

• Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатын зайырлылық тұрғысынан қарастырып, саяси-құқықтық ойлармен қатар діни-құқықтық ұстанымдарды зерттеу;

• Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуы мен қоғам дамуының зайырлы сипат алуына бағытталған ғылыми негізделген болжам жасау;

• Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуының конституциялық-құқықтық мәселелеріне қатысты қол жеткізген нәтижелерін діни бірлестіктер, мемлекеттік органдар және білім беру жүйесінде қолдану.

Зерттеудің әдістері мен әдістемесі. Зерттеу жұмысы барысында көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін жалпы логикалық, танымдық әдістер, контент талдау мен жүйелеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар, зайырлы мемлекет ұғымының конституциялық-құқықтық қағида ретіндегі мағынасын түсіндірудің грамматикалық, индуктивті, дедуктивті, типологиялық, феноменологиялық, герменевтикалық, салыстырмалы-құқықтық, арнайы заңи және функционалдық әдіс-тәсілдері қолданылды. Зерттеу жұмысының ерекшелігіне сай діни ұғымдармен күрделенген мәселерді зерттеуде диалектикалық ғылыми ойлау әдісі қолданылды. Автор диссертациялық жұмыстың нәтижелерін қолданысқа енгізуде орындалуы мен жүзеге асуы мүмкін нәтижелерді SWOT әдісі арқылы анықтады. Зерттеудің әдістері мен әдістемесіне қатысты тың өзгеріс ретінде отандық заң ғылымында алғаш рет тәжірибе жүзінде догматикалық әдістің қолданылуын атап өтуге болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы [1], «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы»[69], «Коммерциялық емес ұйымдар туралы»[70], «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» [71] Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сонымен қатар Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттары, шетел конституциялары, Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы [72], Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға

арналған кешенді жоспары [73] зерттелетін мәселе бойынша диссертациялық зерттеудің **нормативті базасы** болып табылады.

Диссертация авторы www.adilet.zan.kz ресми сайтарының ақпараттық базасы мәліметтерін кеңінен қолданды.

Көпұлтты әрі көпконфессиялы халықтардың байырғы қазақ жерінде бейбіт өмір сүру тәжірибесі мен ортақ рухани құндылықтарынан бастау алатын құқықтық санасы мен діни дүниетанымдық көзқарастар жүйесі, Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде жариялаған конституциямыз, зайырлылық қағидаттарына сай қабылданған нормативтік-құқықтық актілер мен ресми құжаттар, азаматтардың ар-ождан бостандығы мен діни-сенім мәселелеріне қатысты ҚР Жоғарғы Соты, жергілікті және басқа да сот тәжірибесінің материалдары, мемлекеттік органдардың құқық қолдану тәжірибесі, мұрағат құжаттары, статистикалық және әлеуметтанулық деректер, ғылыми-семинарлар мен кездесулер, конференцияларда және автордың БАҚ-нан жинаған материалдары **зерттеудің эмпирикалық негізі** болды.

Диссертациялық ғылыми зерттеу жұмыстың жаңалықтары ретінде төмендегілер ұсынылады:

1) Зайырлы мемлекет ұғымына құқықтық анықтама берілді;
2) Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретіндегі тиімді үлгісі қалыптастырылды;

3) Қазіргі заманғы зайырлы мемлекеттердің зайырлылығын айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалардың ортақ көріністері, құқықтық белгілері болғанымен қоғам мүшелерінің саяси-құқықтық ойлары, құқықтық сауаттылығының әртүрлі болуы мен діни әр алуандылық жағдайында зайырлы мемлекеттің әмбебап стандарттарын жасау үшін “зайырлы мемлекет индексі” жобасы ұсынылды. Зайырлы мемлекет индексінің жоба нәтижелерін қолданысқа енгізу Түркістан облысы дін істері басқармасының жанындағы “Дін мәселелерін зерттеу орталығымен” бірлесіп жасау көзделген;

4) Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормаларға ғылыми зерттеу жүргізіп, зайырлы мемлекеттің құқықтық белгілерін жүйелендірілді;

5) Қазақстан Республикасында мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеу мәселелерін зерттеуде отандық заң ғылымы саласындағы еңбектер тек нормативтік-құқықтық актілердің зайырлы сипат алуына ғана назар аударып, зайырлы мемлекет ұғымына қатысты діни-құқықтық тұжырымдарды ескермеген еді. Осы кемшіліктің орнын толтыру үшін диссертациялық зерттеу барысында діни ғұламалардың зайырлы мемлекетке қатысты ғылыми негізделген діни-құқықтық ойлары жинақталды;

6) Қазақстан Республикасының көпұлтты әрі көп конфессиялы жағдайында мемлекет пен дін арақатынасын реттеудің ең тиімді әдісі - зайырлы мемлекет ұстанымы танылды.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтыру мен өзіндік үлгісін қалыптастыруға, дін саласындағы құқықтық

саясатын одан әрі дамытуға қажетті нормативтік құқықтық актілер жүйесін жетілдіре түседі. Сондай-ақ мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеу жөніндегі мемлекет қабылдаған шараларды жетілдіру үшін ғылыми негізделген ұсыныс болып табылады.

7) ҚР Конституциясының преамбуласына мемлекеттің зайырлылығына қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынылады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1) «Зайырлы мемлекет» ұғымына қатысты жасалған тұжырымдар қәзіргі заманғы әлемдік қауымдастықпен танылған демократиялық, құқықтық стандарттарға сай болуы тиіс.

2) Мемлекеттің қоғамдық өмірінде әртүрлі көзқарастағы, сенімдегі діндердің болу заңдылық. Олардың өзіндік дүние танымы, өмір сүру салты мен ұстанымдары болғанымен кез-келген дін ұстанушы мемлекет бекіткен заңға бағынуы, мойынсұнуы тиіс. Зайырлы мемлекетте заңның үстемдігін негізге алынады. Дін мен діни қызмет зайырлы мемлекет қабылдаған заңның үстемдігін тануы, мойындауы тиіс.

Мемлекет дін саласында туындаған мәселелерді демократиялық, құқықтық тәсілдермен, зайырлылық қағидаттарымен реттеу азаматтардың заңды мүдделеріне, қоғам игілігі, қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтау мақсатында мемлекет үшін тиімді болады.

3) Шетел конституцияларында зайырлы мемлекет қағидаты тікелей немесе жанама түрде көрініс табады. Зайырлы мемлекет ұғымының тікелей кең тараған үлгісі негізінен секуляризм мен лаицизм атауларымен тығыз байланыста. Жанама түрде зайырлы мемлекет ұғымы көбіне демократиялық, құқықтық қағидаларға сүйенеді.

Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар жүйелі, анық белгіленген. Зайырлы мемлекет ретінде қалыптасу үшін мемлекеттің зайырлылық қағидатын конституцияға формалды түрде бекіту жеткіліксіз. Ол үшін халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінде зайырлылық қағидаларына қатысты дұрыс пікірдің қалыптасуы мен мемлекеттегі тарихи қалыптасқан діни ахуал, халықтың дін ұстану ерекшеліктері өте маңызды.

Зайырлық қағидатының құқықтық құндылық ретінде биліктен-халыққа немесе халықтан-билікке деген екі формуламен, яғни жоғарыдан төменге немесе төменнен жоғарыға қарай жүзеге асатын ерекшелікке ие. Бұл мемлекет пен дін арақатынасының ерекшеліне байланысты әлем елдерінің әрқайсысында әртүрлі болып келеді.

Зайырлы мемлекет үлгілері мемлекеттің діни саласындағы ахуалы мен қоғамдық-саяси өміріндегі даму ерекшелігіне қарай өзгеріп тұрады. De jure және de facto зайырлы мемлекет үлгілері әртүрлі үлгіде бола береді.

4) Зайырлы мемлекет қағидатына негізделген конституциялық-құқықтық нормалар - негізгі және туынды болып бөлінеді. Мемлекеттің зайырлылығын айқындайтын негізгі конституциялық-құқықтық норма “зайырлы мемлекет” мемлекет ұғымының тікелей конституцияда көрініс табуы.

Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар мен шетел конституцияларына жүргізілген салыстырмалы талдау негізінде, мемлекет зайырлылығы: а) мемлекет пен діннің бөлінуі; ә) мемлекетің барлық діндерге бейтарап ұстанымы мен діни бірлестіктердің заң алдында теңдігі; б) азаматтардың діни сенімі мен ар-ождан бостандығы тәрізді негізгі үш топтастырылған жанама конституциялық-құқықтық нормалар жүйесін қамтиды-деген, тұжырым жасалады. Қазіргі заманғы мемлекеттер конституцияларына міндетті түрде осы үш топтастырылған құқықтық нормалар жүйесінің біріне басымдық беруі арқылы зайырлы мемлекет үлгісін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасы өзінің егемендік құқығын негізге ала отырып дін саласындағы құқықтық саясатын зайырлылық қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

5) Мемлекет пен діннің бөлінуі ұғымы мен зайырлы мемлекет қағидаларын талдау. Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидасына сәйкес құқықтық қатынастарға қатысушы тараптардың құқықтары мен міндеттерінің шегін белгілеу. Мемлекет өзінің дін саласындағы құқықтық саясатын анықтап алып, тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Бұлда зайырлылық үлгісін қалыптастырады. Бұл механизм құқықтық тетіктер арқылы жүзеге асырады.

6) Мемлекеттің зайырлы сипаты мемлекеттің діни бірлестіктермен ешқандай әрекет етпейді дегенді білдірмейді. Діни бірлестіктер азаматтық қоғамның бөлігі ретінде мемлекет тарапынан қабылданған нормативтік-құқықтық актілер арқылы реттеледі. Мемлекет азаматтардың дін ұстану және діни бірлестіктердің әрекет ету бостандығына құқықтарын жүзеге асыруды реттейді.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы бейбіт әрі берік ұстанымдары, басым бағыттары мен айқын мақсаттарына сай келетін діни бірлестіктердің қоғамдық бастамаларына мемлекет әрдайым қолдау көрсетеді.

Қазақстан Республикасында заңсыз әрекет ететін діни ағымдар мен олардың өкілдерінің конституциялық нормалар мен ұлттық заңнамаларды орындамауына, заң нормаларын орындамау әрекеттеріне жол бермеу керек, әрі заңмен жауапкершілік белгілеп, тыйым салу қажет.

Қазақстан Республикасы көпконфессиялы зайырлы мемлекет ретінде мемлекет пен дін арақатынасының өзіндік үлгісін қалыптастыруда.

7) Мемлекеттік органдар мен мемлекеттің құзіретіне жататын салаларда қызмет ететін азаматтар өздерінің күнделікті қызметінде діни ұстанымдарына қарамастан ең алдымен, ҚР Конституциясы мен заңнамалық актілердің нормаларын басшылыққа алып зайрлылық қағидаттарын ұстануы міндетті.

Мемлекеттік билік өкілдері мен мемлекеттің құзіретіне жататын салаларда қабылданған кез-келген шешім қандай да бір дін немесе оның өкілдерінің мүддесіне емес, тұтас қоғамның мүддесі үшін қабылдануы тиіс.

8) Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінінің зайырлы сипатын қалыптастыруы тиіс. Қазақстанстан Республикасының білім беру саласы қызметінде қандай да бір діни ұстанымдардан тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасында білім алушылар, тәрбиеленушілер, ата-аналар зайырлылық ұстанымдарға сай білім беру мекемелерінің ішкі тәртібін сақтауы, білім беру ұйымы жарғысы мен өзге де заңмен белгіленген талаптарды орындауы тиіс.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы. Диссертациялық жұмыс теориялық және тәжірибелік маңызға ие ғылыми еңбек.

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы ретінде Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде танылуы, қалыптасуы мен орныгуының құқықтық мәнін ашып, конституциялық-құқықтық қағида ретіндегі негіздерін теориялық тұрғыда тұжырымдауымен ерекшеленеді. Сонымен қатар алдағы уақытта зерттеу жұмысының нәтижелерін ғылыми-зерттеу жұмыстарына, білім беру жүйесі, ЖОО оқу бағдарламаларында пайдаланылуға болады. Халықаралық және отандық деңгейде зайырлы мемлекет тұжырымдамасын жасауға іргелі ғылыми негіз болады.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы ретінде тұжырымдалған ережелер мен қорытындыларды мемлекеттік органдар функционалды міндеттерін атқару барысында қолдана алады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын зайырлылық қағидаларына сай одан әрі жетілдіруге, зайырлылық мәселелеріне қатысты діни мәтіндер мен материалдарға сот сараптамасын жасауда қолдануға, мемлекеттің дін саласындағы құқықтық саясаты шеңберінде қоғамдық қатынастарда конституциялық-құқықтық реттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ зерттеу нәтижелері зайырлылық ұғымын дәлме-дәл әрі біркелкі түсінуге, діни экстремизмнің алдын-алу мен күрес саласында заң нормаларын құқық қорғау саласында қолдану барысында және сот тәжірибесінде шешім қабылдауға негіз болады.

Автордың мемлекеттің зайырлылық қағидасына қатысты зерттеу нәтижелері мен ұсыныстарын ҚР-ның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы мен өзіндік зайырлы мемлекет ретінде үлгісін жасауда қолдануға болады. Сонымен қатар мемлекеттің зайырлылығы және мемлекет пен дін арақатынасы мәселелерін зерттеп жүрген зерттеуші ғалымдар, ЖОО оқытушы-профессор құрамы, қызығушылық танытқан діни бірлестіктер мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері қызмет барысында қолдана алады.

Зерттеу жұмысының теориялық негізін зайырлы мемлекет тұжырымдамасына қатысты іргелі ғылыми еңбектер құрады.

Диссертация нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Экономика, басқару және құқық факультетінің Құқықтану кафедрасында орындалды.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері, тұжырымдары мен зерттеу қорытындылары автордың шетелдік ғылыми басылымдарында, ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми журналдарында жарияланып апробациядан өтті.

Диссертациялық зерттеу барысында жарияланған ғылыми мақалалар мен өзге де зерттеу нәтижелері – 9.

1) Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет. // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. Алматы -2016 жыл. №1(77). -36-41 бб.

2) Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының конституциялық-құқықтық мәртебесі.//Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Хабаршысы. Заң сериясы. – Алматы. -2016. -№4(80). 98-103 бб.

3)Францияның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы мен конституциялық-құқықтық тәжірибесі.// Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы.Заң сериясы. №4(80) . Алматы-2016 ж. 334-338 бб.

4) Religious and Secular education in Kazakhstan in the 19th century. //«Қазақстанның ғылымы мен өмірі». №5 (41) . Алматы-2016ж. 160-162 бб.

5) Өзбекстан Республикасы зайырлы мемлекет. //«Қазақстанның ғылымы мен өмірі». Заң ғылымы. №6 (50) . Алматы-2017ж. 226-228 бб.

6) Зайырлылық - мемлекеттің діни қызмет саласын реттеуші құқықтық ұстанымы ретінде.//«Қазақстанның ғылымы мен өмірі». Заң ғылымы. №6/3 (50). Алматы-2020ж. 84-86 бб.

7) Formation Of Kazakhstan As A Secular State: Legal Aspects. Opción, Año 35, No. 88 (2019): 154-176 ISSN 1012-1587 / ISSNe: 2477-9385. 154-176.

8) Main Principles And Features Of Consideration Legal Characteristics Of Secular State.//Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues, 2021,24(4), Research Article: 2021 Vol: 24 Issue: 4 стр. 1–8.

9) Үндістанның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы.//М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Ұлы даланың Рухани мұрасы: өткені мен бүгіні» аясында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары Қазақстандық бірегейліктің негізі»-атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның жинағы, Шымкент 2018ж. 24-25 сәуір 2018. – 49-52 бб.

Диссертация құрылымы және көлемі. Дисссертациялық жұмыс құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сай кіріспеден, тоғыз бөлімді қамтитын үш тараудан, қорытынды мен пайдалынылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі - 126 бет.

1 ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘНІ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1 Зайырлы мемлекет түсінігі, құқықтық белгілері мен қалыптасу ерекшеліктері

Қазіргі заманғы «зайырлы мемлекет» - ұғымы демократиялық, құқықтық мемлекеттерге тән конституциялық-құқықтық қағидалардың бірі. Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде 1995 жылы қабылдаған қолданыстағы конституцияда мемлекеттің зайырлы қағидатын бекітіп мемлекет тарапынан дін саласын реттеудің құқықтық саясатын айқындап алды. Мемлекеттің дін саласындағы саясаты үш құрамдас бөліктен тұратыны және олар: идеология, заңнама және арнайы әдіс-тәсілдердің көмегімен жүзеге асыру тәжірибесі бар екенін ескерсек, мемлекеттің зайырлы сипаты туралы конституциялық норма Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды реттеудің заңнамалық негізін қалыптастырушы болып табырады [73].

Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде “зайырлы мемлекет” ұғымының құқықтық мәнін, зайырлылық қағидатының конституциялық-құқықтық табиғатын, заңдылықтарын сипаттап, талдап, түсіндіре білуі тиіс. Зайырлы мемлекет түсінігін, қалыптасу ерекшеліктері мен құқықтық белгілерін ғылыми тұрғыда зерттеу мемлекет пен дін арақатынасы мәселелерін реттеуде аса маңызды. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың теориялық қырларын, зайырлылықтың тарихи танымы, құбылысы мен құндылығын аша түседі. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуының алғышарттары мен себеп-салдарын айқындауға, конституциялық-құқықтық тұрғыда зерттеуге негіз болады. Қазіргі кезде зайырлылық ұғымы әлеуметтік-қоғамдық ғылымдар саласының ғылыми зерттеу объектісі болғанымен, зайырлы мемлекет ұғымын заң ғылымының пәні ретінде қарастырып, зайырлылық ұғымының құқықтық тұжырымдамасын жасау, зайырлы мемлекет ұғымына құқықтық анықтама берудің теориялық әрі қолданбалы қажеттілі бар екені анық байқалады.

Зайырлы мемлекет туралы саяси-құқықтық ойлар, зайырлылық тұжырымдамалар, зайырлылық нышандары мен құқықтық белгілері ерте тарихи кезеңдерден көрініс тапқанымен XVI ғасырдың алғашқы ширегінен бастау алған Реформация дәуірінің мәдени бастаулары сан ғасырлар жалғасып келген мемлекет пен дін арақатынасына түбегейлі өзгеріс әкелді. Реформация – діни-идеологиялық, әрі әлеуметтік-саяси қозғалыс ретінде тек Еуропа елдеріне ғана емес, сонымен қатар әлемнің барлық мемлекеттерінің мемлекет пен дін арақатынасы мәселелеріне түбегейлі өзгерістер әкеліп, сүбелі әсерін тигізді. Ал XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында АҚШ пен Францияда заңнамалық тұрғыда бекітіліп, нақты кең қолданыс аясын тапты. Алайда зайырлылық қағидатына тек Батыс елдеріне тән құбылыс ретінде қарау біржақты тәрізді, себебі Түркия, Үндістан тәрізді мемлекеттердің өзіндік зайырлылық тұжырымдамаларыда қалыптасып үлгерді. Аталған

мемлекеттердің ғалымдары мемлекеттің зайырлылығына қатысты ғылыми еңбектерімен жиі бөліседі, әрі мемлекет пен дін арақатынасын конституциялық-құқықтық реттеуде мемлекеттердің өзіндік тарихи даму жолымен үйлесетін үлгілері бар.

Қазіргі заманда зайырлы мемлекет ұғымы конституциялық-құқықтық қағида ретінде кеңінен қолданысқа ие. Зайырлы мемлекет түсінігіне қатысты әртүрлі ғылым салалары көптеген анықтамалар бергенімен, саяси-құқықтық тұжырым, теория үлгісі ретінде толыққанды қалыптасу кезеңіне қадам басқан тәрізді. Ғалымдардың зайырлы мемлекет түсінігін әртүрлі талқылауы, түсіндіруі бір жағынан зайырлылық қағидатының шын мәнісінде күрделі ұғым екендігін көрсетсе, екінші жағынан конституциялық-құқықтық норманың қолданысына қатысты субъективті және объективті жағдайларға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуде мәселені күрделендіріп жібереді. Зайырлы, зайырлылық, зайырлы мемлекет - түсінігі туралы көзқарас адамдардың діни сенімі, діни санасы, діни танымы, діни тәжірибесімен қатар құқықтық сауаттылығына байланысты құбылмалы ұғым тәрізді. Субъективті діни таным, сенім объективті шындықты қалай ұғынады? Зайырлылыққа қатысты ортақ ұстаным, таным қаншалықты зайырлы мемлекеттің құқықтық табиғатын ашады?-деген орынды сұрақтар туындайды. Сол үшінде зайырлы мемлекет ұғымына ғылыми негізделген құқықтық анықтама беру ерекше маңызға ие. Мемлекеттің зайырлылыққа қатысты анық, нақты ұстанымы зайырлы мемлекеттегі мемлекет пен дін арақатынасын конституциялық-құқықтық реттеудегі қызметін жетілдіріп, жүйелендіріа, тиімділігін арттыра түсері айқын.

Жалпы заң ғылымы саласында зайырлы мемлекет түсінігінің ауқымы кең, әрі күрделі ұғым. Сол себептіде конституциямыздағы негізгі төрт қағиданың бірі *“зайырлы мемлекет”* ұғымының конституциялық-құқықтық түсінігі, құқықтық белгілері мен құқықтық табиғатын қарастыру ереше маңызға ие. Қазақстан Республикасында мемлекеттің зайырлылығына қатысты дінтану, әлеуметтану, саясаттану бағыттарында бірнеше ғылыми еңбектер жарық көргенімен заң ғылымы тұрғысынан зайырлы мемлекеттің құқықтық түсінігі мен белгілеріне, зайырлылық қағидатының конституциялық-құқықтық қырларына қатысты толыққанды зерттеулер жүргізу қазіргі заманда мемлекеттің өміршеңдігі үшін маңызды шарт болып табылады.

Зайырлылық дегеніміз - мемлекет пен діннің бөлінуі деген, біржақты тұжырым жөнінде түрлі пікірлер қалыптасқан. Дегенмен, зайырлылық - мемлекет пен дін арақатынасы мәселелерін реттеу, мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты күрделі құбылыс ретінде азаматтардың діни-сенімі және ар-ождан бостандығы, діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі, мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы тәрізді конситуциялық қағидаларды қамтиды.

Дегенмен қазіргі замандае “зайырлы мемлекет” - ұғымын заң ғылымы тұрғысынан зерттеудің өзіндік субъективті және объективті ерекшеліктері бар

екені байқалады. Бұл әсіресе зайырлылық қағидатының мақсат, міндеті және атқаратын қызметіне жіті тоқталғанда көрініс табады.

Сол себептіде зайырлы мемлекет ұғымын зерттеу барысында зайырлылықтың мемлекет пен дін арақатынасын реттеуші конституциялық-құқықтық қағида екендігін мұхият қарастырып, мемлекеттің алдына қойған мақсаты, міндеті мен атқаратын қызметімен үйлесімді болуы маңызды. Автор зайырлылықтың негізгі мақсаты мемлекет пен дін арасындағы үйлесімділікті сақтай отырып жеке тұлға, қоғам мен мемлекеттің дін саласындағы заңды мүдделерін қорғау-деп, санайды.

Осы ретте диссертация авторы алдымен "зайырлы мемлекет" ұғымының мемлекеттегі дін саласымен тығыз байланысты конституциялық қағида екенін негізге алып, зайырлы мемлекеттің құқықтық мән-мағынасын жан-жақты зерттей келе зайырлы, зайырлылық, зайырлы мемлекет ұғымдарының сөздік және мағыналық қырларын, құқықтық ерекшеліктері мен тарихи қалыптасу алғышарттарын қарастырады.

Зайырлылық, зайырлы мемлекет мәселелері туралы зерттеу жүргізуде алдымен ғылыми таным, діни таным және философиялық таным тұрғысынан жан-жақты зерттеу қажет. Ең алдымен "*зайырлы*" сөзінің этимологиясы мен мағынасына тоқталып, содан кейін қалыптасу кезеңдеріне қарастыратын болсақ, алдымен зайырлы - термині бізге араб тілінен енген кірме сөз екенін көреміз. Отандық ғалым, профессор Л.З. Рүстемовтің Араб-Иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігінде "зайыр" сөзі арабтың zahир (ظاهر - zahир) - 1) анық, айқын 2) сырты, сыртқы-деген мағына, екі түрлі сипат береді [74, 26 б.]. Бұл зайырлы сөзінің екі ұғымыда XX ғасырдың қазақ әдебиетінде жиі кездеседі. Ал Б.Қ. Қалиевтің жетекшілігімен жарық көрген Қазақ сөзінің түсіндірме сөздігінде *«зайыр»* сөзі анық, айқын, ашық-деген, мағыналарды береді [75, 347 б.]. Сонымен қатар Б.Қ. Қалиевтің түсіндірме сөздігінде зайырлы сөзінің мағыналық аясы нақтылана түскенімен, ұғымның "сырты", "сыртқы" - деген, араб тілінен енген кірме терминнің сөздік сипатын ашып көрсете алмаған тәрізді. Сонымен қатар М. Бұралқыұлының Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде "зайыр" сөзі анық, нақ, дәл-деп, түпкі мағынасы сәйкес келгенімен өзіндік өзгеріс келтіріледі [76, 224 б.]. Осы жоғарыда келтірілген сөздерге ұқсас түсіндірмелер тағы көптеген еңбектерде қазақ тілінің сөздік қорына енген сын есім түрінде кездеседі. Екінші бір көзқарас бойынша Нұргелді Уәлидің қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігінде балама нұсқа келтіреді. Бұл түсіндірме сөздікте «зайыр»-сөзінің мағынасын «адамшылық», «адамгершілік»-деп, түсіндіреді [77, 60 б.]. Бұл зайыр сөзінің мағынасына діни рең беруден бас тартуға ұмтылы, теологиялық детерминизмнен алшақтауға ұмтылып, тек гуманистік көзқараспен бағалау, антропоцентризмнің анық көрінісі тәрізді. Үшінші бір көзқарас бойынша "зайыр" сөзін зиялы сөзімен байланыстырады. Бұл жөнінде С. Өзбекұлы: Байқап қарасақ, Барлыбек Сыртановтың - «Ынтымақ ережесінде» зиялылық мүлдем байқалмайды, ол діннің талаптарын бәріне міндетті деп санайды, яғни ол құрған қоғамда дін мемлекеттен, мешіт мектептен бөлінбеген-деп, қәзіргі

кезде біз қолданып жүрген зайырлылық сөзі орнына зиялылық сөзін қолданған [78, 63 б.]. Дегенмен, зайырлы термині мен зиялы терминдерінің ұқсастығы мен айырмашылығы бар екенін мойындау керек. С. Өзбекұлының пікірімен келіспеуге болар еді, бірақ 1993 жылы 28 қаңтарда қабылдаған Қазақстан Республикасының конституциясының ресми тіліндегі *«светское государство»* термині мемлекеттік тілде *«зиялы мемлекет»*-деп, көрсетілген [79]. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының конституциясында зиялы терминінің орнына зайырлы терминін енгізу "Зиялы" терминіне қатысты келіспеушіліктердің басым болуы, әрі көрінісі-деп, есептейміз. Дегенмен "Зайырлы" терминінің бастауы араб тілінен енген кірме сөз екені анық және бастапқы діни сипатынан ажырап діни категория емес, құқықтық сипатқа еніп құқықтық категорияға айналғанын көреміз.

Жалпы "зайырлы" - термині діни детерминизм тұрғысынан діни ұғымдармен тығыз байланысты, араб тілінен енген кірме сөз екеніне қатысты пікірлер басым. Осы ретте зайырлылық мәселелеріне қатысты зерттеу жүргізіп жүрген отандық ғалым Досай Кенжетайдың пікіріде осыған саяды, ол "зайырлылық" - негізінен араб тілінің «захири» (зайырлы) «ашық», «сыртқы»-деген, мағыналарда қолданылады. Діннің «сыртқы мәні», «сыртқы сипаты» яғни, шариғи ұстанымдарын қамтитын мағынаны білдіретін ұғым ретінде қолданылады. Ал ол сөзге қарама-қарсы мағынада «бәтини» сөзі араб тілінен енген «ішкі мән», «сыр»-деген, ұстанымын білдіреді-деп, келтіреді [80, 12 б.]. Діни нормалар мен құқықтық нормалардың атқаратын қызметтерінің ортақ белгілері мен ұқсастығына қарап, "зайырлы" сөзінің қолданыс аясы мен бастауы араб тілінің захири сөзімен байланысты болғандықтан ислам дінімен қатар қазақ тілінің сөздік қорына енген-деп, айтуға болады.

Жалпы діни мәселелерге қатысты қазақ тіліндегі сөздік қордың басым бөлігі араб тілімен байланысты болғандықтанда зайырлы сөзініңде бастауы араб тілінен енгені, араб тілінен алынғаны заңдылық тәрізді. Бұл әуел баста араб тілімен келген діннің зайырлы сипаты болғанын көрсетуі бек мүмкін. Яғни діни нормалардың табиғи бастауыда уақыт өте құқықтық сипатқа ие болуы әбден мүмкін-деген, болжам жасауғада болады.

Алайда, қазіргі заманғы қолданыстағы араб тіліндеге "zahир" сөзінің "зайырлы" ұғымына сәйкес келмейтінін, екеуі екі бөлек мағына беретін көреміз. Ал араб тілінде зайырлы ұғымын علماني - [альманииун] - деп, тәржімалау жиі кездескенімен [81, 10 б.]. Джон Кеан араб тілінде зайырлы терминінің баламасы нақты белгісіз-деген еді [82, 35 б], ал Азам Тамими бұл мәселе жөнінде: «Араб тілінде зайырлылық **'ilmānīyah** (арабша ***'ilm*** - ғылым) немесе ***'almānīyah*** (арабша ***'alam*** - әлем), мүмкін ***dunyāwīyah*** –деген, термин зайырлылық ұғымына жақын келетін тәрізді»-деп, зайырлы сөзінің араб тіліндегі балама нұсқасын ұсынады [83, 136 б.]. Азам Тамимидің альмания терминіне қатысты пікірі араб тілді мемлекеттерде кең тарағаны әрі араб тілінде сөздік және мағыналық жағынан көпшілік қолдауына ие. Дегенмен мұндағы "дүниеуи" терминіне қатысты орынды сұрақ туындайды. Бұл жерде араб тілді мемлекеттер мен түркі тілді мемлекеттерде ортақ ұқсастық

байқалады. Ол “дүниеуи” терминінің көнерген сөз ретінде қолданыс аясын тарылтуы. Яғни араб тілі мен түркі тілді халықтар қазіргі заманғы “зайырлы” ұғымы орнына “дүниеуи” сөзін қолданған. Араб тілімен қатар түбі бір туысқан түркі тілдес халықтарда зайырлы сөзінің нұсқасы әр түрлі болып келеді. Бірақ кең тараған, әрі ортақ нұсқасы ретінде ескі әдеби жазбаларда кездесетін, қазіргі кезде өте сирек қолданылатын “дүниеуи» немесе “дүниәуи” сөзі бар екенін көреміз. Қазіргі заманда Қазақстан Республикасында “дүниәуи” термині заң ғылымы мен нормативтік актілер базасында қолданылмайды. Бірақ 1992 жылы қабылданған Түркменстан Республикасының конституциясының 1-бабында ғана зайырлы мемлекет ұғымына “дүниеуи” (Türkmenistan demokratik, hukuk we **dünýewi döwlet** bolup, onda döwlet dolandyryşy prezident respublikasy görnüşinde amala aşyrylýar) – деп, келтірген еді [84]. Ал Өзбекістан Республикасының 1992 жылы 8 желтоқсанда қабылданған Конституциясының алғашқы нұсқасында зайырлы мемлекет қағидаты болмағанымен 2023 жылы 30-шы сәуірдегі референдумнан кейінгі жаңа редакциясында зайырлы мемлекет ұғымына “дүниеуи” (Ўзбекистон — бошқарувнинг республика шаклига эга бўлган суверен, демократик, ҳуқуқий, ижтимоий ва *дунёвий давлат*.)-деп, көрсетілген [85]. Яғни “дүниәуи”термині түркі тілдес мемлекеттерде әліде болса қолданылады.

“Дүниәуи” сөзі қазақ тілінің сөздік қорында көнерген сөз ретінде белсенді қолданыстан шығып қалғаны мәлім. Дегенмен “дүниәуи” сөзінің зайырлы сөзімен ортақ белгілері мен мағынасы барын көреміз.

Мемлекеттердің конституцияларында жариялаған зайырлылық қағидаттары әр мемлекетте әр түрлі терминдермен көрініс табуы мүмкін. Бірақ Қырғыз Республикасының Конституциясында қырғыз тілінде баламасы болмаған соң зайырлы термині орнына “светтик”-деп, көрсеткен [86]. Светтик термині орыс тіліндегі “светское” сөзінен аудармасыз тіке алынғаны екені анық. Конституцияларында әртүрлі атауы болғанымен зайырлы ұғымы, зайырлы мемлекет түсінігі, құқықтық белгілері мен қалыптасу ерекшеліктері қалай жүзеге асты? - деген, сұрақ туындайды. Сол себепті, зайырлылық тұжырымдарының қалыптасуындағы ерекшеліктерді қарастырып, құқықтық тұрғыдан талдап, зерттеу маңызды.

Қазақстан Республикасында “зайырлы” терминін ислам дінімен байланыстырғанымызбен, қазіргі заманда христиан діні құндылықтарынан бастау алатын батыс өркениетінің көшбасшылары АҚШ пен Франциядадан зайырлылық ұғымының екі ірі бағыты бастау алады. Бұл біздің түсінігіміздегі зайырлылықтың “секуляризм” мен “лаицизм” үлгілері. Осы секуляризм мен лаицизм тұжырымдарын талдап “зайырлы мемлекет” ұғымының құқықтық түсінігі, қалыптасу ерекшеліктері мен құқықтық белгілерін анықтауға болады.

Зайырлылық термині мағыналық жағынан ағылшын тілінен аударғанда secularism - «секуляризм» және француз тіліндегі laïcisme - «лаицизм» сөздерінің баламасы, әрі тікелей аудармасы ретінде қабылданады. Әрине, секуляризм сөзі англосаксондық жүйе кең тараған елдерде, ал лаицизм құрлықтық құқықтық жүйедегі елдерде кең тараған құқықтық ұғым-деген, ой

туындауы мүмкін. Алайда, бұл лингвистикалық, сөздік қордың тарауы мен қолданылуына байланысты кең тараған сәйкестік тәрізді. Бір қарағанда құқықтық жүйемен байланыстырар болсақ “секуляризм” термині англо-саксондық құқықтық жүйедегі елдерде, лаицизм романо-германдық құқықтық жүйедегі елдерге тән болып көрінеді. Шын мәнінде бұлай пайымдау дұрыс емес. Ең бастысы мемлекеттер “секуляризм” не “лаицизм” үлгісін қабылдар кезде өз мемлекетіндегі дін саласына қатысты саяси-құқықтық ұстанымымен басшылыққа алады.

«Зайырлы» - secular, «зайырлылық» - secularism, «секуляризм» терминіне қатысты әр түрлі ғылым саласының, бірінші кезекте әлеуметтанушы, мәдениеттанушы, дінтанушылар мен философтар тарапынан жасалған өзіндік ғылыми негізделген пайымдары, болжамдары, анықтамалары мен жеке түсініктемелері өте көп. Дегенмен, “секуляризм” - терминнің ғылыми ортада кең танылған ортақ келісілген, жүйеленген анықтамасы мен түсінігі жоқ деуге саяды. Ал шетелдік және отандық заң ғылымы саласындағы зерттеушілер тарапынан жасалған ғылыми еңбектерде «зайырлы» (secular), «зайырлылық» (secularism), «зайырлы мемлекет» (secular state) ұғымдарының құқықтық мәні мен белгілеріне қатысты әр түрлі пікірлер, ұстанымдар мен көзқарастар кездеседі. Бұған дәлел зайырлылық мәселесімен ең алдымен елімізде теолог мамандар айналысқан болса, ресейде зайырлылық мәселесімен әлеуметтанушылар мен философ ғалымдар кеңінен айналысады. Мысалы, «State, Religion and Church» ғылыми журналының бас редакторы Ресейлік философия ғылымдарының кандидаты Д.А. Узланер [87].

Секуляризм термині - «saeculum», латын тілінен аударғанда «дәуір», «кезең», «кезең»-деген, сөздің мағынасын білдіреді. Уақыт өте келе римдіктер адамның «өмір сүру кезеңіне қатысты уақыт» - ретінде қабылдайды [88, 37 б.]. Латынның «saeculum» сөзінен шыққан «секуляризм» ұғымы кем дегенде 1648 жылы Вестфалия бейбіт келісімі кезінен белгілі болды. Вестфалияда француз өкілі секуляризм терминімен дипломатиялық түрде шіркеудің бірқатар жерлерін мемлекетке қайтаруды меңзеген болатын. Бірақ XIX ғасырда ғана «секуляризация» саяси-құқықтық тұжырым шеңберінен шығып, ең алдымен мәдениетті христиан діні ықпалынан бөлуді, христиан дінінің қоғамдағы ықпалын әлсіретуді көздеді [89, 646 б.].

Лаицизм термині француз тілінен енген сөз ретінде танымал. Француз тілінде «лаицизм» сөзі «діндар емес»-деген, мағынаға келетін латынның laicus – λᾱϊκός - сөзінен шыққан. Бұл термин Рим империясы дәуірінен қолданыла бастаған еді. Алғашында діни қызметкер, діни адамды клерик «***clerici***»-деп атаса, дін қызметкері және діндар емес адамды «***laici***»-деп, атаған [90, 180 б.]. Дегенмен, лаицизмде секуляризмде мемлекет пен діннің бөлінуі-деген, тұжырымды ұстанады. Тек мемлекет пен діннің бөлінуіне қатысты түрлі әдіс-тәсілдерді ұсынады. Егер секуляризмде діни еркіндікке мән беру басымдыққа ие болса, лаицизмде мемлекет пен діннің бөлінуі қағидасына жақын болып келеді. Лаицизмде мемлекет пен діннің бір-бірінің ішкі істеріне араласпауына басымдық береді.

Француз философы әрі зайырлылық мәселелерін зерттеуші, «зайырлылықтың француздық үлгісінің» басты теоретик маманы Хенри Пена-Руиздің пікірінше, француздың «лаицизм» (la laïcité) сөзінің этимологиялық шығу тегі гректің «laos» терминінен бастау алады. «Laos» ұғымы халықтың бірлігін білдіреді, басқалардан рухани, діни не басқадай артықшылықтарға шын мәнісінде ие болмай адамдардың бөлінбейтіндігін меңзейді [91, 73 б.].

Жалпы зайырлылықтың Француздық үлгісі лаицизмді түсіну үшін Ұлы Француз төңкерісі кезеңіне тоқталған жөн. Төңкеріс тұсында католицизм мемлекеттің дін деңгейінде мемлекеттік қолдауға барынша ие болды. Алайда европа құрлығындағы ағартушылық қозғалыстардың кең қанат жаю барынысында халықтың діни және құқықтық сауатының артып, халық биліктен адам құқықтарының орындалуын талап ете бастайды. Екінші тараптан протестанттардың саны артып, билікке сын айтатын масса саны түбегейлі артады. Осы тұста Людовик XVI саяси дағдарыстан шешімі ретінде протесттанттардың талабын орындай бастайды. Бұл католиктердің қарсылығын тудырады. 1789 жылы тарихта “Француз төңкерісі”-деген, атпен қалған тарихи оқиға нәтижесінде “Адам және азамат құқықтарының Декларациясы” қабылданады. Декларацияның 10-шы бабында “ешкімді оның нанымы, діни-сенімі үшін қудалауға жол берілмейді”-деп, көрсетілген [92,65 б.].

Содан кейін Францияда 1905 жылы шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі туралы заңның қабылданады. Бұл заң бойынша шіркеу меншігі ұжымдық иелікке беріліп, католиктік бірлестіктер шіркеу меншігінің иесі болуға тиіс еді. Ал діни қызметкерлер болса өздері шіркеу мүлігіне билік ету құқығынан айырылды.

Францияда 1905 жылы мұсылмандар саны тым аз, жоқ-деуге болатын еді, ал қазіргі заманда ислам католицизмнен кейін екінші орында тұр. Бұл 1905 жылғы заңды қайта қараудың қажет екендігін көрсетеді. Франция 1946 жылы және 1958 жылдары қабылдаған конституциясының 1-ші бабында: «Франция - біртұтас, зайырлы, демократиялық, әлеуметтік Республика»-деп, бекітілген [93]. 2004 жылдың наурызында Франция парламенті “Мемлекеттік мектептерде діни рәміздер мен киімдерге тыйым салу туралы” 4-баптан ғана тұратын қоғамда көп талқыланған және даулы заңдардың бірін қабылдады [94, 4б.]. Бұл заңның қабылдануы қоғам тарапынан сынға ұшырағанына қарамастан 2010 жылы тағы бір «Бетті жасыруға тыйым салатын заң» қабылданады. Бұл заңдардың қабылдануы Француздық лаицизм үлгісіне қатысты сыни пікірлердің жиілеуіне себеп болды. Дегенмен, Францияның зайырлы мемлекет қалыптастыруда өзіндік жүріп өткен тарихы мен қолтаңбасы бар. Франция дін мен мемлекет арасындағы қатынастарды құқықтық реттеу механизмін демократиялық, құқықтық қағидаларға сай жүйелі жолға қоя білген өркениетті мемлекет [95, 334 б.] .

Жалпы зайырлылық - термині қашан алғаш қолданысқа енді? - деген сұраққа ғалымдар арасында нақты бір тоқтам жоқ. Л.Ю. Грудцинаның пікірі бойынша 1523 жылы Мартин Лютер «зайырлы» терминін діни емес деген

мағынада қолданды-деп, есептейді [96, 81 б.]. Ал, зайырлылық мәселелерін зерттеуші танымал Француз ғалымы Жан Боберо пікірі бойынша «зайырлы» термині 1887 жылы Фернан Бюиссонның «Педагогикалық сөздігінде» алғаш кездесті-деген, пікір келтіреді [97]. Зайырлылық мәселелерін зерттеуші ғалымдарда Жан Бобероның мемлекеттің зайырлылығына қатысты ғылыми ізденістері мен дәйекті ғылыми еңбектеріне жоғары баға беретінін ескерсек Жан Бобероның пікірі орынды тәрізді.

Профессор Елизавет Шахман Хурд зайырлылықтың екі бағытын лаицизм және секуляризм-деп, атайды. Елизаветтің ойы бойынша, осы екі бағытта дін мен мемлекет арақатынасын құқықтық реттеудің теориялық негізі болып табылады. Бірінші бағыты - лаицизм, мемлекет пен дінді бөліп қарастыру қажетті-деген, ұстаным негізінде қалыптасқан болса, екінші бағыты секуляристік, монотеистік діндер иудаизм мен христиан діні құндылықтарына сай зайырлылық үлгісі ретінде басқа діндерге төзімділікпен қарап, өзара үйлесімді өмір сүруі арқылы қалыптасты [98, 5 б.]. Зайырлылықтың осы екі бағыты тұрақты, біркелкі болған емес, олардың таралу аймақтарына қарай өзіндік ерекшеліктері де қалыптасып тұрды. Дегенмен, екеуі де мемлекет пен дінді бөлу қағидатын мойындап, мемлекет пен дінді бөліп қарастырудың түрлі жолдарын ұсынады.

Жалпы, мемлекет пен дін қарым-қатынасы дамуының белгілі бір кезеңінде зайырлылық туралы саяси-құқықтық ой пайда болғаны анық. Нәтижесінде зайырлы мемлекет ұғымы пайда болды. Зайырлы мемлекет қағидатының құқықтық табиғаты мен құқықтық мәселелері, мемлекет пен дін арақатынасының пайда болуы, қалыптасуы мен даму кезеңдерімен етене байланысты.

Зайырлылық ұғымының құқықтық түсінігі мен белгілерінің пайда болуы мен қазіргі заманғы мемлекеттердің зайырлылық қағидатын берік ұстануына дейін бірнеше кезеңдерден өтті-деп, қарастыруға болады. Бұл кезеңдерді құқықтық белгілері бойынша **бес** кезеңге бөліп қарастыріға болады.

Ежелгі замандарда зайырлы ұғымы орнықпаған, діни сенім бостандығы қорғалмаға кезең, *алғашқы* кезең еді. Ежелгі замандарда мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеу болмады. Тек алғышарттары көрініс тауып дәстүрлі және діни нормалар ғана қоғамдық қатынастарды реттеді.

Екінші кезең орта ғасырларларда зайырлы яғни “секулярлы” сөзі “дүниәуи”-дегенде мағына білдірді. Бұл қазақ тілі қолданысында көнерген сөзге айналған “дүниәуи” сөзінің баламасы деуге болады. Еуропада секулярлы сөзі мемлекет ісінен шіркеу мен діни қызметкерлердің ісін бөле қарастыру мақсатында қолданылды. Кейін бұл түсінік кең тарай бастайды. Жалпы осы кезеңде зайырлы ұғымының жағымды және жағымсыз мағыналары Реформация тұсында қалыптаса бастады-деуге негіз бар. Реформация кезеңінде рим католик шіркеуінің монополист ретіндегі өктемдігіне дін-қоғамдық қарсы күштер Рим Папасы билігіне ашық қарсы тұрып XVI ғасырда кең тарады. Біріншіден мемлекет пен шіркеудің екеуара жер мен мүлікке тартысы басталған кезі еді, екіншіден христиан діні екіге бөлініп католик

шіркеуі мен протестанттық шіркеу болып араларында діни араздық тым күшейіп кетті. Нәтижесінде реформация мемлекет пен дін арақатынасын реттеуге қатысты саяси-құқықтық ойларды дамытты. Діни мәселерде еркін пікір білдіру белең алды. Бұл бір жағынан діни сенімге күмән ұялатып, діни негізсіз қате пікірлердің тарауына жол ашса, екінші жағынан діни мәселелерде сыни ойлауға кеңінен мүмкіндік туды. Реформация нәтижесінде Рим католик шіркеуінен христиандықтың жаңа тармағы ретінде протестандық ағым пайда болып, католиктер мен протестандықтар бір-бірінің ісіне араласпауды жөн санады. Бұл жағдайда ұзақ жылдар мемлекет атынан билік жүргізуде әріптестік танытқан Рим шіркеуінен протестандықтардың бөлінуі мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатының жандандыра түскендей болды. Дәйек ретінде Рим католик шіркеуінің саяси билікте ұзақ жылдар белсенді араласуы еді.

Үшінші кезеңі АҚШ конституциясына жасалған алғашқы толықтыру енгізілген 1789 жылдың 25 қыркүйек пен мен Францияда 1905 жылы қабылдаған заңға дейінгі уақыт аралығы. Еуропада бұл тарихи кезеңде зайырлылық, зайырлылық қағидаты, зайырлы мемлекет туралы ұлы ойшылдардың саяси-құқықтық көзқарастары кең тарала бастайды. Зайырлы мемлекет туралы ой білдірген ойшылдардың басты мақсаттары мемлекетті діннен бөліп қарастыру еместін. Бұл кезеңде зайырлылық мемлекет ісіне діннің және дін ісіне мемлекеттің араласуын болдырмау еді. АҚШ конституциясына енгізген алғашқы толықтыруында дін мәселесіне қатысты былай айтылады: Конгресс қандайда бір дінге қолдау білдіретін немесе бір дінді мемлекеттік дін-деп, бекітетін және діни-сенім бостандығын шектейтін, діді еркін ұстауға кедергі келтіретін заң қабылдамауы тиіс-деп көрсеткен [99]. Бұл конституциялық деңгейде қабылданған тұңғыш құқықтық норма. Қазіргі заманғы көптеген мемлекеттер өздерін зайырлы мемлекет ретінде осы конституциялық-құқықтық нормаларға жүгінеді.

Бұл тарихи кезеңде Рим католик шіркеуі мемлекет өмірінің барлық саласына белсенді араласатын еді. Мемлекеттік билікпен қатар ғылым, білім, мәдениет, өнер саласында ықпалы зор еді. Бұл жағдайда Рим католик шіркеуі билігіне қарсы реформациялық саяси күштер табанды қарсылық танытып мемлекет пен шіркеудің бөлінуі туралы саяси-құқықтық ойлардың пайда болуына ықпал етеді. Бұл зайырлылық қағидаты мемлекет пен дін арақатынасын реттеудің оңтайлы жолы ретінде қарастырылады.

Төртінші кезеңінде еуропада зайырлылықтың секуляризм және лайцизм деген екі бағыты қалыптасады. Лайцизм зайырлылықтың француздық үлгі танылады. Француздық үлгіде мемлекет пен шіркеуді бөліну қағидасына басымдық береді және бұл зайырлылық тұжырымдамасы негізінде 1905 жылғы «Мемлекет пен шіркеудің бөліну туралы» Заң қабылданады. Бұл заңға сәйкес, мемлекет азаматтардың діни-сенімі мен ар-ождан бостандығын қамтамасыз етіп, олардың діни мәселелеріне араласпайды. Ал секуляризм көбіне англо-саксондық құқықтық жүйелі мемлекеттерде тараған зайырлылық үлгісі ретінде өзге дін өкілдеріне төзімділікпен қарап, заң алдында тең қарым-қатынас орнатуына басымдық береді.

Бесінші кезең 1945 жылдан бастап БҰҰ құрылған сәтінен бастап, адамдардың діни-сенімі, ар-ождан бостандығын қорғауға бағытталған халықаралық келісімдермен халықаралық ұйымдардың белсенді қызмет етуімен байланыстыруға болады. Бұл кезеңде әлемдік қауымдастық өз конституцияларын халықаралық заңнамаға сәйкестендіруге ұмтылды. Бұл бағытта төмендегідей халықаралық келісімдер жасалды:

- БҰҰ Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы, 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған;

-Дін немесе наным-сенім негізіндегі шыдамсыздықтар мен кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы БҰҰ-ның 1981 жылғы 25 қарашада қабылданған декларациясы;

-Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (АСҚХП) 1966 жылы 16 желтоқсанда қабылданады [100, 3б.].

Қазақстан Республикасы көпконфессиялы мемлекет ретінде БҰҰ, ЕҚЫҰ, ИЫҰ, ЮНЕСКО тәрізді жетекші халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл шараларын жүзеге асыруда.

Ал діни тұрғыды зайырлылық ұғымының қалыптасуына үш кезеңге бөліп қарастырамыз. *Бірінші кезеңі* - адамзат өркениетінің дамуына зор ықпал еткен христиан және ислам діндерінің кең тарауымен тікелей байланысты тарихи кезең. Оның алғашқы кезеңі ежелгі дәуірден христиан діні пайда болғанға дейінгі аралық-деп, шартты түрде аламыз. Ежелгі заманда мемлекет пен дін арақатынасы белгілері мифологиялық дүниетанымға негізделіп Мысыр, Грекия, Үндістан, Қытай, Таяу Шығыс елдерінде көрініс тапқаны анық. Мысалы: Хамурапи және Ману заңдарындағы құдай атынан билік жүргізу турасында айтылғанды. Патшаның құдайдың жердегі өкілі ретінде насихатталғанымен діннің атынан арнайы діни қызметкерлер қызмет етті. Мемлекет билігі туралы түсінік ежелгі замандағы діни идеологияның ықпалында болды. *Екінші кезең* - христиан діні пайда болған тарихи кезең. Христиан дінінің алғашқы даму кезеңінде рим құқығы қоғам өмірін христиан діні өсиеттерімен қатар қоғамдық қатырастарды реттеп отырды. Сондай-ақ христиандық ілім мен Рим құқығының қағидаттары арасындағы нормалар қайшылығы Рим, Византия дәуіріндеде өмір сүрді.

Христиан дінінің алғашқы кезеңдерінде католикиік және православия бағыттарына тән Цезаропапизм және Симфония теориялары болды. Кейін протестанттық бағытта мемлекет пен шіркеу арақатынсы мәселелеріне өзіндік із қалдырды. Сонымен қатар Цезаропапизм сөзі латын тілінен “Caesar” және “Papa” сөздерінен біріккен сөз - императорлық билік пен шіркеу арасындағы қатынастарды сипаттау үшін енгізген термин. Мемлекет басшысы шіркеу басшысы ретінде танылған саяси жүйе [101, 332 б].

Симфония сөзі грек тілінен енген - «үндестік», «келісім» деген мағына береді. Симфония теориясы - шіркеу мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың византиялық, православиелік үлгісін білдіреді.

Византиялық зайырлылықта: 1) шіркеу мен билік бір-бірімен қосылмай, автономды өмір сүреді (Шіркеу құдайға. Ал мемлекет - адамзатқа қызмет етуі

тиіс; Шіркеудің мақсаты - О, дүниелік мәңгілік өмір жолында адамдарды құтқару, ал мемлекет мақсаты - осы дүниеде адамдардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау);
2) шіркеу мен билік өзара әрекеттеседі, бір-біріне қолдау жасайды (Шіркеу мемлекеттің идеологиялық негізін қамтамасыз етеді, халықтың рухани өмірін байытады, халықты билікке бағыну рухында тәрбиелейді. Ал мемлекет шіркеуге заңнамалық қолдау көрсетеді, шіркеудің қоғам өміріндегі үстемдігін қамтамасыз етіп идеологиялық сүйемелдейді, дін тарату ісінде қолдау көрсетеді, қаржылай-материалдық көмек көрсетеді); 3) Шіркеу мен билік бір-біріне үстемдік жасауға ұмтылмайды, бір-бірінің ісіне араласпайды.

«Билік симфониясында» - мемлекет пен дін арақатынасының тамаша үлгісі болу мүмкіндігі болғанымен Императорлар өздерінің саяси билігін пайдалана отырып, шіркеуді өзіне бағындыруға тырысты [102, 148 б].

Ал ***«Quae sunt Caesaris Caesari etquae sunt Dei Deo»*** - «Патшаға тиесіліні патшаға, құдайға тиесіліні құдайға беріңдер» - ережесі [103, 267 б.]. Бұл ереже христиан дінінде мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатын бар екендігін көрсетеді. Христиан діні өкілдері осы өсиетке сәйкес мемлекеттік билікке мойынсынуы тәрізді болып көрінеді.

Византия Императоры Иоанн I Цимисхий (925-976 жж.) тарихта зайырлы ұстанымда болған мемлекет басшысы ретінде танымал, ол: «Мен бұл өмірде екі билікті мойындаймын: бірі діни билік, ал екіншісі патшалық мемлекеттік билік-деген. Егер адам баласын Жаратушы Құдайы Тағала адамның діни-рухани әлемінің жағдайын жасаса, патшалық мемлекеттік билік ретінде адам баласының осы дүниедегі жағдайын жасайды. Егерде осы екі билік өзара үйлесімде болса, дүние қауіпсіз болады»-дейді [104, 391 б.].

IX - X ғасырларда Христиан діні өкілдері арасында қос қылыш теориясы кеңінен тарайды. Қос қылыш теориясына сәйкес Жаратушы Құдай Тағала христиан дінін қорғау үшін – діни және зайырлы билікті қос қылыш түрінде шіркеуге береді. Шіркеу бір қылышты өзіне, ал екінші қылышты мемлекеттік билік өкіліне береді. Сондықтан мемлекеттік билік шіркеуге бағынуы тиіс-деген, ұстанымда болды. Алайда мемлекеттік билік өкілі патша қылышты Жаратушыдан тікелей алды. Сол себепті мемлекеттік билік өкілі Патша шіркеуге бағынуы тиіс-деген, ұстаныммен келіспейді.

Осы іспеттес «Патша жаратушының жердегі көлеңкесі»-деген, қағида Ислам дінін ұстанатын мемлекеттерде кең тараған.

Теолог, христиан дінінің ұлы ойшылы, әрі атақты философ Фома Аквинский (1225-1274жж.) Қос қылыш теориясын діни-философиялық тұрғыда зерттеуді жалғастырды. Аквинскийдің пікірі бойынша: Құдайдың құдіретімен екі қылыш жаратылды. Бірі діни билік ал екіншісі зайырлы билік. Шіркеуге рухани билік тиесілі болса, патшаға зайырлы билік тиесілі. Бұл бір жағынан қанды қылышты діни-рухани билікке беруді ыңғайсыз екендігімен түсіндіріледі. Осылайша зайырлы билік діни-рухани билікке қызмет етіп, халықты билікке бағындырып, қажет болса жазалауға құқылы болды-деп, айтады [105, 770 б].

Рим империясы тұсында кең тарған Рим католик шіркеуіне қарсы реформациялық қозғалыс орта ғасырларда жанданып, грек философия мектептеріниңізіп жалғастырып философялық мектеп өкілдері, рационалды ойлау арқылы діни сенімге қарағанда ақылға басымдық беріп ағартушылық кезеңніңойшылдары зайырлы оқу орындарын ашып адам құқықтары мен бостандықтарын кеңінен насихаттады. Олар халықтың тығырыққа тірелген діни санасын селт еткізіп, адамдардың діни-сенімі және ар-ождан бостандығы құқығын туралы саяси-құқықтықтық ойларды жаңа қырынан өмірге әкелді.

Мемлекет пен шіркеу арасындағы қарым-қатынас діни және зайырлы биліктің ерекшелігін, зайырлылық ұғымын түсінуге жол ашады. Зайырлы - термині XVI ғасырға дейін қолданыста болмады. 1523 жылы христиан дінінің ғұламасы Мартин Лютер «Зайырлы билік туралы» еңбегінде алғаш рет қолданады. Осылайша христиан діні кең қанат жайған мемлекеттерде зайырлы сөзі қолданысқа еніп кеңінен тарай бастады.

Христиан діні кең тарған елдерде мемлекет пен дін арақатынасы деген ұғым орнына мемлекет пен шіркеу арақатынасы-деген, сөз қолданады. Бұл ерекшелік ұзақ жылдар шіркеу билігінің теократиялық мемлекет орната білгендігін көрсетсе керек. Шіркеу билігінің иерархиясы мемлекеттік билік институтын басқаруға қабілеттін арттыра түсетіндей. Сонымен қатар христиан діні өркениеті еркін ойлы ғұламаларды өмірге әкеліп, зайырлылық туралы саяси-құқықтық ойлардың өмірге келуіне себеп болды.

Негізінен, АҚШ пен Батыс европа мемлекеттерінде мемлекет және дін арақатынасын зерттеу барысында *«мемлекет пен шіркеу арақатынасы»* деген термин тұрақты қолданылады. Бұл термин христиан діні кең қанат жайған еуропа мемлекеттерінде пайда болып, бүкіл әлемге таралады. Әсіресе, миссионерлер арқылыхристиан діні кең тараған мемлекеттерде. Шіркеу және мемлекет арақатынасы тарихын зерттеуші ғалым Джеймс Эдуард Вудстың пайымдауынша, мемлекет пен шіркеу арақатынасы үлгі ретінде бір тараптан христиан дінімен екінші тараптан Батыс өркениетімен өзара тығыз байланыста болып, бүкіл әлемдік мәдениеттер мен діни дәстүрлерге ықпал етті [106, 205 б.].

Тағы бір “Діни төзімділік туралы 1689 жылы Англияда қабылданған құжатта мемлекет пен діннің бөлінуі туралы идеялар қозғалады.

Барлық еуропалық мемлекеттер өздерінің даму кезеңдерінде шіркеу және зайырлы институттардың саяси ықпалын бастан өткерді. Күпірлік жасаушыларды қудалау тек шіркеу тарапынан ғана емес, мемлекет тарапынан да жүзеге асырылды. Мемлекеттік зайырлы билікке шіркеу тарапынан қолдауда болды. Ресейде XIX ғасырға дейін шіркеуге мемлекет тарапынан шіркеу құзырындағы қылмыстарға кінәлі адамдарға қылмыстық жаза тағайындауға рұқсат берілген еді.

Мемлекет пен дін бөлінісі қағидасы Батыс мемлекеттерінде пайда болған саяси-құқықтық тұжырым болғанымен бұл мемлекет пен шіркеу арқатынасының алшақтаған, тұтас бола алмағандығы себепті ортаға шықты.

Түркиялық ғалым, доктор Дұрмыш Қожаұлы: «Лайцизм, яғни зайырлылық - батыс өркениетінің ұзақ жылдар бойына қалыптасу кезеңдерінен өтіп, түбегейлі орныққан тарихи және мәдени өнімі», – деп атап өтеді [107].

Ағылшынның мемлекет пен дін арақатынасын зерттеуші ғалым Грэм Смиттің пікірі бойынша зайырлылық христиан дінінің діни қағидаларынан бастау алған жүріс-тұрыс ережелер жүйесін қамтиды-деп санайды. Смиттің пікірінше, зайырлылық туралы саяси-құқықтық ойлар Ортағасырлық Еуропада христиан дінінің мемлекеттік билік пен қоғамда әлсіреген тұсы мен ағартушылықтың дамуы барысында пайда болады. Бұл кезеңде атеизм мен дінге қарсы интеллектуалды орта қоғамда ықпалды күшке айналады. Рационализм мен ғылым діни сенімді қоғамдық санадан ығыстырып шығатын деңгейге жетіп, дін мемлекеттің, қоғамның емес жеке адамның мәселесіне дейін төмен құлдырайды, ықпалы әлсірейді [108, 105 б.].

Осы ретте зайырлылықтың өміршең әрі кең таралуына христиан дінінің әлсіреуімен түсіндіру дұрыс па?-деген, сұрақ туындайды. Автор қоғамда діннің әлсіреуі, дінсіздіктің белең алуы мен дінге қарсы қоғамдық ортада зайырлылықты қолдаушылар әр тарихи кезеңде көрініс беретін жаңсақ, алдамшы ұстаным-деп, санайды. Бұл діни наным-сенім түпсаналық деңгейде болсада адам жаратылысымен бірге пайда болуымен түсіндіруге болады. Дінсіздікті зайырлылықпен байланыстыру құқықтық категориялар міндет, жауапкершіліктен жалтаруға мүмкіндік беретін жол-деп, қарастырған дұрыс. Зайырлылықты қате түсіну нәтижесі қоғам рухани күйзеліске ұшырайды. Бұл христиан діні кең тараған елдерге тікелей қатысты.

Үшінші кезеңі Ислам дінінің келуімен пайда болған тарихи кезең. Мемлекет пен дін арақатынасы мәселелерінде ислам дінінің христиан дінінен басты айырмашылығы шіркеу институты тәрізді ислам дінінде бөліну не оқшаулану болған жоқ.

Ислам дінінің құқықтық негіздері адамның жүріс тұрысы, қоғам өмірі мен мемлекеттік басқару жүйесін толықтай қамтып, қоғамдық қатынастарды реттеуге қабілетті болды.

Зайырлылық адам, қоғам, мемлекет өміріндегі діни таным мен құндылықтарды мойындайды, құрметпен қарайды. Адам, қоғам, мемлекет өміріндегі діннің маңызын жоғары бағалайды. Зайырлылықтың атеистік үлгісі ғана дінді қоғам өмірінен бөле жарып не теріске шығаруға мүдделі болып келеді.

Зайырлы мемлекетте адамның дін саласындағы еркін таңдау мүмкіндігін мойындайды. Діни таным, таңдау жасау турасында ислам құқығының басты қайнар көзі Құранның Бақара сүресінде: Аллаһ Тағала: «Дінде зорлық жоқ»-деп, анық баян еткен. Дінде зорлық жоқ – бұл зайырлы мемлекеттің қағидаты. Яғни ислам дінінің мазмұнында мәжбүрлеу, күштеу, зорлық жоқ. Ислам діні болмысына зорлық жасау жат. Сәйкесінше еркіндік, таңдау мүмкіндігінің болуы діннің басты қағидаларының бірі. Діннің ең алдымен сенім, наным, иманға сүйенетінін ескерсек, бұл күштеу не зорлық жасау арқылы жүзеге аспайтыны анық. Сонымен қатар зайырлылық қағидатына қатысты

салыстырмалы түрде христиан дінінде «дін адамы», «дін адамы емес», мемлекет пен шіркеу, мемлекет пен діннің бөлінуі анық болса, ислам дінінде ондай бөлініс жоқ. Бұл жөнінде отандық ғалым Д.Кенжетай: Зайырлылық мемлекеттің демократиялық, рационалды ұстанымдарға негізделуін білдіреді. Ал исламда «дін адамы» немесе «дін адамы емес» деген бөлектену немесе мәртебе, «каста» болмаған [109, 30 б.].

Мұсылман құқығы ғұламалары мемлекет пен дін мәселелеріне қатысты мынадай ұғымдарды қолданды: дар әл-ислам, дар әл-харб, дар әл-куфр, дар әл-сулх, дар әл-ахд.

Дар аль-ислам - бұл ислам әлемі, қоғамдық өмір заңдылықтары шариғат нормаларымен реттелетін мемлекеттер мен аумақтар жиынтығын білдіреді. Мұсылман емес елдердің көпшілігін арабтар орта ғасырларда «дар әл-харб» (соғыс аумағы) деп атаған. Ислам діні ғұламалары бұл елдерді мұсылман әлемімен соғысып жатқанне соғыс жағдайындағы елдер ретінде қарастырады. Егер соғыс жағдайы мен қимылдарының болмауы өзара бітім жағдайы-деп, саналды. Сондай-ақ аралық категория – «дар әл-сулх» (бейбіт келісім аумағы) болды, оған келісім бойынша мұсылмандарға бағынатын бірақ мұсылман емес халқы бар жерлер енді. Қазіргі заманда «Дар әл-ислам» ұғымы халқының басым бөлігі негізінен мұсылмандар мекендейтін зайырлы мемлекеттерге қатысты қолданылады [110, 47 б.].

Дегенмен қазіргі заманғы дін ғұламалары мұсылман құқығының басты қайнар көздері Құран мен хадистерде бұл ұғымдардың кездеспейтіндігін алға тартып әлемді былай бөліп қарастыруды жөн санамайды.

Ислам діні мен мемлекет арақатынасының дамуы кезеңдерінде 622 жыл қабылданған Медина конституциясы мен 628 жылғы Худайбия бейбіт келісіміде маңызды.

628 жылғы Худайбия бейбіт келісіміне қатысты, Имам Такый ад-Дин ас-Субкидің «Аль-Фатава» атты еңбегіне сүйене отырып Усама ас-Сайиид Махмуд аль-Азхари: Егер мұсылмандар, мұсылман еместермен бірге тұрмаса, соңғылары Ислам туралы ештеңе білмейді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабаларының, Аллаһ разы болсын, Худайбия бейбіт келісімі жасалғанға дейін аз ғана адамдар Исламды қабылдағанын білмедің бе? Ал осы бейбіт келісім жасалғаннан кейін Мекке есігі айқара ашылғанға дейін он мыңға жуық адам ислам дінін қабылдады-дейді [111, 37 б.]. Бұл ислам дінінің көркем мінез танытып, бейбіт өмір сүру арқылы кең тарғанын көрсетеді. Мұсылмандар мен дінсіздер не пұтқа табынушылар бірге өмір сүруге болатындығын меңзейді.

Әрине ислам діні кең қанат жайған мемлекеттер тарихында мемлекет пен дін шариғат заңдарына негізделген еді. Бұл жөнінде Ибн-Халдун өзінің «Мукаддима» атты еңбегінде ислам діні кең тараған мемлекеттерде сұлтандық басқару нысанын құп көреді. Оның ойынша шариғат заңдарымен тек әділетті төрт халифа заманында ғана мүмкін болды-деп, келтіреді.

Ибн Халдунның (1332-1406) пікірінше, ислам діні кең тараған мұсылман мемлекеттерінің даму тарихын төрт негізгі кезеңге бөліп қарастырған. Олар:

1. Әділ халифтер кезеңі немесе таза халифат кезеңі;
2. Халифаттан монархияға өту кезеңі, халифат сенімге емес қылыштың күшіне сүйенетін болады. Мұғауия ибн Әбу Суфйан 661 жылы негізін қалаған Омейяд халифаты мен Аббаси халифаты дейінгі тарихи кезең;
3. Монархия орнаған кезең. Бұл тарихи кезеңде Аббасилер халифат атауын сақтап отырғанымен, мемлекет басқару жүйесі монархия еді;
4. Біртұтас халифаттық ыдырап басқа халықтар арабтарды жаулап алады. Жаулап алған мемлекеттер халифат атын иемденгенмен ол мемлекет басшысы мужтахид болмайтын [112, 156 б.].

Қазіргі уақытта мұсылман құқығының нормалары белгілі бір қоғамдық қатынастар саласын реттейтін мемлекеттер көп емес. Халқының басым бөлігі мұсылман болғанымен англо-саксондық немесе романо-германдық құқықтық жүйені таңдаған мемлекеттер қазіргі заманда өте көп. Ислам Әріптестік Ұйымының 57 мүшесінің тек, Парсы шығанағы мен Араб түбегіндегі елдерде ғана отбасы құқығы мен қылмыстық жаза нормаларына мұсылман құқығының классикалық түрі қолданылады. Сонымен бірге көптеген ислам мемлекеттерінде мұсылмандық діни идеология саяси өмір шындығы мен мемлекеттің идеологиялық ұстынын қалыптастырады. Өздерінің ұлттық заңнамасын шариғат нормаларына сәйкестігін жариялаған мемлекеттер бар. Олар: Ауғанстан, Сауд Арабиясы, Иран Ислам Республикасы, Мавритания Республикасы, Пәкістан, Судан, және т.б. мемлекеттер.

Зайырлы сөзінің діни мағынасына келер болсақ, мемлекет саяси ұйым ретінде халқының бұл дүниедегі мәселелерін реттейді. Мемлекет қабылдаған заңдар халықтың бұл дүниелік қажеттіліктерін ғана негізге алады. Зайырлы мемлекеттің заңдары халықтың ақыреттік арманын орындауға бағытталмаған. Ақыреттік бақытқа ие болып жұмаққа бару жеке адамның еркіне қалдырады.

Дегенмен XX ғ. дейінгі мұсылмандық саяси-құқықтық ойлар негізінен батыс елдерінің отарлау саясатына қарсы бір тараптан, екінші жағынан капитализм мен социализм жүйелерін сынап әділетті қоғам, әділетті мемлекет орнату жолында өздеріне қажетті мемлекет пен дін арақатынасының тиімді үлгісін жасай алмаған тәрізді.

Қазақстанда мемлекет пен дін арақатынасының өзіндік үлгісі қалыптасқан. Қазақстан ежелден европа мен азия құрлығының өркениеттері тоғысқан нүктесі еді. Қазіргі қазақ халқының діни санасы мен рухани құндылықтарына қарахандар дәуірінен бастау алған, ислам дінімен астасып жатқан көшпенділер салты мен далалық өркениеттің әсері көп болды. Сонымен қатар Ресей империясы тұсында христиан діні, кейін Кеңестік жүйедегі атеизм халықтың бірізді діни болмысына тым ауыр соққы болды.

Бұл турасында отандық заңгер, ғалым Р. Подопригора: салыстырмалы түрде Қазақстанның діни ахуалын тарихи сәттерге толы деуге келмейді. Дегенмен, геосаяси жағдайлар мен халықтың этникалық құрамына байланысты Қазақстанның дін саласындағы өзіндік жағдайы бар. Олардың төмендегідей ерекшеліктерін көрсетеді:

- Мемлекет пен қоғам өміріне дін ықпалының төмендігі. Діни институттардың әлсіздігі;
- Тұрақты монодіни ортаның қалыптаспауы;
- Кеңес Одағының дінге қарсы саясаты мен атеизмнің салдарынан халықтың діни сауаттылығының төмендегі [113, 91 б.].

Мемлекеттің зайырлылық қағидаты мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеуді көздейтін, мемлекеттің дін саласының құқықтық реттелуін көздейді. "Зайырлы мемлекет" азаматтардың діни-сенімі мен ар-ождан бостандығына кепілдік беріп, қоғам өмірінде діни алауыздық, дінаралық қақтығыстар мен діни астамшылықтарға жол бермеуді көздейті. Діни сипат алуы мүмкін қақтығыстардың алдын алуды және мемлекеттік құрылымдық мекемелер мен мемлекеттік өмірлік маңызды институттардың жат діни ағымдардың ықпалында қалып қоймауын, діннің деструктивті ұстанымдары мен идеологиясына қызмет етуден сақтайтындығымен маңызды.

Қорыта келе зайырлылық қағидаты "мемлекеттің діннен бөлінуі" "мемлекет пен дін бөлек" "мемлекет пен дін ажыратылған" деген ұстанымдарыды білдіргенмен, қоғам өмірін тұтастай діннен бөліп қарау мүмкін емес. Қоғамдағы діннің маңызын ескермеу мемлекет тарапынан өрескел қателік болар еді. Зайырлы мемлекет түсінігі, қалыптасу ерекшеліктері мен құқықтық белгілерін айқындап алу зайырлы мемлекет ұғымының тиімді қолданысын арттырады.

Зайырлылық жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін сақтай отырып азаматтардың діни-сенім бостандығын заңмен қорғауы, адамның діни қажеттіліктеріне қызмет етуі тиіс. Мемлекеттің ұлттық мүддесі мен қоғам мүшелерінің діни қажеттіліктеріне үйлесімді қорғау зайырлы мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып қала береді.

Адам жеке тұлға ретіндеде, қоғам мүшесі ретіндеде дінге деген мұқтаждығы бар. Қазіргі заманда дін жеке адамның сенім мәселесінен шығып қоғамда діни сипат алған саяси-құқықтық мәселелер қордаланған шақта, ол қатынастарды мемлекет зайырлылық қағидаларына сай үйлесімде, реттеу қажет.

Мемлекет өмірі мен қоғамда діннің идеологиялық атқаратын қызметін жоққа шығара алмаймыз. Дін – ұлтты құраушы, ұлттың өзіндік этникалық ерекшеліктерін қалыптастырушы құбылыс иесі. Дін - діни ағым, діни бірлестіктермен қатар этникалық, саяси топтардың идеологиялық тірегі бола алад. Сонымен қатар ұлттық бірегейлікті жою, мемлекеттің тұтастығына қауіп төндіруі мүмкін. Сол себептіде, мемлекет өзінің дін саласындағы саясатында демократиялық, құқықтыққа құндылықтар мен қағидаларға негізделген зайырлылық ұстанымын басшылыққа алуы тиіс.

Зайылылық қағидатының пайда болуы қоғамда діни сенім бостандығы құқығын жүзеге асыруға ұмтылыс барысында пайда болған іспетті. Дін өкілдері өз дін ұстанушыларына өзге дінді таңдауына мүдделі емес екенін ескерсек, бұл үрдіс мүдделер қайшылығы, қақтығыс не соғыс жағдайында күш

көрсету, қысым жасау жағдайында болатыны анық. Бұл келеңсіз жағдайларға жол бермеудің бірден бір жолы діни сенім бостандығы құқығын тану болмақ.

Зайырлы мемлекет барлық діндерге діни ұстанымдарын іске асыруға мүмкіндік береді. Алайда зайырлы мемлекетте құқықтың қайнар көзі ретінде діни нормалар танылмайды. Діни нормалар құқық шығармашылықта жетекші орын алмайды. Діни нормалармен үндес әдет-ғұрып нормаларын құқықтың қайнар көзі-деп, тану әлемде жиі кездеседі.

Зайырлылықтың құқықтық белгілері мен түсінігі мемлекет пен дін арақатынасына қатысушылардың субъективті құқықтары мен міндеттерін белгілеу, тану мойындау арқылы көрініс табады. Қазіргі заманғы зайырлы мемлекеттердің зайырлылығын айқындайтын ортақ көріністері, құқықтық белгілері, діни әр алуандылық жағдайы көрсеткіштерін пайдаланып зайырлы мемлекеттің әмбебап стандарттарын жасау үшін “зайырлы мемлекет индексі” жобасы ұсынылды.

Қорыта келе, Зайырлы мемлекет барлық діндерге діни ұстанымдарын жүзеге асыруға, таратуға асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі заманда мемлекеттің зайырлылық қағидатының мазмұнын анықтайтын көптеген тәсілдер бар. Сонымен бірге әлемнің ешбір мемлекетінде реси заңнамасында мемлекеттің зайырлылық түсінігін мемлекетке қарсы-деп, түсіндірілмейді. Тек демократиялық емес, авторитарлық режимдегі мемлекеттерде зайырлылықты дінсіздік, дінге қарсы-деп, түсіндіру кездеседі. Бұны діни мәселелерге зорлық, қысым жасаудың көрінісі деуге болады. Шын мәнісінде зайырлылық діни бірлестіктер мен дінді мәдени құбылыс ретінде оқшаулауға ұмтылмайды. Зайырлы мемлекет діни еркіндік, азаматтардың ар-ождан бостандығы, діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі, мемлекетпен діннің бөлінуі ұстанымдарын негізге алады. Зайырлы мемлекетте дін әрқашан ұлттық мәдениеттің бір бөлігі болып табылатын, ұлттық рухани дәстүрлермен үндес адам баласының рухани болмысымен байланысты бағаланады. Зайырлы мемлекет - діни-сенім бостандығына еркіндік беретін, мемлекет тарапынан дінаралық мәселерге бейтарап қарайтын конституциялық-құқықтық қағида ұстанады. Зайырлылық ұғымы «дінге қарсы» немесе «атеистік» сипаттағы ұғымдармен сыйыспайды. Зайырлылықтың негізгі мақсаты мемлекет пен діннің арасындағы үйлесімділікті сақтау. Жеке тұлға, қоғам мен мемлекеттің дін саласындағы заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

Зайырлы мемлекет түсінігі, қалыптасу ерекшеліктері мен құқықтық табиғатын айқындау Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орныгуының конституциялық-құқықтық негізі болып табылады. Зайырлы мемлекет түсінігі, қалыптасу ерекшеліктері мен құқықтық белгілерінің табиғатын ашу, зайырлылықтың құқықтық қағидат ретінде, конституциялық-құқықтық норма ретінде қалыптасуына негіз болады. Нәтижесінде зайырлы мемлекеттің түсінігі, тұжырымдамасы мен құқықтық табиғатын ашу арқылы құқықтық белгілерін анықтап арқылы қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілерін тануға мүмкіндік береді.

1.2 Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілері

Соңғы екі ғасырдан аса мерзімде адамзат тарихында мемлекет пен дін арақатынасын реттеудің құқықтық тетіктері жолға қойылып, зайырлылық саяси-құқықтық ұстаным ретінде үздіксіз жалғасып келеді. Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілеріне бағыт беруші АҚШ, Батыс Еуропа елдері, Түркия, Үндістан мемлекеттерін атап өтуге болады. Аталған мемлекеттердің әрқайсысының өзіндік мемлекет пен дін арақатынасы, зайырлылық ұстанымдары, үлгілері, ерекшеліктері бар.

Зайырлы мемлекеттер өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары арқылы түрлі топтарға бөлінеде. Қазіргі заманда мемлекеттік-конфессиялық қатынастар индексі бойынша 197 мемлекеттің: 12-сі діни мемлекет; 60-сы ресми дінді ұстанатын мемлекет; 5-і дінге қарсы идеологиясы бар мемлекет болса, қалған 120 мемлекет өздерін заңнамалық тұрғыда өздерін “зайырлы мемлекет”-деп, бекіткен [114].

Біз зайырлы мемлекет үлгілеріне зерттеу жүргізу арқылы өзара салыстырмалы түрде тиімді, ұтыды нұсқасын таңдауға мүмкіндік береді. Бұл зайырлы мемлекет қалыптастыруда қолданбалы маңызға ие. Зайырлы мемлекет үлгілерінің әр-алуан түрлерін салыстырмалы ерекшеліктерін зерделеп мемлекетіміздің зайырлы мемлекет ретінде орнығуына оң ықпал ететіні анық.

Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет тұжырымдарына қатысты ғалымдар арасында жеке-дара өзіндік пікірлер қалыптасқанымен, мемлекеттердің зайырлылық үлгілеріне қатысты жүйелі, ортақ келісілген ұстанымы жоқ-деуге, болады. Мемлекеттердің зайырлылығына қатысты ортақ ұстанымдардың болмауы мемлекеттердің діндерге қатысты тарихы қалыптасқан күрделі қарым-қатынасымен түсіндіріледі. Қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде қалыптасқан мемлекеттердегі мемлекет пен дін арақатынастарының даму тарихы, ерекшеліктері мемлекеттердің әртүрлі саяси басқару жүйесі, тарихи өлшем тұрғысынан қарағандағы саяси режимдердің жиі өзгеруі, түрлі діни ағымдар мен конфессиялардың ұстанымдары зайырлы мемлекет үлгісінің бірізді орныққан, тұжырымдалған үлгісін қалыптастыруға мүмкіндік бермеді. Сонымен қатар діни сана, діни таным, діни тәжірибе және діни сенім әлемнің әр бұрышында уақыт пен кеңістік тұрғысынан әртүрлі сипатта болды.

Дегенмен орта ғасырлардағы мемлекетттердің дін саласына қатысты ашық саяси ұстанымдарының болуы, ойшылдардың саяси-құқықтық ойларының кең тарауы және саяси-құқықтық тұжырымдары арқылы мемлекет пен дін арақатынасын реттеудің жаңа кезеңі қалыптаса бастады. Осы кезең зайырлы мемлекет үлгісі мен зайырлылық туралы тұжырымдама ерекшеліктерін зерттеуге, құқықтық белгілері арқылы зайырлы мемлекет үлгілерін тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тарихи кезең мемлекеттің дін саласына қатысты саяси ұстанымдарының тек дәстүрлі немесе діни нормаларға ғана емес, мемлекет пен дін арақатынасын жүйелі құқықтық нормалар арқылы реттеу сипатына ие болды.

Егер қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілерінің қалыптасуына тікелей ықпал еткен тарихи кезеңдер тізбегін қысқаша сипаттайтын болсақ Еуропадағы қайта өрлеу, реформация кезеңі, 1789 жылғы Франциядағы "Ұлы Француз төңкерісі", 1787 жылғы АҚШ конституциясының қабылдануын атап өту маңызды. Осы тарихи кезеңдердің әрбірінде мемлекет пен дін арақатынасы реттелуі жаңаша сипатқа ие болды. Бұл өз кезегінде зайырлы мемлекет үлгілерінің қалыптасуына алып келді. Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілерінің қалыптасуының алғышарттары сол бір тарихи сәттермен тығыз байланысты екенін атап өту қажет.

1789 жылғы "Ұлы Француз төңкерісінен" кейін «Азамат және адам құқығының Декларациясы» қабылданғанға дейін Францияда католицизм мемлекеттік дін мәртебесіне ие еді. Билікке қарсы Француз халқы наразылығының басты талаптары саяси-әлеуметтік жағдай, адам құқығы мәселелері болғанымен протесттанттық ағым өкілдері адам құқығының құрамдас бөлігі діни-сенім мен ар-ождан бостандығын талап етті. Франциядағы католиктермен протестанттар арасындағы теке-тірес жалғасы 1905 жылғы «Шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі туралы» Заңның қабылдануына алып келді. Бұл заңның қабылдануымен мемлекет тарапынан ресми түрде католик шіркеуінің діни қызметі мен діни меншік құқығына қатысты шектеулер қойылды. Осы заңды қабылдау арқылы Франция зайырлылықтың қатаң үлгісін қалыптастырды. Ал 1958 жылғы конституциясының 1-бабында: Франция – зайырлы мемлекет, барлық азаматтардың дініне қарамастан теңдік қағидаты жарияланады-деп, көрсетілген. Франция мемлекеттің саяси-идеологиялық ұстанымдарында құқық қайнар көздері ретінде діни ережелер мен діни нормалардың болуына қарсы. Мысалы, 2004 жылы Еуропа Одағы Конституциясының жобасын талқылау барысында "құқықтық норма және заңшығармалықта христиан діні құндылықтарын ескеретіні" туралы пунктке наразылық танытты. Яғни құқытың қайнар көзі ретінде діни нормаларды тануға қарсылық білдірді. Бұл зайырлылық қағидатының құқықтық белгілеріне қатаң ұстанымда екенін көрсетті.

Сонымен қатар анло-саксондық құқықтық жүйедегі Ұлыбританияның зайырлылық үлгісіңінде өзіндік ерекшелігі бар. Ұлыбриятаниядағы Ағылшын шіркеуінің қалыптасуы Франциядағы тәрізді католиктермен протестанттар арасындағы дінаралық бәсекелестік, қақтығыстар мен күрес жолында қалыптасты. Ұлыбританияда Ағылшын шіркеу канондары мемлекеттік құқықтың құрамдас бөлігі ретінде танылады. Дегенмен, дін саласындағы діни-сенім, ар-ождан бостандықтары туралы құқықтар арнайы заңмен бекітілмеген. Ұлыбритания патшалығы аумағындағы шіркеу иеліктері әртүрлі. Мысалы, Шотландияда Шотландия шіркеуі мемлекеттік ресми дін ретінде танылады. Ұлыбританияда шіркеу мен мемлекет тығыз ынтақтастық қарым-қатынаста. Барлық мемлекеттік мектептерде дін сабақтары оқытылады. Университет қабырғасындағы теология факультеті басшылық құрамда тек Ағылшын шіркеуі немесе Шотландия шіркеуі өкілі ғана бола алады. Ұлыбританияның парламентаризм институтында діни бағыттағы саяси партиялар бар. Мысалы,

Христиандық халықтық альянс, Христиандық Партия, Шотландық христиандық партия [115]. 1701 жылғы “Тақ мұрагері туралы” Актіге сәйкес Ұлыбритания патшасы мен патшайымы “Ағылшын шіркеуінің басшысы” болып табылады [116]. Осы тарихи құжатқа сәйкес: 1) католик сеніміндегі азаматтар; 2) католик сенімдегі азаматтармен некелескендер; 3) католик сеніміндегілердің ұрпақтары Британ патшалығы монархы бола алмайды-деп, көрсетілген. Дегенмен, Ұлыбританияда ешқандай діни бірлестік мемлекет қазынасынан қаржыландырылмайды. Тек салықтық жеңілдіктер мен субсидиялар қарастырылған. Ұлыбритания клерикалды мемлекет ретінде ресми діні бар мемлекет. Ұлыбритания дінді мемлекеттік және мемлекеттік емес-деп, бөліп қарастырады. Дегенмен, Ұлыбританияда діни-сенім, ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыруда зайырлылық қағидаттарын берік ұстанады[117].

Германия зайырлы мемлекет ретінде діни бірлестіктер туралы мемлекеттің негізгі заңының (конституциясы) 137-бабында: Мемлекеттің ресми шіркеуі жоқ-деп, көрсетеді [118]. Германия зайырлы мемлекет болғанымен конституциясында 2-рет “Құдай” сөзі кездеседі. Біріншісі, преамбуласында: Құдай мен халық алдында жауапкершілігімізді сезіне отырып осы негізгі заңды қабылдадық-деп, атап өткен болса. Екіншісі, негізгі заңның 56-бабында мемлекет перзиденті ант беру рәсімінің соңында: Осы бастаған ісімізге Құдай жәрдемші болсын!-деп, құдай сөзін екі рет атап өтеді. Германия негізгі заңы дін саласын конституциялық-құқықтық реттеуде зайырлылықтың жұмсақ үлгісін ұстанатыны байқалады. Германия халқының басым бөлігі протестанттар (евангелия шіркеуі) мен католиктер арасында үнемі діни-саяси тартыстар болып тұрады. Германия қоғамдық-саяси өмірінде белсенді христиан діні құндылықтарына негізделген екі партия бар, олар: Германияның Христиан Демократиялық Одағы және Христиан Социалистік Одағы. Германия зайырлылықтың мемлекет пен діннің ынтымақтастығына негізделген зайырлылықтың преференциалды үлгісіндегі мемлекет. Германия Францияға қарағанда дін саласында жұмсақ саясат ұстанғанымен Ұлыбритания тәрізді мемлекетінің ресми діні жоқ.

Мемлекет пен дін арақатынасының өзіндік ерекешелігі бар батыс еуропалық мемлекет ол - Италия. Италия Рим империясының тарихи мұрагері ретінде, әрі католик шіркеуінің ірі орталығы ретінде зайырлылықтың өзіндік ерекше үлгісін қалыптастырды. Италияның қолданыстағы конституциясының 8-бабына сәйкес: барлық діни наным-сенімдер заң алдында тең дәрежеде [119, 93 б.]. Италия заңнамасына сәйкес діни бірлестіктердің құқықтық мәртебесіне қарай үш топқа бөлінеді. Олар: 1) Католик шіркеуі; 2) мемлекетпен келісімге келген діни бірлестіктер; 3) мемлекетпен келімге келмеген өзгеде діни бірлестіктер. Италияда діни-саяси партиялар қоғамдық өмірге белсене араласады. Мысалы, Христиан-демократиялық партиясы (ХДП) II-дүниежүзілік соғыстан кейін ұзақ жылдар бойына ықпалды саяси күш болды [120, 43 б.].

Үндістан этносаралық және конфессияаралық қатынас тұрғысынан күрделі мемлекеттердің бірі ретінде өзіндік ерекшелігі бар “зайырлы мемлекет” үлгісін қалыптастырған азия құрлығындағы мемлекеттердің бірі [121, 50 б].

Сонымен қатар мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеу мәселелері мен мемлекеттің зайырлылық үлгісі екеуара тығыз байланысты екені анық. Бұл тақырыпты зерттеу әдістерінің индуктивті немесе дедуктивті зерттеу тұрғысынан мәселенің мәнін, зерттеу тақырыбын аша түсуге сеп болады.

Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілері мемлекеттің дін саласына қатысты саяси-құқықтық ұстанымына тікелей тәуелді. Себебі мемлекет пен дін арақатынасында қалыптасқан ұстаным заңнамалық не конституциялық нормалармен бекітіліп мемлекеттің дін саласына қатысты ресми саяси-құқықтық ұстанымын білдіреді. Осы тұрғыдан қарағанда қазіргі заманғы мемлекеттердің дін мен діни бірлестіктерге қатысты ұстанымын 1)Теократиялық 2) Атеистік 3) Зайырлы мемлекеттер-деп, үш топқа бөліп жіктеуге болады. Осы үш топтың ішінде қазіргі заманғы мемлекеттер арасында зайырлы мемлекеттер басымдыққа ие [122, 87 б.].

Автор мемлекет пен дін арақатынасының осы негізгі үш топқа бөліп қарастыруын дұрыс санайды. Дегенмен, осы топтарға төртінші топқа клерикалды мемлекеттер тобын қосуда кездеседі. Сонымен қатар мемлекет пен дін арақатынасын өзгеде топтарға бөлік қарастырулар бар. Бұл турасында ғалымдардың өзіндік дәлелдері мен жеке тұжырымдары бар.

Мемлекет пен дін арақатынасын зерттеуші неміс ғалымы Теодр Ханфта мемлекет пен дін арақатынасы үлгілерін үш топқа бөліп қарастырады. Бірінші топтағы мемлекеттерде бір немесе бірнеше дін артықшылыққа ие болады. Мысалы: Иран, Сауд Арабиясы, Израил, Ұлыбритания, Дания және тағы басқалары. Екінші топта мемлекет пен дін қатаң бөлінген. Мысалы: АҚШ, Франция, Түркия мемлекеттері. Үшінші топта аралас жүйе ретінде мемлекет пен діннің өзара ынтымақтастығы анық байқалады [123, 5 б].

Православиелік теология мектебінің профессоры, діни қызметкер Станли Самуэль “Сеніммен өмір сүру” (Living the faith) атты еңбегінде негізінен христиан діні кең тарған елдерге бағытталған, шіркеу мен мемлекет арасындағы қатынастарды төрт формасын атап көрсетеді, олар:

-Шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі. Бұл мемлекеттерде мемлекет билік тарапынан шіркеуге қатысты ұстаным бейтарап болады. Мемлекет пен шіркеу арасы тым нашар қатынаста болуыда мүмкін.

-Папоцезаризм. Шіркеу немесе діни қайраткер мемлекетті басқарады.

-Цезаропапизм. Мемлекеттік билік шіркеуді басқарады.

-Симфония. Мемлекет пен шіркеудің кеңінен ынтымақтастығы бар мемлекеттер [124, 260 б.].

Ал тағы бір Қазақстандық ғалымдар тобы Е.Байдаров, А, Косиченко, Е.Бурова еліміздегі мемлекет пен дін арақатынастары үлгілерінің түрлерін тек үш топқа топтастырып атап өтеді. Олар: *атеистік, зайырлы* және

теократиялық мемлекет түрлері. Сонымен қатар, осы үш үлгі өздерінің ішіндегі түрлі ерекшеліктеріне байланысты әрқайсысының өзіндік үлгілері бар-деп, атап өтеді [125, 8 б.]. Дегенмен, кейбір зерттеушілер мемлекет пен дін арақатынасын төрт топқа бөліпте көрсетеді. Мысалы: сарапшы-дінтанушы Олег Синяковтың пікірінше дінаралық қатынастарға байланысты мемлекеттерді 4 топқа бөліп қарастыруды жөн санайды, олар: атеистік, теократиялық, зайырлы және клерикалды [126].

Автор отандық ғалымдар тобы келтірген мемлекет пен дін арақатынастары үлгілерінің түрлерін дұрыс санайды, келіседі. Себебі клерикалда мемлекет нысаны зайырлы мемлекет пен теократиялық мемлекет үлгілерінің симбиозы тәрізді. Клерикалда мемлекетте мемлекеттің ресми діні болғанымен бұл мемлекеттерде зайырлы мемлекеттің барлық құқықтық белгілері бар.

Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілеріне зерттеу жүргізерде алдымен мемлекет пен дінарақатынасына қатысты үлгілерді жеке дара қарастырып алған дұрыс. Себебі зайырлы мемлекет пен атеистік және теократиялық мемлекеттерде өзара ұқсастықтар, ортақ белгілер, айырмашылықтары, ерекшеліктері бар. Алдымен теократия ұғымына тоқталсақ. Теократия терминінің этимологиясы гректің θεοκρατία сөзінен шыққаны мәлім. Көне грек тіліндегі [tʰe.ós], (θεός-*Теос*) – *Құдай (Жаратушы)* - деген сөздің маңынасын білдірсе, кратия (κράτος) - билік деген мағынаны білдіреді. Италяндық Марио Ферреро пікірінші мемлекеттік билік Құдайдың қолында, мемлекеттік билік діни нормаларға негізделген-деген, мағына білдіреді. Әрине, Құдай өзі тікелей мемлекетті басқармайды, теократиялық мемлекетте мемлекеттік билік діни институттар, діни рухани көшбасшы дін басыларының қолында болады. Мемлекеттің атқарушы билігі, заң шығару, сот жүйесі тұтастай діни нормалармен реттеледі. Мемлекеттің өзіндік діні болады. Халық тұтастай мемлекеттік дінді ұстанады, әрі мемлекеттік дін өзге діндерге қарағанда түбегейлі басымдыққа ие болады [127, 2 б.]. Қазіргі заманда теоркратиялы мемлекеттер қатарына алдымен Ватикан, Сауд Арабиясы, Иран Ислам Республикасы, Ауғаныстан, Бруней мемлекеттерін жатқызуға болады.

Теократия терминін алғаш қолданысқа енгізген бірінші ғасырда өмір сүрген Флавий Иосиф (б.з.37ж.-шамамен 100ж.) саналады. Иосиф Флавий еврей халқы мемлекетінің басқару нысанын сипаттау үшін қолданады. Заманындағы монархия, олигархия мен демократиялы мемлекет басқару нысандарынан бөлек, еврей халқы мемлекетін басқарудың ерекше нысаны бар екенін көрсетеді. Иосиф «теократия» терминін Мұса пайғамбар құрған мемлекеттің басқару нысанын сипаттау үшін қолданысқа енгізіп, мемлекет билігі “Жаратушының қолында” және “Жаратушының сөзі” заң-деп қабылданады [128, 359 б.].

Тарих қойнауына кеткен теократиялық белгілері бар мемлекеттерге Омейяд, Аббасид халифаттарын, Иудея патшалығы, Тибет, Ежелгі Мысыр және т.б. жатқызуға болады.

- Теократиялық мемлекеттердің ішінде Жаратушы Алла Тағаланың елшісі, пайғамбар мемлекет басқарған ислам мемлекетінде атап өтуге тиіспіз. Бұл турасында мемлекет пен дін арақатынсы, мемлекеттің зайырлылық мәселелерін зерттеуші отандық ғалым Мұхан Исахан өзінің «622 жылы «Мәдени конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі»-атты, диссертациялық жұмысында: «Мәдени конституциясы» тарихта тұңғыш рет ресми түрде ислам дінін, оның пайғамбары деп Мұхаммед с.ғ.а. және оның діни, зайырлық билігін ашық мойындаған алғашқы саяси, құқықтық құжат еді. Бұл құжат конституциялық құқықтық сипатқа ие болды. Оның қабылдануы және іске асуы барысында тікелей пайғамбарлық басқару нысанындағы тұңғыш ислам мемлекеттілігі өмірге келді-деп, атап өтеді [129, 11 б].

Қазіргі кезде Сауд Арабиясының ресми конституциясы жоқ. Конституция ретінде Сауд Арабиясының негізгі низамы (ережесі) саналады. Сауд Арабиясының негізгі низамы Құран мен Сүннеттен кейінгі заңды күші бар, 1992 жылы 5-ші наурызда король Фахд Әл Сауд тарапынан октроирлау әдісімен қабылданды.

Сауд Арабиясының негізгі низамының 1-ші бабына сәйкес Сауд Арабиясы Корольдігі – егеменді араб ислам мемлекеті. Діні – Ислам, Конституциясы – Алла Тағаланың Кітабы және Оның Пайғамбарының сүннеті (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) [130, 302 б.]. Яғни мемлекеттің ресми діні бар. Низамның 8-ші бабында Ислам шариғатына сәйкес Сауд Арабиясы Корольдігінде басқару негізі әділеттілік, кеңесу және теңдік болып табылады.

Жалпы, мұсылман теоретик ғалымдары діннің мемлеккеттің саяси билігіне қатысты тұрпатын:

-Дарул ислам;

-Дарул харб;

-Дарул аһд;

-Дарус сулх-деп, бөледі.

Көптеген ғалымдар оның ішінде отандық ғалыи М. Исахан әлем тарихында мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеудің ең алғашқы түрі ретінде «теократиялық мемлекетті» келтіреді. Сонымен қатар, клерикалды мемлекет, конкордаттық мемлекет, атеистік мемлекет, харизматикалық мемлекет, лайцизм (секуляризм) яғни зайырлы мемлекет түрлерін атап өтеді [131, 28 б].

Ал Еуропа құрлығында XI ғасыр мен XIV ғасыр аралығында “Папоцезаризм” кезеңінде мемлекеттік билік Рим Папасының, яғни шіркеу қолында болып Рим империясы теократиялы мемлекет болды. Папоцезаризмде Рим Папасының билігінің патша билігінен жоғары болды. Мемлекет билігімен қатар діни-рухани билік діни көсем Рим Папасының қолында шоғырланды.

Теократиялы мемлекеттің кең тараған үш белгісі бар. Біріншісі, мемлекеттік билікті Жаратушы Құдайдың атынан діни көсем немесе өзгеде

мемлекет басшысы жүзеге асырады. Екіншісі, мемлекеттегі негізгі құқықтың қайнар көзі ретінде діни нормалар саналады. Мысалы: шариғат нормалары, христиандық канондар мемлекеттегі құқықтың басты қайнар көзі ретінде басымдыққа ие болады. Үшіншісі, белгілі бір дін мемлекеттік дін ретінде танылады. Халықтың басым бөлігі тиісті мемлекеттік дінді ұстанады.

Ал атеистік мемлекет ұғымы (ἀ-терістеу), (θεός-Теос) – Құдайдың бар екендігін терістеу, құдайсыздық деген маңыналарды білдіреді. Атеистік мемлекетте – халықтың басым бөлігі дінге, құдайдың бар екеніне сенбейді. Мемлекетті деңгейде атеитерге қолдау көрсетіледі. Мемлекет дінге қарсы ашық идеологиялық саясат ұстанады. Мысалы ретінде 1967 жылы Энвер Хожа Албанияны атеистік мемлекет-деп, ресми жариялады [132, 67 б].

Қазіргі заманда төрт атеистік мемлекеттер бар, олар: Қытай, Солтүстік Коея, Вьетнам, Куба. Бұл мемлекеттердің ішінде тек Куба ғана өзін 2019 жылдан кейін өзін зайырлы мемлекет ретінде жариялады. Дегенмен халқының басым бөлігі атеист. Ал бұрын атеистік мемлекеттер қатарында болған КСРО алғаш рет 1936 жылғы Конституциясының 124-бабына сәйкес “кез-келген азаматтың дінге қарсы насихат жасау еркіндігі танылады”-деп, көрсеткен. Ал 1977 жылғы КСРО-ның соңғы конституциясының 52-бабында “КСРО азаматтарына атеистік насихат жүргізу құқығы танылады”- деп, атеизмге мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетеді [133].

Конституциялық деңгейде ресми мемлекеттік діндерін бекіткен Батыс Еуропа мемлекеттерінің басым көпшілігінде мемлекеттік билік институттары мен қоғамдық-саяси қатынас зайырлы болып келеді. Бұл мемлекеттерде ресми мемлекеттік діні болғанымен, өзге дін өкілдерінің діни-сенім бостандығын қамтамасыз ету, азшылықты құрайтын діни бірлестіктердің құқығын шектеуді көздемейді. Мемлекеттегі мемлекеттік діндер мен дәстүрлі діни бірлестіктерге артықшылықтарды беру, өзге діни бірлестіктердің құқығын бұзу-деп, қабылданбайды.

Отандық зерттеуші М.Ю.Онучко мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар мен мемлекеттердің зайырлылық типологиясын екі бөліп қарастырудың қажеттілігін атап өтеді. Ең алдымен мемлекеттерде ресми мемлекеттік діннің бар болуы немесе мемлекеттік діннің жоқ болу көрсеткіштерін қарастырады. Сонымен қатар мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатын тану, мемлекеттік биліктегі діни-құқықтық нормалардың ықпалы және қоғамдық өмірде діннің еркін қызмет ету мүмкіндігі бойынша ерекшеленеді-дейді [134]. Яғни мемлекеттің зайырлы үлгісінде мемлекеттік дін ресми таныла береді. Бастысы зайырлылық қағидатының құқықтық негіздері сақталса болғаны. Бұл ең алдымен мемлекеттердің өз конституцияларындағы зайырлылық қағидатын анық көрсетуі, конституциялық норма ретінде белгілеуі немесе көрсетпеуі мүмкін мысалдармен түсіндіріледі. Себебі әлемнің көптеген мемлекеттері конституцияларында “зайырлы мемлекет” екенін анық көрсетпеген. Оларға: АҚШ, Үндістан, Куба, Ирландия, Австралия, Индонезия, Сенегал, Мали, Тунис және т.б.

Қазіргі заманда мемлекеттердің көпшілігі сөзсіз зайырлы мемлекет болып табылады. Мемлекет пен дін арақатынасы түрлері әр мемлекетте әртүрлі болып бір-бірінен түбегейлі ерекшеленуі мүмкін. П.Н. Дозорцев мемлекет пен дін арақатынасының ерекшелігін өте орынды атап көрсетеді: «Егер біз «зайырлы мемлекет» түсінігін анықтау мәселесіне ар-ождан, діни-сенім бостандығы, діни төзімділікті тұрғысынан қарайтын болсақ, онда қазіргі заманғы мемлекеттердің басым көпшілігі өздерін зайырлы санайды. Егер мәселеге мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастарды қоғамдағы екі билік орталығы – ресми, яғни мемлекет және бейресми билік орталығы ретінде дінді қарастырсақ, онда мемлекеттік басқару ісі мен мемлекеттің конституциялық құрылысына қатысты зайырлы мемлекет үлгілеріне қатысты сұрақтар мен мәселелер көп екенін көреміз. Автор П.Н. Дозорцевтің пікірімен келіседі. Себебі мемлекеттер де-факто атеистік немесе теократиялық болғанына қарамастан заңнамасында өздерін зайырлы мемлекет ретінде көрсетуіде мүмкін. Бұл де-юре көп мемлекеттер өздерін зайырлы мемлекет екенін көрсетеді. Сонымен қатар П.Н. Дозорцев тарихи-құқықтық тұрғыда мемлекет пен дін арақатынасы түрлерін төрт топқа бөліп:

- «Римдік нұсқа»;
- «Византиялық нұсқа»;
- «Протестанттық нұсқа»;
- «Плюралистік нұсқа»-деп, қарастырады [135, 131 б]. Осылардың ішіндегі тек плюралистік нұсқа ғана қазіргі заманғы «зайырлы мемлекет» ұғымына сай келеді.

Мысалы, Стефан Монсманың пікірі бойынша *орныққан шіркеу үлгісі (орныққан діні бар)* мемлекет тарапынан ресми танылған діні бар және мемлекет пен шіркеудің ынтымақтасуы арқылы ортақ мүддені көздейтін зайырлылық үлгісі бар-деп, есептейді. Мысалы, Ұлыбритания Корольдігін басқару нысаны зайырлы болып есептелгенмен, Британ монархы мемлекет басшысы ретінде Англикан шіркеуіне қолдау көрсетеді. Стефан Монсма сонымен қатар мемлекет пен дін оңаша өмір сүретін, мемлекет дінді ресми дін ретінде танымасада, мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетін *плюралистік үлгі* ұсынады. Олардың қатарына Германия, Нидерланды және Австралия тәрізді еуропалық мемлекеттерді жатқызылады. Сондай-ақ Стефан Монсма мемлекет мен дін арақатынасының үшінші түрі ретінде *сепаратистік мемлекеттер үлгісі*-деп, көрсетеді [136, 104 б]. Мемлекеттің сепаратистік жүйесінде дін мен мемлекеттік билік бөлек болады. Мысалы ретінде, Франция, АҚШ және Түркия мемлекеттерін келтіруге болады. Біріншіден бұл мемлекеттерде мемлекет дінге қатысты бейтарап ұстанымда болады, екіншіден мемлекеттің ресми діні болмайды және діни бірлестіктер мемлекет қаржысы есебінен тікелей қаржыландырылмауы тиіс. Алайда Түркия іс жүзінде діни бірлестіктерге мемлекеттік бюджет есебінен ашық қолдау көрсетеді.

Ал профессор Ахмет Курудің пікірі бойынша зайырлы мемлекеттердің дінге қатысты ұстанымына қарай екі түрі бар: ***жұмсақ*** (пассивті) зайырлылық

және ***қатаң*** (активті) зайырлылық-деп, келтіреді [137, 24 б.]. Ахмет Курудың келтірген жұмсақ зайырлылық үлгісін пассивті зайырлылық үлгісі немесе плюралистік-депте, атайды. Оған мысал: Америка Құрама Штаттары бола алады. Жұмсақ зайырлы мемлекет үлгісінде мемлекет тарапынан дін мен діни бірлестіктердің қызметтеріне қолдау көрсетіп, азаматтардың ар-ождан бостандығы мен діни-сенім бостандығына тікелей немесе жанама түрде болсын шектеулерге жол бермейді. Жұмсақ зайырлы мемлекетте діни атрибуттар қоғамдық ортада кеңінен тарала береді. Бұл 1791 жылы АҚШ конституциясына енгізілген алғашқы толықтырудан бастау алады. Бұл толықтыруда дінге қатысты екі пункт болды. Бірі АҚШ Конгресі мемлекеттік дін-деп, мемлекеттік ресми дінді бекітпейді. Қандайда бір дінге қолдау білдірмеуді және азаматтардың діни-сенім, ар-ождан бостандығы құқығына тыйым салатын заң қабылдамауға кепілдік береді-деп, көрсетілген. АҚШ-да мемлекет тарапынан діни бірлестіктер мен шіркеулерге қатысты шектеулер болмағандықтан дін АҚШ-тың қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласады. Әсіресе президенттік сайлау науқаны кезінді діни бірлестіктердің белсенділігі мейлінше артады. Президенттікке үміткерлер шіркеу өкілдеріне қатысты оғаш пікір айтпауға тырысады. Шіркеу өкілдері мен діндарлар тарапынан кеңінен қолдау тапқысы келсе, кез-келген дінге қатысты пікірі мен ұстанымы мүмкіндігінше бейтарап не жұмсақ болғаны абзал. Ал АҚШ халқының мәңгілік ұранына айналған *"God Bless America!"* (О Құдай, Американы қолдай көр!), *"In God We Trust"* (Біз Құдайға Сенеміз!), жаңадан сайланған президенттерінің қасиетті кітап *“Библияға”* қолын қойып халқына ант беру рәсімі мен қоғам өміріндегі діни нышандардың ашық көрінісі мемлекет пен дін арақатынасындағы зайырлылықтың жұмсақ үлгісінің айқын көрінісі. Зайырлылықтың жұмсақ үлгісі барынша либералды ұстанымда болып, адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Ал зайырлылықтың қатаң үлгісінде, мемлекет тарапынан қатаң құқықтық нормалар қабылданады. Мемлекет тарапынан дінге, діни бірлестіктерге қатысты заңмен бекітілген шектеулердің болуы зайырлылықтың қатаң үлгісіне тән. Бұл әсіресе діни атрибуттар мен діни бірлестіктерді тіркеуге мәселелеріне қатысты анық көрініс табады. Мысалы Оған Франция мен Түркияның тәжірибесі мысал бола алады.

Францияның Крей қаласында 1989 жылғы қоғам тарапынан қызу талқыға түскен лицей оқушы қыздарының хиджабын шешуді талап етуден басталған оқиғаның соңы 2004 жылы 15 наурызда діни атрибуттарды білім беру орындарында киюге тыйым салатын заңның қабылдануымен аяқталды. Бұл сонымен қатар мәселенің жаңа қарқын алуымен Франция 2010 жылы қоғамдық орындарда бетін жасырып жүруге тыйым салу туралы №1192 заңның қабылдануына әкелді. Осы ретте Франция мен Қазақстан Республикасының арасындағы дін саласындағы ұқсастық жағдайды атап өту қажет. 2011 жылы мемлекеттің дін саласын реттейтін “Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы” Заңды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасы

зайырлылықтың қатаң үлгісін, яғни Франция үлгісіне бет бұрғаны анық байқалады.

Әрине Қазақстан Республикасы білім беру орындарында діни атрибуттарға тыйым салатын арнайы заң қабылдамасада, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің "Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығының 13 тармағына сәйкес: Мектеп Формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды [138]. Бұл орта білім беру мекемелерінде діни киім үлгілеріне салынған тыйым екені анық. Яғни Францияның зайырлылық үлгісіне сай келетін тыйым салу, шектеу орын алуда. Бұл жағдайға қатысты бір жағынан қажеттіліктен туындаған шаралар-деп, қарсы тараптарда уәж келтіретіні анық. Ал Францияның 2010 жылғы қабылдаған қоғамдық орындарда бетін жасырып жүруге қатысты тыйым салу туралы Заңына ұқсас заң нормаларын Қазақстан Республикасыда қабылдауы мүмкін. Себебі Өзбекстан Республикасы Әкімшілік Жауапкершілік туралы Кодексінің 184-4 бабына толықтыру енгізіп "қоғамдық орындарда бет жүзін тануға келтіртіретіндей жүргендерге" көлемді айыппұл салатын норма енгізді [139]. Бұл жағдайда бет жүзін тануға кедергі келтіретін - ер азаматтардың қауға сақалы болуы мүмкін, ал әйел адамдардың никаб, паранжасы ретінде қарастыра берседе болады. Демек, Өзбекістан Республикасыда Қазақстан тәрізді зайырлылықтың қатаң түрін ұстанады. Егер жұмсақ зайырлы мемлекет үлгісінде рұқсат беру басым болса, қатаң зайырлы мемлекет үлгісінде тыйым салу, шектеулер басым болады-деп, түйіндеуге негіз бар.

Ахмет Курудың зайырлы мемлекетті жұмсақ және қатаң зайырлы мемлекет үлгілеріне бөліп қарастыруы ғылыми тұрғыданда негізді тәрізді. Себебі бұл қазіргі заманғы зайырлы мемлекеттердің дін саласына қатысты саяси-құқықтық ұстанымдарын дәл сипаттайды. Енді мемлекеттердің дін саласына қатысты саяси-құқықтық ұстанған бағыты, яғни мемлекеттердің зайырлы мемлекеттің жұмсақ не қатаң үлгісін таңдау себептері қандай?-деген, сұрақтың жауабына алдымен жалпылама, ұзақ мерзімді және нақты жағдайлармен байланысты қысқа мерзімді қамтитын себептермен түсіндіруге болады. Жалпылама, ұзақ мерзімді себептер қатарына ең алдымен мемлекеттердің тарихи қалыптасқан діни тәжірибесін атап өтуге болады. Содан кейін мемлекеттердегі қоғамдық-саяси жағдаймен тығыз байланысты діни ахуалмен тікелей байланыстыруға болады. Расында КСРО тараған тұста алғашқы жылдары посткеңестік елдердің барлығы зайырлылықтың жұмсақ үлгісін ұстанды. Уақыт өте келе, әсіресе ТМД мемлекеттеріндегі діни-саяси ахуал күрделенген соң мемлекеттер өздерінің дін саласындағы саясатын өзгертті. Мысалы, Қазақстан Республикасы дін саласын құқықтық реттейтін 1992 жылы 15 қаңтарда Діни сенім және діни бірлестіктер туралы алғашқы Заң нормаларында рұқсат беру басым болып зайырлылықтың жұмсақ үлгісін ұстандын. Ал 2011 жылы 11 қазанда мемлекеттің діни қызмет және бірлестіктер саласын реттейтін қолданыстағы Заңында діни бірлестіктерді

құруда республикалық, өңірлік, жергілікті-деп, бөліп жаңа талаптар енгізілді. Діни бірлестіктерді құру, мемлекеттік тіркеу, қайта ұйымдастыру, таратуға қатысты шектеулер мен талаптар күшейтілді. Ал Ресей 1990 жылы 25 қабылдаған заңның орнына сәйкесінше 1997 жылы 26 қыркүйекте жаңа заң қабылдады. Өзбекістан Республикасындада осыған ұқсас жағдай олар алғашқы заңын 1991 жылы 14 маусымда қабылдады. Кейінгі дін саласына қатысты заңын екі рет жаңадан қабылдады, олар: 1998 жылы 1 мамырда және 2021 жылы 5 шілде айында. Өзбекістан Республикасының дін саласын реттейтін қолданыстағы "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Заңының басты шектеуі ретінде прозелитизмнің заңмен бекітілуі-деп, айтар едім.

Ал мемлекеттердің зайырлы мемлекеттің жұмсақ не қатаң үлгісін таңдауының нақты жағдайлармен байланысты қысқа мерзімді қамтитын бірнеше себептерін төмендегідей атап өтуге болады. Мысалы: дін өкілдерінің қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласа бастауы. Әсіресе, мемлекеттердегі сайлау науқаны кезінде анық байқалады. Мақсаты: мемлекеттік билікке қол жеткізуі арқылы белгілі бір діннің ғана мүддесін қорғау, қоғамдағы ықпалын арттыру. Екіншісі, белгілі бір діни ағым өкілдері мен діни көсемдердің ықпалды мемлекеттік билікке қол жеткізген тұста діни жақтастарының діни нормалар, діни ережелер мен діни сенімінің таралуына мемлекеттік деңгейде қолдауды талап ете бастауы. Үшіншісі, белгілі бір дін өкілдерінің өзге діни бірлестік өкілдеріне әртүрлі жолдармен қысым көрсете бастауы. Бұл жағдай азаматтардың дінге көзқарасына байланысты кемсітушілікке алып келеді, ар-ождан бостандығы құқы бұзылады. Төртіншісі, мемлекет пен қоғам өміріне қауіп төндіретін діни астамшылық пен діни алауыздықты қоздыру жағдайларының жиі орын алуы. Бесіншісі, дін өкілдерінің мемлекеттің тарихи қалыптасқан танымы, мәдени болмысы мен дәстүрін тәрік етуді кеңінен, белсенді насихатталуы. Алтыншысы, мемлекеттің заңды мүддесі мен мемлекетпен қорғалатын құндылықтарға қол сұғу әрекеттерінің орын алуы. Жетінші, мемлекеттің конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, мемлекеттің зайырлылық сипатына қарсы діни насихаттар мен уағыздардың көбейуі жағдайында мемлекет тарапына шұғыл, заң шеңберінде қатаң шаралар қабылдауға мәжбүр. Дін өкілдері тарапынан адам, қоғам, мемлекет өміріне қарсы белсенді, қатаң қадамдар жасалған тұста, мемлекеттің дін саласына қатысты ұстанымыда тиісінше қатаң болуы заңдылық. Демек мемлекеттің зайырлы сипаты конституциясында көрініс тауып, конституциялық норма арқылы бекітіледі. Ал, мемлекеттің зайырлы үлгісінің жұмсақ, пассивті немесе қатаң, активті болуы мемлекеттің дін саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілері арқылы ғана жүзеге асады.

Мемлекет зайырлы мемлекет үлгісінің жұмсақ түрін таңдауы үшін басты шарттар бар. Олар: ең алдымен мемлекетте діни ахуал тұрақты болуы тиіс; мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне діни саладан қауіп төнбеуі тиіс; дін ұстанушылар мемлекеттің заңдарына мүлтіксіз бағынып, қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты сақтауға мүдделі болуы тиіс. Осы шарттар орындалса

мемлекеттерде мемлекеттің дін саласына қатысты шектеулері мен тыйымдары негізсіз көп болмас еді.

Жалпы Ахмет Куру ұсынған зайырлы мемлекет үлгісінің жұмсақ немесе қатаң-деп, бөліп қарастырылуы ең алдымен мемлекет тарапынан дін саласын реттейтін құқықтық тетіктердің “рұқсат беру” және “тыйым салу” ерекшіліктеріне қатысты тұжырым екені анық байқалады.

Сонымен қатар Ахмет Куру зайырлылықтың үлгілерінен басқа мемлекеттердің дінге қатысты ұстанымдарын төрт топқа бөліп қарастырады. Олар:

(1) мемлекет басқару ісінде, мемлекеттің құқықтық және сот жүйесінің негізі ретінде, сонымен қатар құқықтың қайнар көзі ретінде діни нормалар мен діни соттарды танитын теократиялық яғни “діни мемлекеттер”;

(2) Діни нормалар мемлекеттегі құқықтың қайнар көзі ретінде танылмайтын. Алайда мемлекетпен ресми түрде танылған, мемлекеттік қолдауға ие “тұрақты діні бар мемлекеттер”;

(3) Мемлекеттік деңгейде атеистік идеологияны қолдайтын “дінге қарсы мемлекеттер”;

(4) “зайырлы мемлекеттер”.

Демек, зайырлы мемлекет келесідей белгілерімен анықталады: біріншіден, зайырлы мемлекеттерде мемлекеттің заң шығармашылық жүйесі мен сот жүйесі діннің ықпалында болмайды. Екіншіден, зайырлы мемлекеттердің бекітілген ресми діні болмайды. Сонымен қатар зайырлы мемлекет қандайда бір дінге қарсы саясат ұстанбайды. Діни бірлестіктер мемлекеттің бекіткен заңы аясында тең, еркін қызмет етеді. Алайда, мемлекетпен ресми түрде танылған, мемлекеттік қолдауға ие “тұрақты діні бар мемлекеттерді” зайырлы мемлекетте-деп, тануға болады? Болады егер, біріншіден ол мемлекеттерде діни нормалар, діни ережелер мемлекеттегі құқықтың қайнар көзі ретінде танылмайтын болса. Екіншіден мемлекеттің ресми діні болғанына қарамастан өзге дін өкілдерінің діни-сенім, ар-ождан бостандығы құқықтары қорғалса. Ресми түрде, конституциялық деңгейде мемлекеттік немесе ұлттық шіркеулері мен діні бар мемлекеттерді моно дінді мемлекет немесе теократиялы мемлекет-деп, айтуға келе қоймас. Себебі, ресми танылған діні мен шіркеулері болғанына қарамастан, бұл мемлекеттерде азаматтардың діни-сенім, ар-ождан бостандығын қорғау мен діни әр-алуандылықты қамтамасыз етуде ең демократиялық мемлекеттер болып саналады.

Қазіргі заманда зайырлы мемлекет үлгілері, яғни мемлекеттік пен дін арақатынасы әр алуан болып келеді. Қазіргі заманда мемлекет пен дін арақатынасыны әсіресе ислам діні кең тараған Таяу Шығыс, Солтүстік Африка, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде тым күрделі. Ал Сауд Арабиясы, Судан, Иран, Алжир, Ауғанстан, Пәкістан сияқты ислам діні нық орныққан елдерде ресми мемлекеттік діндер бар. Дүние жүзіндегі мемлекеттік діні ресми жарияланған елдердің басым бөлігі халқының басым бөлігі мұсылмандар болып табылады. Сонымен қатар халқының көпшілігі

мұсылмандар бола тұра ресми мемлекеттік дін жарияланбаған мемлекеттерде бар. Мысалы, Түркия, Мысыр, Әзірбайжан, Қазақстан, Өзбекістан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан. Ал, Батыс Еуропа мемлекеттері арасында зайырлы мемлекет болып саналатын және құқықтық институттары болғанымен, мемлекеттік қолдауға ие діні бар Дания, Мальта, Ұлыбритания және Андорра тәрізді бірнеше елдер бар.

Зайырлы мемлекет үлгілеріне қатысты ғалымдар түрлі үлгілерді ұсынады. Мысалы, И.В. Понкин зайырлы мемлекеттерді:

- «Преференциалды үлгі»;
- «Эквипотенциалды үлгі»;
- «Контаминационды үлгі»;
- «Идентификационды үлгі»-деп, бөліп қарастырады [140, 210 б.].

Преференциалды үлгіде мемлекет белгілі бір дінге басымдық беріп, таңдау жасайды. Әсілінде, діннің мемлекет пен қоғам өміріндегі маңыздылығы ескеріледі. Эквипотенциалды үлгіде мемлекет барлық діндерге тең, бейтарап ұстанымда болады. Мемлекет барлық діндерге бірдей жағдай жасап, заң мен соттың алдында діни бірлестіктердің теңдігін қамтамасыз етеді. Контаминационды үлгіде діни және зайырлылық ұстанымдар араласып кетеді. Контаминационды үлгі клерикалды мемлекеттік басқару үлгісіне келеді. Идентификационды үлгіде діни дәстүрлердің қайта жандануы мен қоғамдағы діннің ықпалының қайта жаңғыруына халық бастамашы болады. Халықтың діни-рухани жаңғыруға-деген, сұранысы мен талабын мемлекет тарапынан орындау барысында айқын көрінеді. Бұл құбылыс КСРО тараған тұста тәуелсіздік алған мемлекеттер өздерінің тарихи тізбегі үзілген діни тамырларына ұмтылуы әрекеттерінен анық көрініс тапты. Әсіресе Армения, Грузия, Тәжікстан мен Өзбекістанда діни қозғалыстар тым белсенді болды.

Ал, А. Останин болса зайырлы мемлекет үлгілерінің:

-*классикалық үлгі* (Ресей, Франция);

-*индифференттi үлгі* (АҚШ, Жапония);

-*преференциалды үлгі* (Италия, Израиль, Германия, Польша, Испания)-деген, үлгілерін ұсынады [141, 105 б.]. Зайырлы мемлекеттің классикалық үлгісіне мемлекет пен барлық діни бірлестіктермен ынтымақтастық қарым-қатынаста болады. Зайырлы мемлекеттің классикалық үлгісіне SWOT талдау жасап көретін болсақ. Алдымен жағымды, мықты (Strengths) тұсына келер болсақ: діни бірлестіктер қоғамдық ұйымдардың бірі ретінде мемлекетпен ашық ынтымақтастық орнатып, азаматтық қоғамның дамуына ықпал етеді. Діни бірлестіктер білім саласы, халықтың тұрмысы төмен бөлігіне әлеуметтік қолдау көрсету арқылы және қайырымдылық шараларын кеңінен ұйымдастырып мемлекетке қолдау көрсетеді. Жағымсыз жағы (Strengths) ретінде: мемлекетте діни ахуалды қадағалау мен бақылау әлсіз болады. Дәстүрлі емес діндердің саны артады. Прозелитизм, заңсыз миссионерлік саны артуы мүмкін. Отбасы институты, дәстүрлі құндылықтарға қарсы діни ұстанымдар кеңінен таралу қаупі бар.

Мүмкіндіктері (Opportunities) ретінде: қоғамда діни бірлестіктер

халықтың көңілінен шығу үшін шынайы бәсекеге түседі.

Қауіп-қатері (Threads) ретінде: дін өкілдері тарапынан діни астамшылықтар мен діни алауыздықтың қоғамда артуына алып келеді. Мемлекеттің мүдделері мен қоғамдық құндылықтарды мансұқтайтын дін ағымдар саны артады. Мемлекеттің конституциялық құрылысы мен мемлекеттің зайырлы сипатына қарсы деструктивті жат діни ағымдар көбейеді.

Зайырлы мемлекеттің индиферентті үлгісінде мемлекет барлық діни бірлестіктерден алшақ қарым-қатынаста болуға тырысада. XX ғасырдың екінші жартысынынан бастап АҚШ барлық діндермен тең алшақ ара-қашықтықты ұстауға тырысты. Халқының басым бөлігі протестанттар болғанына қарамастан АҚШ барлық діндерге тең қарым-қатынаста болу үшін осындай алшақтықты ұстап барынша бейтарап болуға тырысты. Зайырлы мемлекеттің индиферентті үлгісінде мемлекет діни бірлестіктерге қатысты бейтарап болуға тырысады.

Зайырлы мемлекеттің преференциялы үлгісінде мемлекет бір немесе бірнеше діни бірлестікке басымдық береді. Преференция сөзі – (латынша praeferens) таңдау, таңдаулы-деген, мағына береді. Зайырлы мемлекеттің преференциялы үлгісінде мемлекеттің таңдау жасап басымдық берген діни бірлестігін мемлекеттің ресми діні-деп, қабылдамаған жөн. Зайырлы мемлекеттің преференциялы үлгісінде мемлекеттер бір немесе бірнеше діндерге басымдық берерде, алдымен халық мәдениетінің дамуы мен діни-рухани өміріндегі тарихи рөлін басшылыққа алады. Мысалы: Италия Рим католик шіркеуін, Ресей Федерациясы православиеліктің, ал Қазақстан болса 2011 жылы 11 қазанда қабылданған қолданыстағы дін саласын реттейтін Заңның преамбуласында көрсетілгендей: ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады [69].

Қазақстан Республикасы 2011 жылы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңын қабылдау арқылы зайырлылықтың преференциалды үлгісін таңдады. Бұл туралы отандық ғалым М.Исахан: еліміз 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңды қабылдаумен зайырлылықтың Қазақстандық төл үлгісін қалыптастыруға бет-бұрыс жасады-деп [142], зайырлылықтың преференциялық үлгісін қолдайтынын атап өтеді. Шын мәнінде, М.Исаханның пікірі мемлекетіміздің діни тәжірибесі мен ұлттық қауіпсіздігіміз тұрғысынан “зайырлылықтың преференциалды үлгісі” ұтымда жол екені анық. Қазіргі кезде еліміздегі “зайырлылықтың преференциалды үлгісі” заң жүзінде бекітілген. Автор зайырлы мемлекеттің преференциалды нұсқасын қолдайды. Мемлекетіміз тарапынан ұзақ мерзімді дін саласындағы стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру үшін еліміздің конституциясының преамбуласына мынадай толықтыру енгізуді ұсынамын.

Преамбулада: Қазақстан Республикасы ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдени мұрасы мен руханиятына қосқан тарихи рөлін таниды. Діни ұстанымдары Қазақстан халқының дәстүрлі рухани құндылықтарымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейді. Конфессияаралық келісім, бейбітшілік пен татулықты, діни тағаттылықты (толеранттылықты), азаматтардың діни нанымдарын құрметтеуді маңызды санайды-деген ұсыныс. Осындай ұсыныс жасауға басты себептердің бірі зайырлылықтың преференциалды үлгісі даму перспективасы анық байқалуында. Алдағы жылдары еліміздегі діни ахуал бойынша халықтың діндар бөлігі санының артуы күтілуде, нақтылап айтар болсақ ислам діні өкілдерінің саны артады. Бұл жағдай халықтың табиғи сұраны негізінде еліміздің алдымен клерикалды мемлекеттік сипатқа ие болуы, ықтималдылық азда болса бар ол Қазақстан Республикасының теократиялық мемлекетке айналуы. Бұл әрине уақыттың еншісіндегі мәселе, ал қазіргі кезде еліміздің зайырлы мемлекет ретінде оның ішінде “зайырлылықтың преференциалды үлгісін” ұстануы оңтайлы жол екені анық.

Зайырлы мемлекеттің преференциялы үлгісінде мемлекет тарапынан белгілі бір діни бірлестікке қолдау көрсетудің әртүрлі жолы бар. Мемлекет өзінің жергілілікті атқарушы органдары арқылы діни бірлестіктерге жеңілдіктер жасауы мүмкін. Мемлекет тиісті діни бірлестіктерді қолдау мақсатында ақпараттық қолдау, тиімді заң нормаларын қабылдау, салықтық жеңілдіктер, құқықтық жауапкершіліктерден босату, заң шеңберінде қаржылай қолдау механизмдерін қарастыру, бюджеттік қаржыландыруға дейін шаралар қабылдауы мүмкін. Сонымен қатар зайырлы мемлекеттің преференциялы үлгісіндегі мемлекеттерде тиісті діни бірлестін халықтық қолдауға ие болады. Зайырлы мемлекеттің преференциялы үлгісі мемлекет пен дін арақатынасының клерикалды үлгісіне ұқсас болып келеді. Бұл жерде клерикалды мемлекет пен зайырлы мемлекеттің басты ерекшелігі ретінде клерикалды мемлекет өзінің мемлекеттік дінін ресми жариялайды. Алайда, клерикалды мемлекетте мемлекеттің ресми діні болғанына қарамастан, теократиялық мемлекеттен басты айырмашылығы клерикалды мемлекетте мемлекеттік билік діни көсемдердің қолында болмайды және клерикалды мемлекетте құқықтың қайнар көзі діни нормалар бола алмайды. Қазіргі заманғы клерикалды мемлекеттер Ұлыбритания, Дания, Швеция, Норвегия, Исландия, Греция, Португалия. Яғни клерикалды мемлекеттің зайырлы мемлекет пен теократиялық мемлекеттерге ұқсастығы мен айырмашылықтары бар екенін көреміз. Автор клерикалды мемлекеттерді құқықтық белгілеріне қарап зайырлы мемлекеттер қатарына қосуды дұрыс санайды. Бұл жерде ең бастысы ортақ ұқсастығы мен қатар айырмашылығы бар зайырлы мемлекеттің преференциялы үлгісі мен клерикалды мемлекет ара-жігін ажырата білу қажет.

Жоғары аталған А.В. Останиннің зайырлы мемлекеттің классикалық, индифферентті, преференциалды үлгілері мемлекеттің діни бірлестіктермен

өзара орнатқан қарым-қатынасымен, мемлекеттің дін саласына қатысты саяси-құқықтық ұстанымымен айқындалады.

Жалпы зайырлы мемлекеттің зайырлы үлгілерінің кең тарағаны Франциялық лайцизм, зайырлылықтың Француздық үлгісі. Әдемнің көптеген елдері конституцияларын осы Франциядан алған. Мысалы Францияның зайырлы мемлекет үлгісін алған мемлекеттер қатарына Түркия, Казақстан жатады.

Алғашқылардың бірі болып Түркия Республикасы Мұстафа Кемал Ататүріктің жетекшілігімен зайырлы мемлекет орнату тәжірибесінде Францияның зайырлылық нұсқасын қабылдайды. 1937 жылы 5 ақпанда Түркия Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізіп Кемализмнің алты қағидатын енгізу арқылы, ресми зайырлы мемлекет ретінде танылады [143].

Хакан Явуз Түркиядағы зайырлылықтың өзін үшке бөліп қарастырады. Олар: 1) Дінге қарсы қатаң саясат ұстанатын, кемалистік нұсқа; 2) Дінді бақылауында ұстайтын консервативті түрік-мұсылман нұсқасы; 3) зайырлылықтың либералды нұсқасы. Мұнда мемлекет ісіне дін араласпайды, дін еркіндігі басым болады [144, 153 б.].

Елімізде қоғам және мемлекет қайраткерлерінің туыс Түркия мемлекетінің зайырлылық үлгісін алуды, республикалық діни бірлестіктерге мемлекет бюджеті есебінен қаржыландыруды ұсынады. Автор мемлекетіміздегі Ислам дінінің Ханафи бағытын (масхабын) және Христиандықтың Православиелік бағытын халық мәдениетінің дамуы және діни-рухани өміріндегі тарихи маңызын негізге алып осы екі діни бірлестіктің діни қызметкерлеріне мемлекет бюджеті есебінен жалақы төлеуді ұсынады. Мемлекет бюджеті есебінен жалақы төлеуде Түркия мен Францияның тәжіриберілерін ескерген жөн. Ол турасында Францияның Сарбонна университетінде алдымен 1974-1976ж. магистратурада, кейін 1976-80 жылдары докторантурасын оқыған профессор Сабри Хизметли: қазіргі Түркия Республикасы – зайырлы мұсылман мемлекеті. Онда мемлекет ісі мен дін ісі бөлек. Бірақ, 85-ке жуық мемлекеттік университет қабырғаларында 85 дінтану-исламтану факультетінің, ұлттық білім беру министрлігінің қарамағында 500-ден аса діни гимназия, мыңдаған Құран жаттау курстарының болуы, 130 мың дін қызметкерінің мемлекет бюджетінен жалақы алуып діни қызмет жасауы Түркияның зайырлы мемлекет болуына кедергі жасамайды-дейді [145, 46 б.].

Расында, Түркия Дін істері басқармасының 2024 жылғы бюджетінің көлемі 3 млрд АҚШ доллардан (91,8 млрд TL) асады [146]. Ал 2025 жылға қарай Дін істері басқармасына 4 млрд АҚШ долларына (130 млрд TL) дейін бюджет қаржысын арттыруды жоспарлап отыр. Бұл Түркиядағы ислам дінінің мемлекет тарапынан қаншалықты қолдауға ие екенінің анық көрсеткіші [147].

Қазіргі заманғы зайырлы мемлекеттер қатарына мына төмендегі мемлекеттерді жатқызуға болады. Ангола, Алжир Халық Демократиялық Республикасы, Бенин, Ботсвана, Буркина-Фасо, Бурунди, Эфиопия, Чад,

Габон, Гвинея, Гвинея-Бисау, Оңтүстік Африка Республикасы, Камерун, Конго, Либерия, Мали, Намибия, Сенегал, Сомали, Тунис, Кабо-Верде, Антигуа және Барбуда, Гаити, Гайана, Гамбия, Гана, Гватемала, Гренада, Марокко, АҚШ, Аргентина, Боливия, Бразилия, Бенин, Эквадор, Сальвадор, Гондурас, Канада, Колумбия, Куба, Мексика, Парагвай, Перу, Пуэрто-Рико, Чили, Уругвай, Венесуэла, Багам аралдары, Белиз, Вануату, Бангладеш, Қытай, Гонконг, Макао, Шығыс Тимор, Филиппин, Жапония, Индия, Индонезия, Япония, Қазақстан, Солтүстік Корея, Оңтүстік Корея, Қырғызстан, Лаос, Моңғолия, Непал, Өзбекістан, Сингапур, Тәжікстан, Тайланд, Тайвань, Түркменістан, Вьетнам, Мысыр, Малайзия, Мальдив Республикасы, Мьянма, Армения, Андорра, Германия, Грузия, Албания, Австрия, Әзірбайджан, Бутан, Беларусь, Бельгия, Болгария, Босния және Герцеговина, Болгария, Дания, Исландия, Чехия, Армения, Эстония, Финляндия, Франция, Англия, Грекия, Грузия, Нидерланды, Хорватия, Ирландия, Шотландия, Испания, Швеция, Швейцария, Италия, Венгрия, Кипр, Израиль, Ирландия, Черногория, Македония, Латвия, Литва, Люксембург, Молдова, Польша, Португалия, Румыния, Ресей, Сербия, Словакия, Словения, Түркия, Австралия, Микронезии, Жаңа Зеландия, Иордания,

Сонымен қатар бұрын зайырлы мемлекет болғанымен кейіннен мемлекетте ресми дін жариялаған елдерде бар. Иран, Ирак, Мадагаскар, Пәкістан бұрын зайырлы мемлекеттер еді. Иран (1925-1979) 1979 жылы Ислам революциясынан кейін Иран Ислам Республикасына айналды. Ирак (1932-1968), Мадагаскар Мадагаскар (1960-2007) 2007 жылы ел конституциясынан зайырлылық қағидаты алынып тасталды. Пәкістан (1947-1956) 1956 жылғы Конституциямен Ислам Республикасына айналды. Ауғанстан Ислам Республикасы, Бахрейн, Бруней Даруссалам Мемлекеті, Біріккен Араб Әмірліктері, Мавритания Ислам Республикасы, Йемен Республикасы, Сауд Арабиясы, Катар, Ватикан ресми мемлекеттік діні бар елдер қатарында.

1990 жылға дейін тек Албания конституциялық деңгейде өзін атеистік мемлекет ретінде жариялаған еді. Ал КСРО, Қытай тәрізді мемлекеттер конституцияларында атеизді насихаттау құқығын бергенімен, өзге дін өкілдеріне діни-сенім бостандығын кепілдік берді.

Қорыта келе зайырлылықтың күрделі ұғым ретінде әрі зайырлы мемлекет үлгілерінің ерекшеліктері, айырмашылықтары, ұқсастықтары көп екенін байқаймыз. Зайырлы мемлекет үлгісі мемлекеттердегі мемлекет пен дін арақатынасын құқықтықтық реттеу жолымен қалыптасатын мемлекеттің дін саласын басқару нысаны. Осы ретте қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілері мен мемлекет пен дін арақатынасы үлгілері екі бөлек түсінік екеніне мән берген абзал.

Мемлекеттердің зайырлы мемлекет үлгілерін зерттеу барысында секуляризм мен лайцизмді зайырлы мемлекет үлгілерінің екі түрі-деп, қарастырылмады.

Зайырлы мемлекет үлгісін қалыптастыруда екі жағдай маңызды. Біріншісі мемлекеттегі ұзақ мерзімді мемлекет пен дін арақатынсы, халықтың

құқықтық және діни санасы, діни ахуал ескерілсе, 2-ші жағдай мемлекеттегі қысқа мерзімді мемлекет пен дін арақатынасы мәселелері назарға алынады. Мемлекет дін саласындағы қатынастарды реттеу үшін қабылдайтын нормативті актілер ең алдымен осы жағдайларға байланысты әрі, зайырлылықтың мемлекеттік үлгісін қалыптастырады.

Қазіргі заманғы зайырлы мемлекеттердің белгілі бір "зайырлы мемлекет үлгісін" ұстануы ең алдымен зайырлы мемлекеттегі мемлекет пен дін арқатынасы немесе діни ахуалға тікелей қатысты, әрі тәуелді екенін негізге аламыз. отырып. Сонымен қатар қоғамдық-саяи ахуал, әлеуметтік-мәдени орта мен мемлекеттегі саяси конъюктураның күрт өзгеруіде (КСРО-ның ыдырауы) мемлекеттердің белгілі бір зайырлы мемлекет үлгісін таңдауға себеп болады.

Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгісін зерттеу диссертациялық жұмыстың мазмұнын аша түседі. Әлемдік тәжірибедегі зайырлы мемлекет үлгілерінің ұтымды, тиімді тұстарын қолданысқа енгізу қажет. Зайырлы мемлекет үлгілерінің әр-алуан түрлері тану, өзіндік ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері мемлекетіміздің зайырлы мемлекет ретінде орнығуына оң ықпал ететіні анық.

Мемлекет зайырлы мемлекет үлгісін ешбір мемлекет ауадан алып, өз халқына күштеп мойынсұндыра алмайды. Мемлекет халықтың заңды діни мүдделері мен діни құндылықтарын ескеруі, тануы, мойындауы арқылы конституциялық норма енгізу жолымен және арнайы дін саласын реттейтін заң арқылы зайырлы мемлекет үлгісін қалыптастыра алады.

Мемлекеттің зайырлы үлгісінің жұмсақ (пассивті) үлгісі АҚШ-ның зайырлылық үлгісіне тән болғандықтан, зайырлылықтың осы үлгісін секуляризм-деп, тану жиі кездеседі. Ал қатаң (активті) зайырлылық үлгісі Францияның зайырлылық үлгісіне тән болғандықтан қатаң зайырлылық үлгісін лайцизм-депте атайды. Алайда автор секуляризм мен лайцизм синоним ғылыми термин-деп, тұжырым жасайды.

Зайырлылық үлгісінің жұмсақ немесе қатаң болуы мемлекет тарапынан ең алдымен діни ағымдарға қатысты саяси-құқықтық ұстанымын білдіреді. Бұл мемлекеттерде діни ағымдар мемлекетке идеологиялық қарсылас ретінде өмір сүріп, көлеңкелі, күмәнді, деструктивті әрекеттерге барады. Тиісінше мемлекеттерде қарсы шара ретінде заңнамалық шектеулер жасайды.

Ал зайырлылықтың классикалық, индифферентті, преференциалды болып бөлінуі мемлекеттің діни бірлестіктерге қатысты саяси-құқықтық ұстанымын білдіреді. Бұл мемлекеттерде діни ағым өкілдері діни бірлестіктер құрып заң шеңберінде, ашық қызмет жолын таңдайды.

Жалпы жоғарыдағы ерекшеліктерді заң ғылымы тұрғысынан талдау арқылы Францияның зайырлылық үлгісін Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет үлгісі ретінде таңдап алу маңызды болмақ. Зайырлылық мәселелерін зерттеу нәтижесде зайырлы мемлекет – Қазақстан Республикасының дұрыс таңдауы деген гипотеза жасауға болады.

Дегенмен, зайырлы мемлекет туралы әр-түрлі саяси-құқықтық ойлар, тұжырымдар, анықтамалардың болуына қарамастан зайырлылық туралы, зайырлы мемлекет туралы ортақ заңдылықтар, ортақ құқықтық белгілер бар.

Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілерін зерттеу "зайырлы мемлекет индексін" қолданысқа енгізу ұсынылады. "Зайырлы мемлекет индексін" жобасын енгізуді докторант Түркістан облысы дін істері басқармасының жанындағы "Дін мәселелерін зерттеу орталығымен" бірлесіп қолданысқа енгізуді жоспарлауда.

Қорыта келе, Кез-келген мемлекеттің зайырлы мемлекет үлгісін таңдауы сол мемлекеттің егеменді құқығы. Зайырлы мемлекет үлгісінің қалыптасуына зайырлылыққа қатысты мемлекеттің конституциялық-құқықтық ұстанымы, мемлекеттегі діни-саяси ахуал, зайырлылық туралы саяси-құқықтық ықпалды көзқарастар зор ықпал етеді. Сонымен қатар мемлекеттің зайырлылық үлгісін таңдауда мемлекет өмірінің діни тәжірибесі мен халықтың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығығының қорғалуы маңызға ие.

Сонымен қатар, әлемнің көптеген мемлекеттері конституцияларында "зайырлы мемлекет" екенін анық көрсетпеген. Оның бірнеше себептері болуы мүмкін: Біріншісі - мемлекеттер конституцияларының қабылдану кезеңінде зайырлылық қағидаты конституциялық норма ретіне кең тарамаған еді. Екіншісі – мемлекеттердің сөздік қоры мен заң терминологиясында "зайырлы" терминінің болмауы басты себеп. Үшіншісі - зайырлылық қағидатын конституцияларына енгізуді қажет-деп, таппауы мүмкін.

Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілері мемлекеттердің діни тәжірибесіне және мемлекет тарапынан мемлекеттің дін саласын реттейтін саяси-құқықтың таңдауына байланысты. Мемлекет пен дін арақатынасы күрделі болған сайын зайырлы мемлекет үлгілеріде әралуан болады.

Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілерін конституциялық-құқықтық тұрғыдан зерттеу зайырлы мемлекеттерге қатысты тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде қазіргі заманғы зайырлы мемлекеттердің ерекшеліктері мен айырмашылықтары толыққанды ажырату негізінде Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуының тиімді үлгісін таңдауға мүмкіндік береді.

1.3 Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы.

Қазақстан Республикасы өзін зайырлы мемлекет ретінде 1995 жылы 30 тамыздағы жалпы халықтық референдумда қабылдаған Конституциясында жариялады. Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары-деп, көрсетілген. Ал тәуелсіз Қазақстанның 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің қабылдаған алғашқы Конституциясының Құрылыс негіздері бөлімінің бірінші тармағында: *Қазақстан Республикасы* (Қазақстан) – демократиялық, *зиялы* және біртұтас *мемлекет*-деп, көсетілген [148]. Бұл заңнамалық тұрғыда

зайырлылық қағидатына қатысты терминологиялық мәселе бар екенін көрсетеді.

Жалпы Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуын зерттеу Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орныгуының конституциялық-құқықтың легитимділігін нығайта түседі. Заң терминологиясында құқықтық ұғымның дәлме-дәл, біркелкі қолданылуы үшін нақты құқықтық анықтаманың, ресми танылған түсініктің болуы маңызды. Қазақ тарихында қазіргі заманғы зайырлы ұғымының баламасы болған архаизм сөздің бірі "дүниәуи" термині ертеректе жиі қолданғанымен қазіргі заманда оқтын-оқтын қолданылуда. Егер "дүниәуи" терминінің қолданыс аясы әдеби және діни ортада ғана кездесетін болса, тұңғыш Конституциямыздағы "зиялы" терминінің қолданылу себептері неде? Не себепті 1995 жылы қабылданған конституциямыздағы "зайырлы" терминін қабылдадық? Осы сұрақтар Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы мен Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орныгуының конституциялық-құқықтың негіздерін нығайта түседі. Екіншіден Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуының тарихи хронологиялық тізбегін зерттеу маңызды. Осы арқылы халықтың діни сананы қабылдауы арқылы, өзіндік діни таным қалыптастыруы оның жүріп өткен жеке діни тәжірибесі мен орныққан діні сенімімен мемлекеттің конституциялық-құқықтық тұрғыда зайырлы мемлекет ретінде орныгуының арасында үйлесім бар екенін дәлелдей аламыз.

Алдымен Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасу кезеңдерін үш тарихи кезеңмен байланыстырып 3-ке бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңін жалпылама ежелгі замандардан КСРО кезеңіне дейінгі аралық, екінші кезең Қазақстанның КСРО құрамындағы кезеңі, үшінші кезең Қазақстан Республикасының 1991 жылдан қазіргі кезеңге дейінгі тәуелсіздік жылдарындағы кезең.

Біріншіден кезеңде Қазақстан Республикасы аумағына ислам діні енгенге дейін қазақ жерін ежелгі түркі көшпелі тайпалары мекендеген еді. Түріктердің арғы ата тегі саналатын Сақ, Үйсін, Қаңлы, Ғұн және т.б тайпалар табиғатқа, пұтқа табынушылық, шаманизм, ата-бабалар культі, магия, тәңіршілдік, зороастризм, манихейлік, несториандық және т.б. діндерді ұстанды. Жаугершілік көп болған заманда әскери демократияның белгісі ретінде мемлекеттің басшысы бір бөлек, діни абыздар бір бөлек болды. Діни абыздар мемлекет басшысының жанында халықты ұйыстырушы қызметін атқарды.

Ислам діні келгенге дейін қазақ жеріне өмір сүрген тайпалар қуатты орталықтанған мемлекеттік басқару жүйесін құра алмады. Діннің қоғамдық өмірге ықпалы халықтың мифтік санасынан ары аспады. Дегенмен, қазіргі заманғы зайырлылық қағидатының алғашқы нышандарының бірі діни төзімділік көрініс беретін. Бірақ халықтың дәстүрлі діни-сеніміне нұқсан келтіргені үшін өлім жазасы кеңінен қолданылаты. Алғашында діни төзімділік табиғаттың тылсым күштеріне илану, ғажайып жағдайлардың орын алуымен байланысты өзгеріпте тұрды. Қоғам мүшелерінің кейбірінің өзге діни

көзқарасы қоғамның мүддесіне нұқсан келтірмейтін. Тек уақыт өте келе тайпа көсемі немесе діни абыздардың қоғамдағы беделінің артуы жағдайында олардың діни-нанымдарына селкеу түсіру, күмән келтіруге тыйым салынды. Көшпенділер мәдениетіндегі «құдайы қонақ», «қырықтың бірі-Қыдыр» ұғымы мен ислам діні хадисіндегі «көршімен тату болу» ұстанымы өзге дін өкілдеріне құрметпен қарау, өзгелердің діни-сенім бостандығын шектемеуді үйретті. Сонымен қатар ислам дінін қабылдағанға дейінгі қазақ жерін мекендеген тайпалар үшін сәбидің кіндік қаны тамған жері мен ата-бабасының жерленген жері қасиетті мекен-деп, саналды және ол қасиетті жерлерді иемдену, қорғау құқығы бар-деп, есептелді. Бұл жерге деген ұжымдық меншіктің пайда болуына сеп болды.

Қазақ жеріне ислам діні алғаш рет VIII ғ. басында нақтырақ айтсақ 714 жылы араб әскер қолбасшысы Кутейб инб Муслим бастаған әскери жорықтың оңтүстік аймақтарға енуімен басталады. Алғашында араб әскерлері әлсіздік танытып 737 жылы кері шегінуге мәжбүр болады [149, 186 б.].

751 жылы қытай мен араб әскерлері Атлах қаласының маңында соғысады. Арабтардың саяси билігі Аббасилер әулетінде болса, қытайлар жағы Тан патшалығы қолында еді. Осы соғыста қарлұқтар арабтармен болысып Тан патшалығы әскерін күйрете жеңеді. Атлах шайқасы кейбір утарихи деректерде Талас соғысы, Талас шайқасы, Атлах ғазауаты-деген атаулармен кездеседі. Атлах шайқасы Орта Азия мен Қазақ жеріне ислам дінінің кеңінен тарауына негіз болды [150, 2 б.].

Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде саяси үстемдікке қол жеткізген қарлұқ тайпалары 766 жылы мұсылман дінін кеңінен ұстана бастайды.

X ғасырда Қарахан әулетінің негізін қалаушы Сатұқ ислам дінін қабылдайды, ал оның ұлы Боғра хан 960 жылы ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялайды. Қазіргі заманғы мемлекет пен дін арақатынасы тұрғысынан қарағанда тарихи сәт 960 жылдан бастап ислам діні мемлекеттік қолдауға ие болып қазақ даласына емін еркін тарайды. Өтеміш Қожаның «Шыңғыс-Нама» атты еңбегінде Дешті-Қыпшақ халқы Берке хан (1209-1266ж.) тұсында мұсылмандықты қабылдап, мешіттер мен медреселер салына бастағаны айтылады [151, 99 б.].

VIII ғ. бастау алып XII ғасырға дейінгі аралықта ежелгі Қазақ жерін мекендеген тайпалар ислам дінін қабылдап қоғамның ауызбіршілігімен, діни алауыздыққа жол бермей тұрақты даму жолына көшті. Қоғамда саяси тұрақтылық орнады. Дін тарамданған тайпаларды бір шаңырақ астына ұйыстырушы, біріктіруші ортақ дүниетаным қалыптастырушы күшке айналды. Ежелгі сауда керуен жолдары арқылы ислам әлеміне енді тек сауда ғана емес өнер, білім, ғылым үйренуге жол ашылды. Қазақ жерінен Ахмад әл-Исфиджаби, әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгінеки, Махмұх Қашқари, Сүлеймен Бақырғани және т.б. ғұламалар өмірге келді.

Қазақ жеріне Ислам дінінің орныгуы Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты. Байырғы қазақ жерінде өмір сүрген Алтын Орда мемлекеті Өзбек хан тұсында ислам дінін толық қабылдады.

Ислам дінінің қазақ жеріне келуімен тайпалар қуатты орталықтанған мемлекет құра білді. Халықтың рухани тұтастықты артты. Сауда қатынастары, ғылым, білімнің жақсаруымен халықтың материалдық жағдайы жақсара түсті. Қазақ жерін мекендеген халықтар ислам өркениетінің бір бөлігіне айналды. Ел билеген хан сұлтандар мемлекет пен дінді бөліп қарамады. Қайта мешіт, медресе ашып беру ісінде белсенді болып қазақ жеріне ислам дінінің кеңінен таралуына қолдау білдірді. Мемлекеттің басқару жүйесі, заңшығармашылық, сот төрелігі әдет-ғұрып және шариғат заңдарымен қатар жүрді. Қазақ даласында түркілік сопылық жолды қалыптастырған Қожа Ахмет Ясауидің басына Түркістанда күмбез орнатып, құрмет көрсетті. Әмір-Темірдің мемлекет басқару кезінде Қожа Ахмет Ясауидің кесенесін орнаиуы қазақ даласындағы мемлекет пен дін арақатынасының қаншалықты жақын болғанын көрсетеді [152].

Қазақ хандығы тұсында қазақ халқы мұсылман әлемінің бір бөлшегіне айналды. Халық шариғат заңдарын мойынсынып, фиһқ, ақида ілімінен хабары болды. Орта Азия халықтарының құрамдас бөлігі ретінде ханафилік мазхабты ұстанды. Діни жоралғылар мен шараларды қожалар қауымы жүзеге асырды. Дегенмен қазақ хандығында қоғамдық қатынастар шариғат заңдарына қарағанда әліде әдет-ғұрып нормаларымен реттелетін. Сот төрелігін шариғат заңдарына сай қазылар (қади) емес, әдет-ғұрып пен қатар шариғат заңдары негізінде билер жүзеге асырды. Қазақ хандары мемлекеттік басқару ісінде үнемі билерден қолдау тапты. Қазақ мемлекеттілігі мен мәдениетінің қалыптасуында Ислам дінінің маңызы зор болды. Қазақ халқының ұлттық санасының алтын діңгегі саналатын әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, адамгершілік құндылықтары ислам діні негізінде қалыптасты. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның Жеті Жарғысы-атты, заңдар жинағын әдет-ғұрып пен шариғаттан толық хабары бар, діни сауатты сол заманның билері мен қазылары жасаған.

Патша үкіметі тұсында мемлекет дінді өз бақылауында ұстауды қолға алады. Алғашқы қадамы ретінде 1788 жылы Уфа қаласында орталық діни басқарма құрады, Қазақстанның дін істері мәселелері осы орталыққа бағынды. Артынша 1797 жылы Орынбор мүфтилігін құрылады. Орынбор мүфтилігі елдегі қазылар мен молдаларды орталық әкімшілік-аумақтық бөлініске сай тағайындауды қолға алады. Патша үкіметі Орынбор мүфтилігі арқылы қазақ жеріндегі діни мәселелерді бақылап, реттеп отырды. Ал жергілікті әр болыстан сайланған молдаларды әскери губернатор бекітетін болды.

Қазақ жерінде Кеңес Одағы орнаған тұста мемлекет пен дін арақатынасы тым нашарлап кетті. КСРО түбегейлі атеистік идеологияның жақтаушысына айналып діндарлар мен діни бірлестік өкілдерін қуғынға ұшыратты.

1917 жылы Ұлы Қазан төңкерісінен кейін 27 қазандағы Жер туралы Декрет пен 2 қазандағы Ресей халықтарының құқығы туралы Декларацияда шіркеулер мен өзгеде ұлттық-діни бірлестіктерге тиесілі жер мемлекет меншігіне өтті. 20-30 жылдары дін өкілдері мемлекет тарапынан көп қысым көрді. Дегенмен, Алаш зиялыларының мемлекет пен дін арақатынасын

құқықтық реттеу мәселесіне қатысты батыл ұстанымы болды. Алаш зиялылары дін мәселесінде зайырлылықтың преференциялық үлгісін қолдады, дұрыс санады. Себебі, Алаш қозғалысының ардақтылары 1905 жылы Ресей Патшасына жолдаған "Қарқаралы петициясында" халықтың діни-рухани мұасы саналатын ислам діні құндылықтарын көздің қарашығындай заңмен қорғауын талап етті [153].

Сонымен қатар «Алаш» партиясы тарапынан 1917 жылы қабылдаған Бағдарламаның 4-ші тарауы «Дін ісі»-деп, аталды. Осы тарауда көрсетілгендей «Дін ісі мемлекет ісінен бөлек болуы тиіс. Дін біткенге тең құқық беріледі. Дінді жаюғада тең құқық беріледі. Сонымен қатар діннен кіріп-шығу жағынада бостандық беріледі. Мүфтилік қазақта өз алдына болуы тиіс. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер молдада болуы көзделсін. Жесір дауы сотта қаралуы»-тәрізді құқықтық нормалар көрсетілді. Бұл нормалар преференциялық зайырлылықтың көрінісі екені анық.

1922 жылы 2-маусымда Кеңес Одағы мұсылмандарымен жұмыс жүргізетін арнайы орган құрылады. Мекеме Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың шығыс бөлімі-деп, (БМСБ) аталды. БМСБ (ОГПУ) қызметі Кавказ, Түркістан өлкесі, Хиуа, Бұхара, Қырғыз елі, Татарстан Башқұртстан және Қырымның ерекшеліктерін барлау мен тыңшылықпен айналыстын Іс-жүзінде басқарма қызметі өңірлердің діни ахуалын бақылады.

Кеңес Одағы тұсында әсіресе 1929-1942 жылдары аралығында мемлекет тарапынан дінге қысым өте жоғары болды. Бұл 1929 жылы 11-15 маусымда Мәскеуде «Құдайсыздар Одағы» ұйымдастырған II-съезден кейін ерекше қарқын алады. Осы II-съезге әлемнің түкпі-түкпіріне, КСРО-ның барлық өңірінен жиналған 1200 делегат қатысады [154, 80 б.].

КСРО-да өмір сүрген діндарлар болса 1932-1937 жылдарды «құдайсыз өткен бесжылдық»-деп, ең ауыр кезеңді осылай атаған. Кеңес Одағында христиан дінін ұстанушылармен қатар мұсылман дінін ұстанатын халықтыңда саны басым еді. КСРО 1939 жылға дейін діни ұйымдарды жою саясатын мемлекеттік билік органдарының, әкімшілік әдіс-тәсілдері арқылы жүргізді.

1929 жылы 24 қаңтарда орталық атқарушы меммелерге «Дінге қарсы жұмысты күшейту шаралары туралы» құпия циркуляр жолданады [155]. Бұл құжат ресми түрде мемлекет тарапынан дінге қарсы жасалған нұсқаулық іспетті болды.

Ал 1918 жылғы 20 қаңтардағы «Шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлу туралы» туралы РКФСР (РСФСР) Халық Комиссарлар Кеңесі тарапынан қабылданған Декрет негізінде қабылданған 1929 жылы 8 сәуірдегі «Діни бірлестіктер туралы» қаулысы ұзақ жылдар бойына Кеңес Одағы кезеңде 1990 жылғы Ресейдің «Діни сенім бостандығы туралы» қабылдаған заңы күшіне енгенге дейін әрекет етті [156]. КСРО-ның алғашқы онжылдықтарында көптеген православиелік шіркеулер, атап айтқанда Мәскеудегі Құтқарушы Христос Соборы, Мәскеу Кремль маңындағы 14 ғасырдағы бірнеше монастырлар, сондай-ақ бүкіл ел бойынша көптеген шіркеулер жойылды. 1925-1947 жылдары КСРО-да «Жауынгер атеистер

одағы» қоғамдық ұйымы жұмыс істеді, мемлекеттік дінге қарсы әдебиет баспасы жұмыс істеді. 1965-1990 жылдары қызмет еткен КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі Кеңеске 1965-1984 жылдары аралығында төрағалық еткен В. А. Куроедовтің КГБ генерал-лейтенант шені болуы жай мемлекеттің ғана емес, мемлекеттік күштік құрылымның дінге ықпал ету деңгейін көрсетіп тұр. КСРО-ның дін саласына қатысты құқықтық саясаты, діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуі мәселелері, дінге қарсы бағытталған саяси-идеологиялық қысымы, атеизмді ашық қолдауын негізге алып КСРО конституциясындағы "КСРО азаматтарының дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең болуы, азаматтардың ар-ождан бостандығы, яғни кез келген дінді ұстану немесе ешбір дінді ұстанбау, діни ғұрыптарды ұстану немесе атеистік насихат жүргізу құқығына кепілдік берілуі мен діни сенімге байланысты араздық пен өшпенділік тудыруға тыйым салынуы және КСРО-да шіркеу мемлекеттен, ал мектеп - шіркеуден бөлінген-деген, конституциялық қағидалардың болуына қарамастан атеистік мемлекет санатына жатқызуға болады. Яғни мемлекеттің конституциясында зайырлылық қағидатының болуы, мемлекеттің зайырлылығын білдіретін өзгеде конституциялық нормалардың болуы, егер іс жүзінде дін саласына қатысты зайырлылық қағидаттарына сай құқықтық саяат ұстанбайтын болса ол мемлекетті зайырлы мемлекет емес, атеистік мемлекеттер санатына қосамыз.

Орыс православие шіркеуінің Кеңесі 1943-1965 жылдар аралығындағы Орыс православие шіркеуінің мәселелерімен айналысатын КСРО Үкіметі жанындағы мемлекеттік орган болды. Кеңестің келісімінсіз жергілікті билік органының шіркеулерді жабуға құқығы жоқ еді. Жергілікті жерлерде Кеңес атынан оның жергілікті билік органдары тағайындайтын және қаржыландыратын уәкілетті өкілдері әрекет етті. Уәкілдердің Кеңеске ресми есеп беруіне қарамастан, олар іс жүзінде жергілікті билік органдарына бағынды. Ал 1944 жылы 14-ші мамырда Діни ғибадат мәселелері жөніндегі Кеңесі құрылады. Бұл Кеңес Орыс православие шіркеуінен басқа діндердің мәселелерімен айналысатын. Осы қос Кеңес бірігіп 1965 жылы "Дін істері жөніндегі Кеңес" болып бірігеді.

1965-1990 жылдары қызмет еткен КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі Кеңеске 1965-1984 жылдары аралығында төрағалық еткен В. А. Куроедовтің МҚК (КГБ) генерал-лейтенант шені болуы жай мемлекеттің ғана емес, мемлекеттік күштік құрылымның дінге ықпал ету деңгейін көрсетіп тұр. КСРО-ның дін саласына қатысты құқықтық саясаты, діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуі мәселелері, дінге қарсы бағытталған саяси-идеологиялық қысымы, атеизмді ашық қолдауын негізге алып КСРО конституциясындағы "КСРО азаматтарының дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең болуы, азаматтардың ар-ождан бостандығы, яғни кез келген дінді ұстану немесе ешбір дінді ұстанбау, діни ғұрыптарды ұстану немесе атеистік насихат жүргізу құқығына кепілдік берілуі мен діни сенімге байланысты араздық пен өшпенділік тудыруға тыйым салынуы және КСРО-да шіркеу мемлекеттен, ал мектеп - шіркеуден бөлінген-деген, конституциялық

қағидалардың болуына қарамастан атеистік мемлекет санатына жатқызуға болады. Яғни мемлекеттің конституциясында зайырлылық қағидатының болуы, мемлекеттің зайырлылығын білдіретін өзгеде конституциялық нормалардың болуы, егер іс жүзінде дін саласына қатысты зайырлылық қағидаттарына сай құқықтық саяат ұстанбайтын болса ол мемлекетті зайырлы мемлекет емес, атеистік мемлекеттер санатына қосамыз.

Жалпы КСРО өмір сүрген 1922-1991-жылдар аралығында дінге қысым, шектеулер көп болғанымен тек екі тарихи кезеңде мемлекеттің дін саласындағы саясаты жұмсақтық таныта бастайды. Біріншісі II-ші дүниежүзілік соғысы тұсында, Кеңес өкіметі орнағаннан кейін дінге қатысты жеңілдіктер алғаш рет осы тұста жасалды. Бұл кезде Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (САДУМ) мен мемлекеттің орталық билігі ынтымақтастыққа барды. САДУМ-ның ықпалын пайдаланып Орта Азия мұсылман халықтарын II-жүние жүзілік соғыс жағдайында Кеңес Одағы әскерімен бірге болуды үндеді. Фашизмге қарсы соғысқа шақырып, кеңес әскерін қолдау туралы діни пәтуа берді [157, 93 б.]. Ал екіншісі 1985-1991 жылдар аралығындағы «Қайта құру» кезеңінде. 1943 жылы 14-ші қыркүйекте Орыс православие шіркеуінің Кеңесі құрылса (ОПШ Кеңесі), 1944 жылы 14-ші мамырда Дін істері жөніндегі Кеңесі құрылады (Совет по делам религиозных культов). 1985-1991 жылдары КСРО ең алдымен мемлекеттің дін саласындағы жаңа заң жобасын қолға алады. Шын мәнісінде, сол кезеңдегі саяси жағдайға тән үрдіспен заң жобасын ең алдымен Мәскеу ұсынды. Заң жобасын жасау екі бағытта жүрді. Бірі Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасына қолайлы жасалған заң жобасының негізінде блса, екінші заң жобасы КСРО-ның барлық 15 Одақтас Республикалары халқының мүддесін көздейтін заң жобасы еді.

Расында кейбір мемлекеттер конституцияларында азаматтардың ар-ождан, діни-сенім бостандығы, діни төзімділік кепілдік берілгенімен ол мемлекеттерде де-факто атеистік не зайырлы мемлекет санатына қосуға болмайды. Мысалы 1978 жылғы КСРО конституциясының 34-бабына сәйкес: “КСРО азаматтары тегі мен әлеуметтік, мүліктік жағдайына, нәсіліне және ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, дінге көзқарасына, қызмет түрі, қызмет сипаты, тұрғылықты жеріне және басқа да жағдаяттарға қарамастан заң алдында тең. КСРО азаматтарының құқықтарының теңдігі экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында қамтамасыз етіледі”. Ал осы конституцияның 52-бабында “КСРО азаматтарына ар-ождан бостандығы, яғни кез келген дінді ұстану немесе ешбір дінді ұстанбау, діни ғұрыптарды ұстану немесе атеистік насихат жүргізу құқығына кепілдік беріледі. Діни сенімге байланысты араздық пен өшпенділік тудыруға тыйым салынады. КСРО-да шіркеу мемлекеттен, ал мектеп - шіркеуден бөлінген”-деп, көрсетілген еді [158]. Осы 34, 52-баптарға қарап КСРО-ны конституциясында зайырлылықтың белгілері бар (заң жүзінде), алайда іс жүзінде КСРО-да атеистік дүниетаным партия және мемлекеттік мекемелер тарапынан қолдауға ие болды; жоғары оқу орындарында «ғылыми атеизм»

пәні оқытылды. Бұл конституциялық нормалар КСРО конституциясына тиесілі, ал ҚазКСР 1978 жылғы конституциясының 50-бабында “Қазақ КСР азаматтарының ар-ождан бостандығы, яғни кез-келген дінді ұстану немесе ешбір дінді ұстанбауына, діни ғибадат ету немесе атеистік насихат жүргізу құқығына кепілдік береді. Діни араздық пен өшпенділік тудыруға тыйым салынады. Қазақ КСР-да мешіт пен шіркеу мемлекеттен, ал мектеп мешіт пен шіркеуден бөлінген”-деп, көрсетілген [159]. Осы конституцияда зайырылылық термині болмағанмен мемлекет пен діннің бөлінуі туралы конституциялық норма болды.

Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуының үшінші кезеңі 1992 жылы 15 қаңтарда “Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы” Заңының қабылдануымен бастау алады. Бұл заң неге тәуелсіздік жариялаған күннен бастап бір ай өтер өтпес мерзімде қабылданды?-деген, орынды сұрақ туындайды. Бұл дін саласын реттейтін заң жобасы КСРО-дың соңғы жылдарында кеінен талқыланып, 1990 жылдың 1 қазанында КСРО Жоғарғы Кеңесімен “Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы” Заң қабылданады. Яғни, Кеңес Одағы деңгейінде қабылданады. Артынша одақтас елдер заңнамасына енгізіп 1990 жылдың 25 қазанында РКФСР (РСФСР) тарапы “Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы” заңын қабылдайды [160].

1992 жылғы “Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы” Заңда Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет екендігі алғаш рет заңнамада көрсетіледі. Осы заңға сәйкес: “Қазақстан Республикасының әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылатынын таниды, азаматтардың діни сеніміне қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік береді, Қазақстан халықтарының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын және конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеуді таниды [5].

1993 жылғы алғашқы конституциядағы зайырлылық қағидатының орнына зиялы терминін қолданғаннан кейін 1995 жылы қазіргі қолданыстағы конституциямызды зайырлылық қағидаты конституциялық норма түрінде бекітілді. Ал 2011 жылғы қабылданған қолданыстағы дін саласын реттейтін заң Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуының легитимділігін арттырған, дін саласын құқықтық реттейтін маңызды нормативті құжат болды.

Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуы тек нормативті актілер қабылдаумен толыққанды жүзеге аспағаны анық. Осы мақсатта мемлекет тарапынан мемлекет пен дін арақатынасын реттеу, зайырлы мемлекет қалыптастыру, зайырлылық құндылықтарын насихаттау мен ілгерілету үшін ұйымдастырушылық шараларда ерекше маңызды. Осы бағытта мемлекет тарапынан дін саласын реттеу үшін құрылған уәкілетті органдар жүйесі қалыптасты. Уәкілетті органдар мен жергілікті атқарушы

органдар тұрақты түрде мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын ілгерілету мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі Кеңес (1965-наурыз 1991ж.) кейін КСРО Министрлер Кабинеті жанындағы Дін істері жөніндегі Кеңес (1991 наурыз-қазан 1991ж.) аралығында қызмет еткен еді. Осы кезде, яғни Кеңес Одағы тұсында Қазақстан түбегейлі атеистік мемлекет болып өзінің зайырлы мемлекет сипатынан айрылды. Мемлекеттің зайырлы мемлекет ретінде қайта жандануы тәуелсіздік алған 1991 жылдармен байланысты болды.

Тәуелсі Қазақстанда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанында 1995 жылы 15 сәуірде №484 Қаулымен «Дін істері жөніндегі Кеңес» құрылады. Бұл Кеңес құзыры 1997 жылы 23 мамырда Үкімет Қаулысымен Білім және мәдениет министрлігінің мәселелері-атты, №878 қаулысымен құрылған Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі құрамына өтеді. Министрлік білім, мәдениет, туризм, спорт, жастар, саясаты салаларында басшылықты, ұлтаралық қатынастар, тіл мен дін саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіруді жүзеге асырады [161].

Осы министрлік 1997 жылдың 12 қарашадасында Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі болып қайта құрылып, дін саласы осы министрлікке тиесілі болады. 1999 жылы 22 қаңтарда Президент жарлығымен мәдениет және ақпарат министрлігі құрылып, дін саласын реттеу қайта ауысады. Сонымен қатар 2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметі жанында консультациялық-кеңестік орган – “Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес” жұмысын атқарды. 2005 жылы 30 желтоқсанда №1319 Үкімет қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне қарасты «Дін істер комитеті» құрылды. Жаңадан құрылған «Дін істер комитеті» мәдениет министрлігі құрамына өтеді. Осылай 10 жыл шамасында дін саласына жауапты орталық атқарушы орган 2011 жылы 18 мамырда №84 Президент жарлығымен агенттік болып құрылады [162, 44 б.]. «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі» 2011 жылы жаңадан қабылданған дін саласын реттейтін заңның қабылдануымен тікелей байланысты еді. «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі» Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуына сүбелі үлесін қосты. Агенттік 2016 жылы қыркүйектің 13-не «Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі» болып құрылады. Алайда бұл министірлік 2018 жылдың 21 шілдесіне дейін ғана қызмет атқарды. Қазіргі уақытта «Дін істер комитеті» мәдениет және ақпарат министрлігі құрамында. Астана, Алматы қалалары мен барлық облыс орталықтарында дін саласына жауапты жергілікті атқарушы орган “Дін істері басқармасылары” қызмет етеді. Барлық Дін істері басқармасылары жанынан құрылған «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» ЖШС бар. Астана, Алматы қалалары мен барлық облыс орталықтары жанындағы “Дін істері басқармасылары” діни қызмет саласындағы жалпы мемлекеттік саясатты іске асырып негізгі үш бағытта қызмет етеді. Түркістан облысының мысалы ретінде: 1) діни ахуалды

мониторинг жүргізу (интернет кеңістігіндегі діни экстремизмге қарсы насихат) мен дін саласы бойынша құқықтық қамтамасыз ету; 2) діни бірлестіктермен байланыстар және мемлекеттік қызметтер көрсету; 3) ақпараттық-түсіндіру және оңалту жұмыстарын ұйымдастыру [163].

Көріп тұрғанымыздай мемлекетіміз тарапынан дін саласын құқықтық реттеуге қатысты ауқымды іс-шаралар қолған алынуда. Мемлекеттің дін саласын құқықтық реттеу механизмдері жүйелі жолға қойылған. 2011 жылғы "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" ҚР-ның заңы діни бірлестіктер қызметі мен зайырлылықтың преференциалды үлгісіне сай болғанымен, қоғамдағы діни ағымдарды құқықтық тұрғыдан реттеу механизмдері толықтыруды қажет етеді. Егер "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" заңға SWOT талдау жасайтын болсақ. Бірінші кезекте заңның күшті тұсы-азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығын қорғайтын нормалардың басым екендігін көреміз. Әлсіз тұсы ретінде білім беру саласына қатысты ұстанымдары әлсіз. Мүмкіндіктері қатарына халықтың басым бөлігі ұстанатын діндермен мемлекеттің ынтымақтастығының арту мүмкіндігі жоғары. Ал қауіп-қатер жағы ол ең алдымен деструктивті діни ағымдарға қарсы мүмкіндігі шектеулі. Сонымен қатар прозелетизм мүмкіндігі жоғары. Қазақстан Республикасының мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған дін саласына қатысты саясатының ұйымдастырушылық-құқықтық механиздері мен заңнамалық реттеу жолдарын діни саладағы халықаралық, аймақтық және ішкі жағдайды ескеріп жетілдіруді қажет етеді. Бұл бағытты жұмысты жандандыру үшін ең алдымен салыстырмалы талдау жұмыстарын жүргізу маңызды. Бұл бағытты әсіресе діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығын қамтамасыз етудегі Түркия, Өзбекістан, Ресей тәжірибелері маңызды. Халқының басым бөлігі мұсылман саналатын және діни, ұлттық ерекшеліктері ұқсас 1982 жылы қабылданған Түркия Республикасы Конституциясының 24-бабында: Әркімнің ар-ождан, діни-сенім және пікір бостандығы құқығы бар. Ешкімді құлшылық етуге, діни жоралар мен рәсімдерге қатысуға, өзінің діни-сенімі мен пікірін айтуға мәжбүрлеуге болмайды; діни-сенімдері мен нанымдары үшін айыптауға болмайды-деп, көрсетілген [164].

Өзбекстан Республикасы Конституциясының 35-бабына сәйкес: Әркімге ар-ождан бостандығына кепілдік беріледі. Әркімнің кез-келген дінді ұстануға немесе ешбір дінді ұстанбауға құқығы бар. Діни көзқарастарды күштеп енгізуге жол берілмейді-деп [165], азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығына кепілдік береді. Осы ретте ерекше тоқталуға тұрарлық "*Діни көзқарастарды күштеп енгізуге жол берілмейді"*-деген, конституциялық нормасы Құранның Бахара сүресіндегі *"Дінде зорлық жоқ"* ұстанымы мағынасына келеді [166].

Діни нормаларда көрініс тапқан әдет-ғұрып нормаларын мемлекеттің дін саласын реттейтін заңнамаға енгізу арқылы, үйлесімді синтез жасап қоғамдық қатынастарды реттеу туралы түрлі пікірлер айтылады. Діни нормалармен әдет-ғұрып нормалары сөзбе-сөз болмасада мағынасы үйлескен болса халықтың қолдауына ие болары анық. Себебі "дінде зорлық жоқ"-деген діни ережені

діни сенімге негізделген догматикалық немесе рационалды тұрғыданда қисынға келетін, ең бастысы халықтың діни көзқарасына қарамастан көпшіліктің қолдауына ие болатын діни норма екені анық. Сонымен қатар, бұл ереже мемлекет тарапынан діни экстремизмге қарсы іс-қимыл, діни экстремизмнің алдын-алу шараларында заңи тұрғыды мықты идеологиялық тетік болар еді.

Өзбекістан Республикасы Конституциясының 75-бабына сәйкес: Діни ұйымдар мемлекеттен бөлінген және заң алдында тең. Мемлекет діни ұйымдардың қызметіне араласпайды. Мемлекет заңда белгіленген тәртіппен жұмыс істейтін діни ұйымдардың қызметінің бостандығына кепілдік береді-деп, мемлекет тарапынан тек дін немесе діни ағымдардың қызметін реттеумен ғана шектелмей діни ұйымдардыңда конституциялық-құқықтық мәртебесін айқындап берген. Мемлекет дін, діни ағыммен қатар діни бірлестіктердің қызметін құқықтық реттеуде заңнамалық базаны жүйелендіріп алмай дін саласында туындаған қауіп-қатерлердің алдын-ала алмайды.

Ресей Конституциясының 28-бабына сәйкес: Әркімге ар-ождан бостандығы, діни-сенім бостандығы оның ішінде жеке немесе басқалармен бірге кез-келген дінді ұстану немесе ешбір дінді ұстанбау, діни және өзгеде нанымдарды еркін таңдау, иелену, тарату және соларға сәйкес әрекет ету құқығына кепілдік беріледі [167]. Қазақстан Республикасы қоғамның түрлі саласына қатысты Ресей заңдарын үлгі ретінде қабылдауы мүмкін, алайда салыстырмалы түрде дін саласын реттеу бағытында Өзбекістан Республикасының заңнамалары оңтайлы тәрізді. Себебі еліміздің тарихи діни тәжірибесі мен қазіргі кездегі діни ахуалында ортақ белгілері, ұқсастықтар көп екені анық.

Жалпы, Қазақстан Республикасының конституциясында Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуына конституциялық-құқықтық нормалар толық қамтамасыз етілген. Тек ұлттық заңнамаларда нақтылау қажет. Ол турасында ең алдымен білім туралы ұлттық заңнамаға толықтыру қажет.

Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуы – Қазақстан халқының тарихи жетістігі екенін атап көрсетуге болады. Қазақстан Республикасының көпконфессиялы жағдайында мемлекеттің дін саласына қатысты басты әрі тиімді конституциялық-құқықтық ұстанымы зайырлылық екеніне көз жеткіздік. Мемлекет пен қоғамдық ұйымдар тарапынан зайырлылық ұстанымының кең насихатталуы мен мойындалуы қоғамдық тұрақтылық пен саяси тұрақтылықты сақтауға оң ықпал етпек. Әлемдік тәжірибелер көрсеткендей мемлекет пен дін арқатынасының құқықтық реттелуіне ортақ, әмбебап зайырлы мемлекет үлгісі жоқ. Сондықтан Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуының өзіндік жолы болуы заңдылық.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптастыруда зайырлы мемлекет ұғымымен қатар мемлекеттегі халықтың құқықтық әрі діни санасыда маңызды рөл атқарады. Мемлекеттегі

дін, діни-конфессиялық жағдай зайырлылық түсінігінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Мемлекетіміз демократиялық, құқықтық құндылықтарға сүйене отырып, діннің қоғамдық өмірдегі маңызы мен халықтың мәдениеті, рухани өміріндегі тарихи рөлін мойындап,

Уақыт пен кеңістік шеңберінде әрбір мемлекеттің тарихи жүріп өткен жолы мен діни тәжірибесі мемлекеттің дін саласындағы саясатын айқындайды. Мемлекет пен дін арақатынасын реттеуде демократиялық, құқықтық қағидаларға сүйеніп діни-сенім, ар-ождан бостандығы, таңдау еркіндігі, адам құқығы тәрізді құндылықтарды негізге алып, мемлекеттің заңды мүддесі мен діни ахуалды ескеріп зайырлылықтың үлгісін таңдап алады.

Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы Қазақстан халқының діни-рухани мұрасымен үйлесетін барлық діндерді құрметтей келе, әлемдегі зайырлы мемлекеттердің жүріп өткен озық үлгісіне негізделеді. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуы ең алдымен Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар арқылы жүзеге аспақ.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ АЙҚЫНДАЙТЫН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ - ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығының жүзеге асырылуы

Ар-ождан сөзі қазақ тілінде ождан немесе ұждан сөздерінен бастау алады. Ал ар ұғымы адам бойындағы адамгершілік, жақсы қасиеттердің жиынтығын білдіретін өлшем. Ұждан, ождан ұғымы түркі тілдес халықтарда жиі кездесетін түрік тілідегі "Vicdan" (виждан) - ұғым ретінде адамның ниеті немесе іс-әрекеті туралы, не істейтінін немесе жасайтынын, өзінің адамгершілік құндылықтарына сүйене отырып өлшейтін тұлғалық қасиетін білдіреді.

Ождан сөзі араб тілінен енген сөз ретінде vicdan - «табу, бай болу, сүю, мұңайу, ашулану»-деген мағынаны білдіретін түбір сөзден және vücdân - сөзінен «молшылық, жайлылық, байлық»-деген, мағыналарды білдіреді. Ождан – араб тіліндегі «vecede» сөз түбірінен шыққан, ол сөз «el-vucud» етістігінің түбірінен, адамның бес сезім мүшесі арқылы «қабылдау» ұғымын білдіреді. Ол бір нәрсенің дәмін, дыбысын, иісін, қаттылығы не жұмсақтығын сезіп анықтайтын, көретін қабілеттерін білдіреді [168, 187 б].

"Ар-ождан", "ождан", "ұждан" сөздерінің орысша аудармасы ретінде "совесть" сөзі келеді. Сыздыкова Р.Г. ождан сөзімен ұждан сөзі бір мағыналы сөз-деп, келтіреді. Ождан, ұждан сөзінің орыс тіліндегі аудармасы "совесть"-деп, жасайды [169, 861 б.]. Алайда, бұл қазақ тіліндегі "ұят" деген сөзге аудармасы келгенімен, қолданыстағы құқықтық категория ретінде ар-ождан сөзі мағынасына келмейді. Ал Н.Т. Сауранбаеваның орысша-қазақша сөздігінде "совесть" сөзінің қазақ тіліндегі аудармалары ретінде ар, ұждан, ар-ұят-деп, тәржімалайды [170, 939 б.].

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы алғашқы конституциясы мен өзгеде заңнамлық актілерінде, сонымен қатар шет мемлекеттердің конституциялары мен сол шет елдердің дін саласын реттейтін заңнамаларында ар-ождан бостандығы құқығы мойындалғанымен ар-ождан бостандығы ұғымына ұқсас, баламалы, мәндес терминдер жиі кездеседі. Мысалы ар-ождан бостандығы термині орнына ождан бостандығы, ұждан бостандығы, діни бостандық, діни-сенім бостандығы, сенім бостандығы, діни-наным бостандығы, сенімі, нанымы-деген, сөздер қолданылады.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде тек ар-ождан термині қолданады. Мысалы: 1992 жылғы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және дін бірлестіктер туралы» Заңының 4-ші бабында және 2011 жылдың 11 қазанындағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-ші бабында, 1993 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Конституиясының 22-бабында "Республика азаматына ар-ождан бостандығына - өзінің дінге көзқарасын дербес белгілеу, олардың кез келгенін уағыздау не ешқайсысын уағыздамау, дінге көзқарасына байланысты сенімін

тарату және соларға сәйкес іс-әрекет жасау құқығына кепілдік беріледі”-деп, көрсетілсе. Қазақстан Республикасының қазіргі қолданыстағы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциясының 22-бабының 1-ші тармақшасына сәйкес "әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар". Осы баптың 2-ші тармақшасына сәйкес "ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуі тиіс"-деп, көрсетілген.

Қазақстан Республикасында ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясының 22-бабы мен 2011 жылғы дін саласын реттейтін «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның тиісті нормалары мемлекеттің зайырлылық қағидатын жүзеге асыратын конституциялық-құқықтық норма ретінде қоғам өмірінің түрлі салаларына әсер етеді. Мемлекет тарапынан діни қызмет пен діни бірлестіктер саласын реттейтін конституциялық-құқықтық нормаларды талдау арқылы Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалардың ерекшеліктерін зерттейміз.

Қазақстан Республикасында әркімнің ар-ождан бостандығы құқығы танылған заңнамалар құрамын төмендегідей бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады:

1) БҰҰ шеңберінде және өзгеде халықаралық шарттар мен заңнамалық актілерде қабылданғанхалықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары.

2) Қазақстан Республикасының 1992 жылдың 15 қаңтарындағы «Діни сенім және діни бірлестіктер туралы» Заңы [5];

3) Қазақстан Республикасының 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған, күші жойылған Конституциясы [171];

4) Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған, қолданыстағы Конституциясы [1];

5) Қазақстан Республикасының 2011 жылы 11 қазанда қабылдаған №483 «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы [69];

6) «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның жекелеген баптары мен ережелерін іске асыруды қамтамасыз ету үшін қабылдаған заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер мен ар-ождан бостандығы, діни қызмет және діни бірлестіктер туралы мәселелерді жанама түрде қамтитын өзгеде нормативтік құқықтық актілер.

Енді жоғарыда аталған діни-сенім және ар-ождан бостандығына қатысты, БҰҰ шеңберінде қабылданған және өзгеде халықаралық шарттар мен заңнамалық актілерді қарастырамыз. Яғни, ар-ождан бостандығы мен діни-сенім бостандығына қатысты халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына тоқталамыз. Қазақстан Республикасының ратификациялаған халықаралық шарттарына қатысты, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарында Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңында көзделгеннен өзгеше нормалар мен қағидалар көрсетілген жағдайда,

ол жағдайда халықаралық шарттың құқықтық нормалары қолданылады. БҰҰ шеңберінде қабылданған және өзгеде халықаралық шарттар мен заңнамалық актілерде әркімнің ар-ождан бостандығы құқығына кепілдік беретін бірнеше халықаралық шарттар бар. Олар атап айтқанда:

- *Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы*;

- *Адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясы* (1948 ж. 10 желтоқсан, 18 - 19 баптары);

-*Азаматтық және саяси құқықтар туралыхалықаралық пактінің 18 - 19 баптары* (1966 ж. 16 желтоқсан);

-*Діни немесе наным-сенім негізіндегі төзбеушіліктер мен кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы декларациясы*
(1981 жылғы 25 қарашадағы Декларация).

БҰҰ Жарғысының 1-бабына сәйкес БҰҰ негізі мақсаттарының бірі: экономикалық, әлеуметтік, мәдени, гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешу және барша адамзаттың нәсіліне, жынысына, тіліне және дініне қарамастан адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеуді ынталандыру мен дамыту бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру-деп, көрсетілген [172]. БҰҰ Жарғысы әмбебап халықаралық шарт ретінде адамның дініне қарамастан құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеуге басымдық береді.

Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасының бекіткен халықаралық шарттарының Республика заңдарынан басымдығы болатынын ескерсек 1948 жылғы "Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының" 18-19 баптары адамның ар-ождан бостандығы құқығына кепілдік береді. Осы декларацияның 18-ші бабына сәйкес: "Әр адам ар-ождан мен дін бостандығына құқығы бар. Адамның ар-ождан мен дін бостандығы құқығы адамның өз дінін немесе наным сенімін өзгерту еркіндігін, өз дінін, наным-сенімін жеке өзі, немесе басқада адамдармен бірігіп ұстанса, жария немесе жеке уағыз жүргізу арқылы құдайға құлшылық ету, діни сарлт-жораларын орындау бостандығы құқығы берілген"-деп, көрсетілген. Ал осы декларацияның 19-шы бабында "Әр адамның наным-сенім бостандығына және өз көзқарасын еркін білдіруіне құқығы баржәне бұл құқықты жүзеге асыру өз наным-сенімін кедергісіз ұстану еркіндігін және ақпараттар мен идеяларды еркін іздеп, кез-келген құралдар арқылы тарату бостандығында қамтиды"-деп, БҰҰ шеңберінде адамдардың ар-ождан бостандығы, дін бостандығы, діни-сенім, наным-сенім еркіндігіне кепілдік береді [173].

Сонымен қатар 1966 жылы қабылданған "Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің" 18-19 баптарыда жоғарыдағы "Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының 18-19 баптарына ұқсас болып келеді. Тек "ешкім де дінге сену немесе дін мен наным-сенімдерін өз қалауынша таңдап алу еркіндігін кемітетін мәжбүрлікке ұшыратылуы тиіс емес"-деп [174], таңдау еркіндігіне қатысты ереже енгізілген.

"Діни немесе наным-сенім негізіндегі төзбеушіліктер мен кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы" Декларациясы БҰҰ Бас

Ассамблеясының шеңберінде 1981 жылғы 25 қарашада 36/55 резолюциясымен қабылданған. Осы декларацияның 1-бабында: Әр адамның ой, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар. Бұл құқық өз таңдауы арқылы кез-келген дін мен наным-сенім таңдау бостандығын және өзі таңдаған діннің құлшылығын, діни ғибадаттарды, діни ғұрыптар мен діни салт-жоралғыларды жеке өзі ғана немесе өзгелермен бірге жария ұстануды қамтиды. Ал 2-бабына сәйкес: Ешкімді діні мен наным-сенімі бойынша кез-келген мемлекет, мекеме, адамдар тобы мен жеке тұлғалар тарапынан кемсітуге жол берілмейді [175]. БҰҰ "Діни немесе наным-сенім негізіндегі төзбеушіліктер мен кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы" Декларацияға сүйене отырып қазіргі заманда мемлекеттердің дін саласындағы саясатында кез-келген адамның діни ұстанымы немесе наным-сеніміне негізделген төзбеушілік пен кемсітушілікке жол бермеуді талап етеді. Осы декларацияда көрсетілген: *"дінге немесе наным-сенімге негізделген төзбеушілік пен кемшітушілік"* (*ағыл: Intolerance and Discrimination Based on Religion or Belief*) ұғымы адамға оның діні немесе наным-сенімі негізінде бөліп қарау, шектеулер жасау мен артықшылықтар беру болып табылады.

Діни немесе наным-сенім негізіндегі төзбеушіліктер мен кемсітушіліктерге жол бермеу туралы халықаралық құқықтық нормалар азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Дін немесе наным-сенім негізіндегі төзбеушіліктер мен кемсітушіліктерге жол бермеу ұстанымы мемлекеттердің зайырлылық ұстанымын паш ететін және Конситиуциямыздың 14-бабына сәйкес: "дінге көзқарасына байланысты ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды"-деп, көрсетілген және 22-бабындағы: "әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыруға" мүмкіндік беретін қағида. Алайда, "Діни немесе наным-сенім негізіндегі төзбеушіліктер мен кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы" Декларация тек діни және наным-сенімге қатысты тек құқықтыр ғана көзделмеген, сонымен қатар шектеулерде көзделуі мүмкін. Мысалы декларацияның 1-бабының 3-тармағында: Діни немесе наным-сенім бостандығына мемлекеттердің заңымен көзделген ретте шектеулер белгіленуі мүмкін. Ол қағамдық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулық саласы мен қоғамдық имандылықты сақтау мақсатында және өзге адамдардың заңды құқықтары мен бостандықтанын қорғау үшін қажетті шектеулер көзделген. Бұл шарттар конституциямыздың 22-бабының 2-тармағында көзделген: Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс-деп [1], көрсетілсе 12-баптың 5-тармағында: Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуі тиіс-деген [1], конституциялық нормалар бар. Алайда бұл шарттар адам мен азаматтардың діни немесе наным-сеніміне байланысты төзбеушіліктер мен кемсітушіліктерге жол бермеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының 1992 жылы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы [5] тәуелсіздік ала салысымен мемлекеттік басқару жүйесідегі саяси өзгерістерге байланысты шұғыл қабылданған құқықтық акт емес. Бұл заң жобасы КСРО тұсында талқылаудан өтіп тек жеке одақтас республика ретінде ресми қабылдау кезеңін күтіп тұрған заң еді. Ал КСРО-ның дін саласын реттейтін «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы Заңы 1990 жылдың 1 қазанында қабылданып қойған еді, артынша КСРО құрамындағы Ресей 1990 жылдың 25 қазанында дін саласын реттейтін жеке заңын қабылдап үлгергенді. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заң Қазақстан Республикасында әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтейтін зайырлы мемлекет болып табылатынын және азаматтардың діни сеніміне қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік берді. Осы заңның 3-бабына сәйкес: Діни сенім бостандығы хұқығына қатысты Қазақстан Республикасының, басқа мемлекеттердің (шетел) азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар жеке өзі не басқалармен кез-келген дінді ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбауға хұқылы. Дінге, құдайға құлшылық жасауға, діни ғибадаттар мен рәсімдерге, дінді оқып үйренуге қатысу немесе қатыспауға көзқарасты айқындау кезінде қандайда бір күштеп мәжбүр етуге жол берілмейді [5].

Тәуелсіздік жылдарында мемлекеттің дін саласын реттейтін «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңға 2004, 2005, 2007 жылдары төрт рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенді. Алайда мемлекетіміз қалыптасқан діни ахуалды ескеріп мемлекеттің дін саласындағы саясатын жетілдіру мақсатында 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңын қабылдады. 1992 жылы қабылдаған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңында “діни сенім бостандығына” басымдық, еркіндік берген заң талаптары қайта қаралып діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеу қайта қаралды.

Конституциялық деңгейде 1978 жылы 20 сәуірде қабылданған КСРО конституциясының 50-ші бабында: Қазақ КСР азаматтарына ар-ождан бостандығы, яғни кез-келген дінді ұстану немесе ешбір дінді ұстанбау, діни жоралғыларды ұстану немесе атеистік үгіт жүргізу құығына кепілдік беріледі. Діни сеніммен байланысты арздық пен өшпенділікке тыйым салынады. Қазақ КСР-де мешіт пен шіркеу мемлекеттен, ал мектеп мешіт пен шіркеуден бөлінген [176, 48б.].

1993 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Конституциясының 10-бабында “Республика азаматының сөз, ***сенім*** бостандығына және оларды еркін білдіруге құқы бар. Ешкімді де өз ***сенімін*** білдіруге мәжбүр етуге не сенімі үшін қудалауға болмайды”-деп, көрсетілсе, осы конституцияның 12-бабында “Республика азаматына ***ар-ождан*** бостандығына - өзінің дінге көзқарасын дербес белгілеу, олардың кез келгенін уағыздау не ешқайсысын уағыздамау, дінге көзқарасына байланысты сенімін тарату және соларға сәйкес іс-әрекет жасау құқығына кепілдік беріледі”-деп, сенім және ар-ождан ұғымдары қатар келген. Яғни 1993 жылғы конституциядағы сенім және ар-

ождан ұғымдарының, қандай ұқсастықтары және айырмашылықтары бар?-деген, орынды сұрақ туындайды.

Ал қазіргі қолданыстағы 1995 жылы қабылданған Конституцияның 22-бабының 1-ші тармақшасында "Әркімнің ***ар-ождан*** бостандығына құқығы бар". Осы баптың 2-ші тармақшасына сәйкес "***Ар-ождан*** бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуі тиіс"-деп, көрсетілген. 1995 жылғы конституцияда ар-ождан ұғымынан басқа сенім, наным ұғымдары кездеспейді.

1993 жылғы күшін жойған конституцияның 12-бабы мен 1995 жылғы қолданыстағы конституциясында ар-ождан бостандығы құғығын қолданатын тұлғаларға қатысты айырмашылық біріншісінде “Республика азаматының сөз, сенім бостандығына және оларды еркін білдіруге құқы бар. Ешкімді де өз сенімін білдіруге мәжбүр етуге не сенімі үшін қудалауға болмайды”-деп, республика азаматтарына ғана қатысты көрсетілсе, 1995 жылғы конституияда *әркімнің*-деп, республика аумағындағы ҚР азаматтары мен қатар шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдардыңда ар-ождан бостандығы құқығына кепілдік беріп тұр. Яғни 1995 жылғы конституияның 22-бабы кең ауқымды ар-ождан бостандығы құқығын қамтамасыз етуге бағытталған екені анық.

Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар қатарында азаматтардың ар-ождан бостандығына қатысты негізгісі саналғанымен шетел конституциялары мен мемлекеттің дін саласын реттейтін заңнамаларында діни-сенім, діни наным, ар-ождан бостандығы ұғымдары әртүрлі көрініс табуы мүмкін. Оған мысалы ретінде төмендегі құқықтық нормаларды атап өтуге болады, олар:

-Дінге көзқарасына, діни-сеніміне, нанымына, діни бірлестіктерге мүшелігіне қарамастан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары танылады;

-Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын діни көзқарасы белгілері бойынша шектеудің кез келген нысанына тыйым салуы;

-Заңда көзделген негіздерді қоспағанда, діни қызметті шектеуге жол берілмейді;

-Дін, діни-сенім - әрбір азаматтың жеке ісі;

-Ар-ождан, діни-сенім, наным-сенім бостандығына кепілдік беріледі;

-Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар;

- Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс;

-Мемлекет идеологиялық әртүрлілікті жариялап, дін саласында монополияны жоққа шығарады;

-Дінге сенушілердің нанымын, көзқарасын, сезімдерін, ой-пікірін, іс-әрекеттерін, діни ілімдерін, діни нышандарын, жоралғылары мен рәсімдерін құрметтеу;

-Мемлекет әртүрлі діни көзқарастардың, діни ағымдар мен идеологиялардың еркін қатар өмір сүруіне мүмкіндік береді;

-Мемлекет әртүрлі дін өкілдерінің еркін қатар өмір сүруіне мүмкіндік береді;
-Діни астамшылықты насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді;
-Мемлекет дін бостандығына кепілдік беруге міндетті;
-Мемлекет атеизмді насихаттаумен айналыспауы керек;
-Атеизм бостандығын мойындау;
-Мемлекеттің өзінің кез-келген қызметінде атеистік мазмұн мен атеистік көрініске жол бермеуі тиіс;
-Мемлекет өз қызметінде атеизмді насихаттауды жүзеге асырмайды;
-Біреуді өзінің діни сенімін білдіруге немесе одан бас тартуға мәжбүрлеуге жол бермеу;
-Мемлекет өз қызметінде кез келген діни көзқарасты ресми насихаттауды жүзеге асырмайды;
-Мемлекет ар-ождан бостандығына кепілдік беруге және қорғауы тиіс;
-Адам мен азаматтың дін таңдау құқығына кепілдік береді;
-Әркім өзінің қай дінге жататынын көрсету-көрсетпеуге хақылы;
-Ар-ождан бостандығы, діни сенімдерді таңдау және тарату мәселелері – мемлекеттің де, жеке тұлғалардың да араласуға құқығы жоқ адамның рухани бостандығы мен жеке өмірінің саласы;
-Мақсаттары мен әрекеттері нәсілдік, ұлттық және діни араздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктерді, саяси партиялар мен қозғалыстарды құруға және олардың қызметіне тыйым салынады;
-Мақсаты немесе іс-әрекеті діни араздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады;
-Діни-сенім бостандығына тыйым салуға жол бермейді.
-Азаматтардың діни-сенім бостандығы құқығы танылады.
-Діни бірлестіктердің қызметіне кепілдік беріледі;
-Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға тиіс және т.б. болуы мүмкін.

Бұл нормалар мемлекеттерді зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар ретінде мемлекеттердің дін саласын құқықтық реттеудің құқықтық механизмі ретінде қызмет атқарады.

Діни-сенім және ар-ождан бостандығы қазіргі заманғы конституциялық-құқықтық норма ретінде танылғанға дейінде қазақтың құқықтық санасы мен дәстүрлі құндылығы ретінде өмір сүргенін атап өту қажет. Алайда, діни-сенім мәселесіне қарағанда ар-ождан бостандығы дәстүрлі қазақ қоғамы мен қазақы дүние танымда кең тараған тәрізді. Сонымен қатар діни-сенім және ар-ождан бостандығына қатысты қазақ халқының тарихи танымы мен діни тәжірибесінде діни тағаттылықтың белгілері бар. Оған бірнеше мысалдармен дәлел келтіруге болады. Мысалы, қазақ даласында мемлекеттің іргесіне тұтастай қауіп төндірген діни алауыздық сипаттағы қақтығыстар, соғыс әрекеттері болған емес. Дінді киелі ұғымдармен байланыстырып, дін жолындағы адам қоғамда орын алып жататын келеңсіз оқиғаларға араласпайды, саяси талас тартыстан өзін таза ұстайды-деп, сенген. Қазақы дәстүрлі танымда дін жолындағы адам дүниеуи және ақіреттік амалдарын

бөліп қарап, ар-ожданын кірлетпей, таза ұстауға аса мән берген. Ұят болады, обал болады-деген, имандылықпен ұштасқан ұғымдары тек сенім мәселесі ғана емес күнделікті қазақы дәстүр мен тұрмыстық сананың бір бөлшегіне айналған еді. Бұл әсіресе амандасу салт-жоралғысында ерекше байқалады. Мысалы: -Армысыздар! -Ар ма, ағайын!-деп амандасудың түп-төркініде адамның ар-ожданы туралы екені мәлім. Ал адамға "арсыз"-деп, сипаттама беру ауыр сөз саналады. Қазіргі кезде "Қалайсың?" "Денсаулығың жақсы ма?" "Мал, жан аман ба?"-деген, сұрақтарымен қатар дәстүрлі қазақ қоғамында адам жанының рухани құрамдас бөлігі "ары мен ожданының" хәл жағдайын сұрауда қалыпты құбылыс еді. "Арсыз" сөзі яғни "ұятсыз"-деген, мағына білдіреді. Арсыз, ұятсыз адамның құдайға деген сенімі жоқ. Арсыз, ұятсыз құдайдан қорықпайтын, құдайға сенбейтін адам-деген, мағынаны білдіреді. Сонымен қатар, "арсыз адам әділетті бола алмайды"-деген, теңеуде ар ілімінің адам құқығының қорғалуында, әділ сот төрелігін жүргізуде, әділетті қоғам орнатуда маңызды екенін көрсетеді. Яғни дәстүрлі және діни құндылықтармен қатар құқықтық нормалардың үйлесімділігі бар.

Дегенмен, Ислам дінінде діннен шығу жағдайында шариғат үкімі бойынша ауыр жазаланатыны мәлім. Ал ар-ождандығы мәселесіне қатысты ең алдымен ислам дінін ұстанушыларға қатысты прозелитизмді құптамайтыны анық.

Азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығының құқықтық мәселелерін зерттеу барысында белгілі бір дінді ұстанумен қатар азаматтың ешқандайда бір дінді ұстанбауы мен діннен шығу жағдайындағы құқықтық жағдайын қарастыруда маңызға ие. Яғни атеизм немесе агностицизм жақтаушысы ретіндегі азаматтың құқықтық жағдайы мен азаматтың өзі ұстанатын дінінен бас тартуы, діннен шығу жағдайында діни-сенім және ар-ождан бостандығы мәселелері қандай?-деген, сұрақ туындайды. 2016 жылғы дерек бойынша әлемнің 13 мемлекетінде әлі күнге дейін Құдайдың бар екенін терістейтін атеизм әрекеттері үшін өлім жазасы белгіленген. Олар: Ауғанстан, Иран, Бруней, Мальдив, Мавритания, Нигерия, Пәкістан, Катар, Сауд Арабиясы, Сомали, Ливия, Біріккен Араб Әмірлігі, Иемен [177].

Сонымен қатар апостасия үшін (ислам дінінен шығып басқа дінді қабылдау немесе атеист болу) Иран, Мысыр, Пәкістан, Сомали, Біріккен Араб Әмірлігі, Катар, Иемен, Сауд Арабиясы мемлекеттерінде ер адамға өлім жазасы белгіленсе, әйел адамдар үшін өмір бойына түрмеге қамалу және т.б., жаза түрлері қолданады [178].

Ар-ождан бостандығына қатысты Евангелистік Христиан-Баптистер адам баласына Жаратушы Құдай Тағала тарапынан діни наным-сенімді таңдау құқығы берілгеніне сенімді. Демек, адамның ар-ождан бостандығы қоғам тарапынан қорғалуы және мемлекет тарапынан кепілдік берілуі тиіс.

Евангелистік Христиан-Баптистердің әлеуметтік тұжырымдамасындағы ар-ождан бостандығы ұғымы қазіргі заманғы конституциялық-құқықтық нормаға өте ұқсас. Мысалы: ар-оджан бостандығы ұғымын ең алдымен сенім бостандығы ретінде түсінеді. Сонымен қатар, белгілі бір дінді ұстануы немесе

ешбір дінді ұстанбауы өмір бойына өз еркімен жеке таңдауымен діни көзқарасын өзгерту мүмкіндігін қамтиды. Діни сенім бостандығы құқығы көрінісі діни бірлестіктер құру арқылы, діни бірлестіктер қызметіне өз еркімен қатысу, ғибадат үйлерінде ашық діни рәсімдер өткізу, өзінің діни нанымына сай өмір-салтын ұстаны және діни көзқарасын еркін тарату мүмкіндігіне ие болу жатады [179].

Жоғарыда көрсетілгендей ар-ождан және сенім бостандығына қатысты алдымен құқықтық тұрғыдан, екінші діни сенім тұрғысынан дәйектер келтіріп, сонымен қатар зайырлылық мәселесін зерттеуші ғалымдардыңда пікірін зерттеу маңызды. Осы тұрғыдан, зайырлылық мәселелерін зерттеуші отандық ғалым Ж. Онлашева өзінің «Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуы»-атты, диссертациялық жұмысында ар-ождан бостандығына қатысты мынадай пікір білдіреді: Ар-жодан бостандығы әртүрлі мемлекеттерде, әртүрлі халықаралық құқықтық актілерде әртүрлі түсіндіріледі. Ол ең алдымен мемлекеттің құқыққа деген, адам құқығына деген ұстанымына байланысты. Шынында ар-ождан бостандығына қатысты діндердің жеке ұстанымдарынан бөлек, мемлекеттердіңде өзіндік саяси-құқықтық ұстанымдары бар екені көрінеді.

Қорытындылай келе**,** діни-сенім, ар-ождан, наным ұғымдарын құқықтық категория ретінде, логикалық, рационалды ойлау тәсілдерімен түсіндіре алмағанмен бұл ұғымдарға құрал ретінде емес құндылықтар жүйесін құраушы мән, мағына иесі-деп, қараған дұрыс. Діни-сенім, ар-ождан, наным - бейсаналы түрде мифологиялық, философиялық ойлаумен бастау алып діни сананы тануға ұмтылып, діни тәжірибе арқылы діни сенім қалыптастырады. Діни-сенім, ар-ождан адамның ішкі әлемінің рухани құндылықтарын қалыптастырып өзіндік дүниетанымы, көзқарасы, ұстанымы, қағидалар жүйесі арқылы адамның жүріс-тұрысын реттеуде маңызды рөл атқарады. Діни-сенімі, нанымы мен ар-ожданына сүйеніп адам баласы өзінің адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Сол арқылы дүниетаным қалыптастырып, қоршаған ортаға қатысты сыни ойлау, пікір білдіру арқылы өзінің жүріс-тұрысының мотивін, ниетін айқындайды. Мемлекет діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығын тани келе, қоғам мүшелерінің ортақ құндылықтар жүйесінде, үйлесімді өмір сүруіне мүдделі.

Азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығын қамтамасыз ету демократиялық, құқықтық мемлекеттер үшін ұдайы әрі жіті көпшіліктің назарында болады. Азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығы зайырлы мемлекеттің ең негізгі конституциялық-құқықтық қағидаты. Егер діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығы қорғалмайтын болса іс-жүзінде ол мемлекет зайырлы мемлекет ретінде танылмайды.

Азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуымен қатар діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі, мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымын қамтамасыз етеді.

2.2 Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы конституциялық қағида ретінде ең алдымен заңды тұлға ретінде діни бірлестіктерге және діни бірлестіктер атынан қызмет етуге уәкілеттік берілген діни қызметшілерге қатыстың тең конституциялық құқықтар пен міндеттер жүктейді. Сонымен қатар мемлекеттің дін саласын реттейтін «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы мен өзгеде заңдарда діни бірлестіктер заң алдында тең және мемлекет діндерге қатысты бейтарап ұстанымда болуы тиіс.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық діни бірлестіктер мен олардың діни ұстанымына, сенім негізіне, нанымдарына қарамастан заң алданда бірдей құқықтар мен міндеттерге ие болады.

Зайырлы мемлекеттерде мемлекет пен дін бөліну ұстанымы маңызды қағида. Сол себепті мемлекет кез-келген дін мен дін бірлестіктерді заңның алдында тең санауы тиіс және діндерге қатысты бейтарап болуы қажет-деген, түсінік қалыптасқан. Бұл құқықтық тұрғыда әділетті ұстаным, дұрыс көзқарас. Сондықтанда, қазіргі заманғы зайырлы мемлекеттерде діни бірлестіктер заң алдында тең және мемлекеттер діндерге қатысты бейтарап ұстанымда болуы тиіс-деген, конституциялық-құқықтық норма кең тараған. Аталған конституциялық-құқықтық қағида азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығынан кейінгі зайырлы мемлекет ұғымының құқықтық табиғатының мәнін ашатын, әрі зайырлы мемлекет ұғымының негізгі құқықтық белгілерінің бірі.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымына сәйкес негізі үш тұжырым жасауға болады. Олар: 1) Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымының *конституциялық негізі*;

2) Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымының *заңнамалық негіз*;

3) Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымының *іс-жүзіндегі негізі*.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымының конституциялық негізіне ретінде конституцияның 1, 5, 14, 20, 22 - баптары арқау болады. Ол Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуы (1-бап), Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей, Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсы араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді (5-бап, жанама түрде). Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Дінге көзқарасына, нанымына қарамастан ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды (4-бап). Діни

астамшылықты насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді (20-бап). Әкімнің ар-ождан бостандығы құқы бар (22-бап).

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымының занамалық негізіне ретінде «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңды тікелей жатқызуға болады.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымының *іс-жүзіндегі* негізіне қоғамдық өмірдің шындығына құралған қоғамдық қатынастардың көрінісін атауға болады. Қоғамның тарихи дамуымен ұштасып, рухан мұрасымен үслесім тапқан халықтың басым бөлігі ұстанатын дін мен діни бірлестікке қоғамның сәйкесінше мемлекеттің назары басым болады. Олардың мемлекеттің саяси, мәдени, әлеуметтік өміріне ықпалыда зор болады. Мысалы, еліміздегі республикалық екі діни бірлестіктердің маңызды діни мейрамдары мемлекет тарапынан ресми демалыс күні-деп, жариялаған.

Зайырлы мемлекеттерде діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі қағидаты мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымым ең алдымен заңның үстемдігі мен құқықтық мемлекеттің басты белгісі. Расында, заңның үстемдігі орнаған, құқықтық мемлекетте ғана мемлекет үшін кез-келген діни бірлестік, кез-келген діннің өкілі тең әрі оларға деген бейтарап ұстанымда болады. Бұл зайырлы мемлекет қағидаты үшін орындалуы тиіс ұстаным. Қазақстан Республикасының конституциясындағы зайырлы мемлекет қағидатына сәйкес, барлық дін мен діни бірлестіктер мемлекет алдында тең. Қазақстан Республикасы діни бірлестіктерге қатысты бейтарап ұстанымда. Дегенмен, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның преамбуласында, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитындығы туралы айтылған. Бұл преамбуладағы тарихи факты ретінде жоққа шығары алмаймыз, әрі ескерусізде қалдырмау қажет. Алайда, преамбула заң нормасы емес екенін айта кету қажет. Ислам дінінің ханафи масхабы мен христиандықтың православие бағыты еліміздің діни ахуалының шынайы көрінісі. Мемлекеттің діни-рухани жүйесін қалыптастырушы діни конфессиялар. Ислам дінінің ханафи масхабы мен христиандықтың православие бағытының Қазақстандық қоғам өміріне ықпалы зор. Сол себептіде мемлекет ең алдымен жүйе құраушы, қоғамға ықпалды діни бірлестіктермен тығыз қарым-қатынаста болып жұмыс жасайды. Мемлекет діни бірлестіктерді заңның алдында тең құқылы-деп, танығанмен іс жүзінде діни қызметшілері мен мүшелері азшылықты құрайтын діни бірлестіктер теңдей құқық иеленгенімен, қоғам өміріне ықпалы әлсіз болады. Мысалы, қоғамның әлеуметтік әлсіз топтарына қайырымдылық қолдау білдіру мүмкіндігі төмен. Ал қоғам тарапынан діни бірлестікті қолдау әрдайым жергілікті халықтың ұстанатын діни-сеніміне тікелей байланысты. Ғибадат үйін салу үшін, ғибадат үйін салу жоспарланып отырған аумақта жергілікті қоғамдастық жиналысының (жиынының) ғибадат үйін (ғимаратын) салуға

келісетіні туралы шешімі қажет [180]. Бұл мысалда діни бірлестіктің қызметіне мемлекет тең әрі бейтарап қарғанымен қоғам тарапынан іс-жүзінде діни бірлестікке қатысты тең әрі бейтарап ұстаным болмайды. Мемлекет зайырлылылық қағидатына сәйкес конституция мен заңға сүйеніп мейлінше бейтарап ұстанымда болғанымен іс-жүзінде қоғам зайырлы болмауы мүмкін. Бұл қоғам мүшелерінің діни санасы мен құқықтық санасындағы айырмашылықтың бар екенін көрсетеді. Осы жағдайға ұқсас Қазақстан Республикасында 2012 жылы дін саласын реттейтін жаңа заң қабылданып, діни бірлестіктерді қайта тіркеу барысында жергілікті діни бірлестік-деп, тану үшін мүшелірінің саны 50-ге жетпеген діни бірлестіктерді айтуға болады. Жергілікті халықтың қолдауына ие болмаған соң жабылуға тура келді.

Мемлекеттердің діни бірлестіктерге қатысты заң алдындағы теңдігі мен діндерге қатысты бейтарап ұстанымы діни бірлестіктердің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын конституциялық-құқықтық норма ғана емес, ол сонымен қатар мемлекеттің тұрақтылығы мен бейбіт шілігі үшін смаңызды фактор. Егер мемлекетте қандайда бір діни бірлестік негізсіз артықшылықтарға ие болса қоғамда алауыздық орын алады. Сол себепті діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы – зайырлы мемлекеттің басты талаптарының бірі. Әсіресе Қазақстан тәрізді көпконфессиялы мемлекетте діни бірлестіктердің өзара түсіністігі мен мемлекет тарапынан діни бірлестіктердің қызметіне әділетті жағдай жасау үшін діни бірлестіктерге заң алдында тең және бейтарап ұстанымда болу маңызды шара.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының бірінші және екінші тармақтарына сәйкес: *«Заң мен соттың алдында жұрттың бәрі тең» және «Дінге көзқарасына, нанымына қарамастан ешкімді ешқандай жағдайда кемсітуге болмайды»*-деп, көрсетілген конституциялық нормада теңдік әрі кемсітуге жол көрсетілген болса, 5-баптың 2-тармағында: *Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді* [1]-деп, көрсетілген. Осы конституциялық нормалар зайырлылықтың құқықтық белгілерінің бірі ретінде шетел конституциялары мен шет мемлекеттердің дін саласын реттейтін заңнамаларында әртүрлі көрініс кездескенімен мән, мағынасы дін мен діни бірлестіктер мемлекет алдында тең болуы тиіс екенін көрсетеді. Расында, діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттің діни бірлестіктерге деген бейтарап ұстанымының әртүрлі конституциялық-құқықтық сипатта болуы мемлекеттің зайырлылық үлгісі, нақты бір мемлекеттегі мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеу ерекшелігімен тікелей байланысты болуы мүмкін. Әрине, жоғарыдағы конституциялық нормада, діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы тікелей көрсетілмеген. Дегенмен, заң мен соттың алдында жұрттың

бәрінің тең-деп, көрсетілуі діни бірлестіктердіңде заң алдындағы теңдігін білдіреді. Ал дінге көзқарасына, нанымына қарамастан ешкімді, ешқандай жағдайда кемсітуге болмайды-деген, конституциялық норма мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымда болуын меңзейді. Алайда қоғамдық бірлестіктердің заң алдында бірдей болуы, қоғамдық бірлестік пен мемлекеттің бір-бірінің ісіне заңсыз араласпау қағидатының «мемлекет пен діннің бір-бірінің ісіне араласпау қағидатына» ұқсас болғанымен Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңының 3-бабына сәйкес Қоғамдық бірлестіктер туралы заңының күші діни бірлестіктерге қатысты қолданылмайды [181]. Яғни, конституцияның 5-бабының 2-тармағы дін саласын реттейтін конституциялық норма емес тәрізді. Бірақ, конституцияға толықтыру енгізіп "Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді" деген конституциялық нормаға "Қоғамдық бірлестіктермен *діни бірлестіктер* заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер мен *діни бірлестіктер* ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктер мен *діни бірлестіктердің* заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктер мен *діни бірлестіктерге* мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді " – деген, конституциялық норма енгізу арқылы діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етуге болады. Мысалы ретінде бірнеше мемлекеттердің қазіргі кездегі қолданыстағы конституциялық нормаларына талдау жасап көруге болады. Алдымен, Ресей Федерациясы конституциясының 14-бабының екінші тармағында: Діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген және заңның алдында тең-деп, нақты көрсетілген [182]. Ал Түркия Республикасы конституциясының 10-бабы бойынша: Тіліне, нәсіліне, түсіне, жынысына, саяси көзқарасына, философиялық сеніміне, дініне, мазхабы мен өзгеде ұқсас себептерге қарамастан әркім заң алдында тең [164]. Яғни, Түркия конституциясында Ресей конституциясындағыдай діни бірлестік туралы нақты конституциялық норма көрсетілмеген, тек қай діннің өкілі болуына қарамастан Түркия Республикасында «заң алдында әркім тең саналатындығы» көрсетілген. Сондай-ақ, Франция конституциясының 1-бабына сәйкес: Франция бөлінбейтін, зайырлы, әлеуметтік және демократиялық Республика. Ол тегіне, нәсіліне немесе дініне қарамастан барлық азаматтардың заң алдында теңдігін қамтамасыз етеді. Франция барлық діндерді құрметтейді [93]. Демек, Францияда өз конституциясында заң алдында «діни бірлестік» емес, «дініне қарамастан барлық азаматтардың теңдігін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда көрсетілген төрт мемлекеттің конституцияларындағы дін мен діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі қағидаты сонымен қатар «мемлекет тарапынан бекітілген жалпыға міндетті дінге жол бермеу қағидатының сақталуы, орындалуына» кепіл болады. Себебі «мемлекет тарапынан бекітілген жалпыға міндетті дінге жол бермеу қағидаты» зайырлылық қағидатының басты құқықтық белгілерінің бірі.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы мемлекеттің дін саласын реттейтін Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 3-бабының 2-тармағында: Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең-деп, айқындалған норма конституцияның жоғарыда көрсетілген 14-бабының нормаларымен үйлеседі. Яғни, заң нормасы бойынша діни бірлестіктермен қатар кез-келген адам дінге көзқарасына қарамастан заңның алдында тең. Ал осы 3-баптың 3-тармағы бойынша: Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді. Демек, мемлекет барлық діндерге мейлінше бейтарап ұстанымда болады.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен діни бірлестіктерге қатысты мемлекеттің бейтарап ұстанымының жүзеге асуы үшін мемлекет пен дін арақатынасын конституциялық-құқықтық талдау арқылы бес қағида мен нысанға бөліп қарастырамыз.

Біріншісі, мемлекет пен діннің бөліну қағидаты негізінде мемлекет діни бірлестіктерден және діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген. Қазақстан Республикасының конституциясында мемлекет пен діннің бөліну қағидаты тікелей көзделмеген болсада, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР заңында аталған қағида нақты көрсетілген.

Екінші. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару жүйесінің зайырлы ұстанымы. Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен діни бірлестіктерге қатысты бейтарап ұстанымда болу үшін мемлекет ең алдымен өзінің қызметімен басқару жүйесінде зайырлы ұстанымды қалыптастыруы тиіс. Бұл мемлекеттің дін саласындағы саясатының объективті болуы үшін және бейтарап ұстанымда болуы үшін аса маңызды.

Үшінші. Білім беру жүйесінің зайырлы сипатта болуы. Діни ерекшеліктеріне қарамастан білім алушыларға зайырлы білім беру бір діннің идеологиялық қысымы мен үстемдігіне жол бермейді. Бұл өз кезегінде білім алушылар санасына “дін мен діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі және мемлекет тарапынан дінге қатысты бейтарап ұстанымын” құндылық ретінде қалыптастырада.

Төртінші. Діни бірлестіктерді мемлекет есебінен қаржыландыруға жол бермеу ұстанымы. Мемлекет тікелей немесе жанама түрде діни бірлестіктерді қаржыландыратын болса “Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен діни бірлестіктерге қатысты бейтарап ұстаны” орындалмайды. Егер мемлекет белгілі бір дін бірлестікті қаржыландырған болса. Өзге діни бірлестік өкілдері, мемлекет діндерді бөле жармай қалғандарында толық қаржыландырсын-деген, әділ талап қойылуы әбден мүмкін. Діни бірлестіктердің заң алдында теңдігі қағидатын сақтау үшін мемлекет тарапынан діни бірлестіктерге артықшылықтар беру немесе бермеу мәселесі әрине туындайды. Отандық заңгер ғалым Р.А. Подопригора пікірінше: Мемлекет тарапынан діни бірлестіктерді тікелей қаржыландыру немесе діни бірлестіктерге қаржылық

жеңілдіктер жасау діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен діни бірлестіктерге қатысты мемлекеттің бейтарап ұстанымын бұзады [183].

Бесінші. Діни бірлестіктің саяси өмірге тікелей араласуына тыйым салуы. «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңның 3-бабының 7-тармағына сәйкес: "Діни қызметшілер, миссионерлер, діни бірлестіктердің басшылары немесе қатысушылары болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары саяси өмірге Қазақстан Республикасының барлық азаматтарымен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады". Демек діни бірлестік атынан мемлекеттің саяси өміріне, саяси наухандарға қатысу көзделмеген. Осы заңның 9-бабында діни бірлестіктер: саяси қызметпен айналыспайды-деп, нақты көрсетілген. Егер діни бірлестік мемлекеттің саяси қызметіне араласатын болса, сайлауда жеңіске жету арқылы саяси шешімдер қабылдау немесе басқадай ықпал ету жолымен өзге діндерге қатысты бейтарап ұстанымда болмауы ықтимал.

2011 жылы қабылданған қолданыстағы дін саласын реттейтін «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңда көзделген анықтамаға сәйкес: *діни бірлестік* – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі [69]. Осы заңның 12-бабына сәйкес: Қазақстан Республикасында: жергілікті, өңірлік, республикалық діни бірлестіктер қызмет етеді. Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі, Дін істері комитетінің 2024 жылдың 4-тоқсанындағы қорытынды есебіне сәйкес: Республикада 18 діни конфессия қызмет етеді. Оның ішінде тіркелген діни бірлестіктер мен олардың филиалдары: Ислам-2858, Православие-347, Католицизм-91, Елуіншілер-225, Баптистер-197, Менониттер-4, Пресвитериандар-102, Жетінші күн Адвентистері-41, Лютерандар-14, Методистер-9, Жаңа апостолшылдар-23, Мормондар-2, Ехоба куәгерлері-57,Кришнаиттер-13, Бахаилар-6, Иудаизм-7, Буддизм-2, Муниттер-1 [184].

Қазіргі заманғы конституциялық құқықтағы императивті қағидалардың бірі теңдік қағидаты. Ол діни-сенімі мен нанымына қатысты діни бірлестік болады ма? немесе белгілі бір дін ұстанатын жеке адам болады ма? Қайсысы болмасын заң мен соттың алдында тең болады.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы қағидатының халықаралық шарттар, конституциялар мен ұлттық заңнамалардағы нормаларын конституциялық-құқықтық белгілеріне қарай: а)діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдік қағидаты және ә) мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы-деп, екі топқа бөліп қарастырамыз. Осы екі топты жеке қарастыратырн болсақ.

А) Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдік қағидаты, олар:

1-Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі қағидатының конституциялық-құқықтық норма ретінде бекітілуі;

2-Барлық діндердің теңдігі қағидатының конститциялық-құқықтық норма

ретінде бекітілуі;
3-Ешбір дін немесе діни бірлестік өзге дін немесе діни бірлестіктермен салыстырғанда артықшылықтарға ие емес екендігінің конституциялық-құқықтық норма ретінде бекітілуі;
4-Ешбір дін немесе діни бірлестік өзге дін немесе діни бірлестіктермен салыстырғанда ешқандай шектеулерге ұшырамауы тиіс туралы конституциялық-құқықтық норманың бекітілуі;
5-Қандай да бір дінге, діни бірлестікке немесе қандай да бір наным-сенімге басымдық беруге тыйым салу туралы конституциялық-құқықтық норманың бекітілуі;
6-Дінге көзқарасына байланысты ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығы туралы конституциялық-құқықтық норманың бекітілуі;
7-Дінге көзқарасына, діни-сеніміне, нанымына, діни бірлестіктерге мүшелігіне қарамастан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі туралы конституциялық-құқықтық норманың бекітілуі.

Ә) Мемлекеттің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы, олар:

1- Діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығы мәселелерінде мемлекеттің бейтараптығы туралы конституциялық-құқықтық норманың бекітілуі;
2- Мемлекет ешбір діннің немесе діни бірлестік тарапында болмауы туралы конституциялық-құқықтық норманың бекітілуі;
3-Мемлекеттік білім беру және тәрбиелеу жүйесі бір дінді қолдау немесе басқада діни көзқарасты қалыптастыру мақсатын көздемеуі тралы конституциялық-құқықтық норманың бекітілуі;
4-Азаматтардың діни себептер бойынша әскери қызметті баламалы азаматтық қызметпен алмастыру құқықтарына кепілдік берілуі туралы конституциялық-құқықтық норманың бекітілуі;
5-Мемлекет өз қызметкерлеріне кез-келген дін, діни бірлестік, конфессия өкілдерінің мүддесін қолдауына тыйым салуы конституциялық-құқықтық норманың бекітілуі;
6-Мемлекеттің ресми дінінің болмауы туралы конституциялық-құқықтық норманың бекітілуі;
7-Мемлекет ешқандай дінді мемлекеттік-деп, танымауы туралы конституциялық-құқықтық норманың бекітілуі.
8. Мемлекеттің ешқандай дін мен діни бірлестіктерді қолдамауы туралы конституциялық-құқықтық норманың бекітілуі.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы туралы жоғарыда көрсетілген конституциялық-құқықтық нормалар қазіргі заманғы зайырлы мемлекеттерде жиі кездесетін мемлекеттерді зайырлы мемлеккет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар.

Қазақстан Республикасында діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымын ресми нормативті құқықтық актілерде көрініс табуына қарай төмендегідей бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады:

1) БҰҰ шеңберінде қабылданған актілер мен өзгеде халықаралық шарттар;

2) Қазақстан Республикасының 1992 жылы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы;

3) Қазақстан Республикасының 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған, күші жойылған Конституциясы;

4) Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған, қолданыстағы Конституциясы;

5) Қазақстан Республикасының 2011 жылы 11 қазанда қабылдаған №483 «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы;

6) «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның жекелеген баптары мен ережелерін іске асыруды қамтамасыз ету үшін қабылдаған заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер мен ар-ождан бостандығы, діни қызмет және діни бірлестіктер туралы мәселелерді жанама түрде қамтитын өзгеде нормативтік құқықтық актілер.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымын алдымен, БҰҰ шеңберінде қабылданған актілер мен халықаралық шарттарды қарастырамыз. Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы туралы алдымен халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына тоқталамыз. Қазақстан Республикасының ратификациялаған халықаралық шарттарына қатысты, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарында Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңында көзделгеннен өзгеше нормалар мен қағидалар көрсетілген жағдайда, ол жағдайда халықаралық шарттың құқықтық нормалары қолданылады. БҰҰ шеңберінде қабылданған және өзгеде халықаралық шарттар мен заңнамалық актілерде діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымының орындалуын талап ететін бірнеше халықаралық шарттар бар. Олар атап айтқанда:

- Адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясы;

-Діни немесе наным-сенім негізіндегі төзбеушіліктер мен кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы декларациясы.

1948 жылы қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының» 1-2 баптарында: Барлық адамдар тумысынан еркін және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. Адамдарға ар-ождан берілген, сондықтан олар бауырмалдық қарым-қатынас жасауы тиіс. Әр адам дініне, наным-сенімдеріне қарамастан Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында көзделген құқықтар мен бостандықтарды бірдей тең ие болуы тиіс-деп, көрсетілген. «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы» әмбебап халықаралық шарт ретінде адам құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің мүлтіксіз орындалуын талап ететін басты құжат ретінде діни бірлестіктерен қатар кез-келген дін ұстанушының

діни-сенім және ар-ождан бостандығының мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуіне жоғары талаптар қояды.

“Діни немесе наным-сенім негізіндегі төзбеушіліктер мен кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы” Декларация діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымын қамтамасыз ететін халықаралық құқықтық актілердің бірі. Декларацияның 2-бабына сәйкес: Ешкімді діні мен наным-сенімі бойынша кез-келген мемлекет, мекеме, адамдар тобы мен жеке тұлғалар тарапынан кемсітуге жол берілмейді [175].

Қазақстан Республикасының 1992 жылы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымына қатысты: әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтейтін зайырлы мемлекет болып табылатынын таниды, азаматтардың діни сеніміне қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік береді-деп, көрсетілген.

1993 жылғы Конституцияда: Қазақстан Республикасының азаматтарына дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестікке мүшелігіне қарамастан құқықтар мен бостандықтар теңдігіне кепілдік беріледі.

Ал қазіргі қолданыстағы 1995 жылы қабылданған Конституцияның 14-бабында Заң мен соттың алдында жұрттың бәрі тең. Дінге көзқарасына, нанымына байланысты ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды-деп, көрсетілген. Яғни заңның алдында бапрлық дін мен діни бірлестіктер тең. Мемлекет ешбір дін мен діни бірлестікке артықшылықтар бермей бәріне тең қарайды.

Мемлекет ең алдымен өз халқының дәстүрлі құндылықтарын, мәдениетін және тарихын құрметтейтін барлық діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен діндерге қатысты бейтарап ұстанымына берік болуы тиіс.

Қорытындылай келе, діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы құқықтық категория ретінде тараптардың заңды мүдделерін заң шеңберінде қорғау мен әділеттілікті қамтамасыз етеді. Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы зайырлы мемлекет құндылықтарының бірі. Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы мемлекет өмірі мен қоғамда діни алауыздықтың алдын алып, конфессияаралық келісімнің нығайуында маңызды рөл атқарады.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы конституциялық қағидалардың бірі саналады, әрі мемлекеттің демократиялық, құқықтық әрі зайырлы мемлекет ретінде дамуының кепілі. Қазақстан Республикасы демократиялық, құқықтық және зайырлы мемлекет ретінде діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен діндерге қатысты бейтарап ұстанымын бұлжытпай орындауы арқылы мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатына құқықтық негізін қалыптастырады.

2.3 Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатының құқықтық негіздемесі.

Мемлекет пен дін арақатынасы мәселелерін құқықтық реттеу қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты, дінаралық қақтығыстарға жол бермеу мақсатын көздейді [185, 99 б.].

Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидаты мемлекеттің саяси шешімдер қабылдауда дербестікке ұмтылуынан пайда болған. Діни бірлестіктер ұйымдар зайырлы мемлекет кеңістігінде белсенді қоғамдық қатынастарға қатысушысы болып табылда. Дін – қоғамдық құндылықтарды қалыптастырушы ғана емес, сонымен қатар норма жасаушы ретінде ерекше маңызға ие. Діни бірлестіктер, зайырлы мемлекетте қоғамның бір бөлігі ретінде қоғамдық қатынастардың белсенді қатысушысы болып табылады [186, 6 б.].

Қазіргі заманда мемлекеттер қоғамдық қатынастарды реттеуде негізінен құқықтық нормаларға сүйенеді. Жеке тұлға ретінде әркім қоғамдық қатынастарды реттеуде мемлекет бекіткен құқықтық нормалардың үстемдігін мойындауы және тануы тиіс. Адамзат тарихына көз жүгіртер болсақ қоғамдық қатынастарды реттейтін кең тараған үш тәсіл болса, оларға ең алдымен;
1) халықтың дәстүрлі құндылықтарына негізделген *әдет-ғұрып нормаларын*;
2) Жаратушы Құдай Тағаланың *діни нормаларын*;
3)Мемлекет тарапынан бекітілген заң, яғни *құқықтық нормаларын* жатқызуға болады.

Осы аталған үшеуініңде жеке адамның, қоғамның және мемлекет өмірінде ерекше маңызы, өз орны бар. Әдет-ғұрып, діни нормалар мен құқықтық нормалар арасында өзара үйлесіммен қатар қарама-қайшылықтарда орын алып жатады. Дегенмен, қоғам өмірінде діни нормалар мен құқықтық нормалардың коллизиясы жиі кездеседі. Бұл жағдай діни нормалар мен құқықтық нормалар адамның саналы өміріне бір жағынан діни санасы арқылы екінші жағынан құқықтық санасын қалыптастыру кезеңінде көрініс табады. Әсіресе, адам баласының ішкі жан дүниесінде болып жатқан құбылыстар дүние танымдық қарама-қайшы пікір, көзқарас, ұстанымдар жағдайында ашық көріне бастайды. Әдет-ғұрып нормаларына қарағанда салыстырмалы түрде жазу, сызуды ұтымды қолданатын діни нормалар мен құқықтық нормалар қоғам мен мемлекет өміріне ықпалы жоғары екені анық. Ал әдеп-ғұрып нормалары салыстырмалы түрде қоғам мен мемлекет өміріне қарағанда отбасы институтында әлі болса зор ықпалға ие және бұл тенденция әліде ұзақ сақталады-деп, ойлаймын. Әрине басты шарт уақыт пен кеңістікте халықтың мәдени мұрасымен үндесіп жататын әдет-ғұрып нормаларының болуы маңызды.

Кез-келген дүние танымда, көзқарастарда, пікір қайшылығы болуы табиғи заңдылық. Басты шарт дүние танымыңды, көзқарасыңды, пікіріңде білдірерде өзгеге мәжбүрлі түрде таңбау, зорлық-зомбылық арқылы мойындатпау және таңбау маңызды. Яғни, шектен шығып кетпеу маңызды. Сол тәрізді әлеуметтік нормалар, моральдық нормалар, діни нормалар мен құқықтық нормалардың арасындағы коллизиялардың орын алуы әбден мүмкін. Қоғам дамуы барысында болатын заңды құбылыс тәрізді. Мемлекет

осы жағдайда өркениетті жолмен халықтың заманына лайықты өмір сүруін қамтамасыз етіп және заңды мүддесін ескеріп қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін атқаруы тиіс. Яғни мемлекеттің басты міндеттерінің, атқаратын қызметтерінің айқын, нәтижелі болуы маңызды.

Қазіргі заманда құқықтық нормалар мен діни нормалар арқылы мемлекеттік билік пен діни биліктің қоғамға билік етуге ұмтылысы анық көрінеді. Халықтың бір бөлігі мемлекеттік биліктің жақтаушысы болса, бір бөлігі діни биліктің үстемдік орнатқанын қалайды. Егер діни билік қоғамға тұтастай билік жүргізуді қолына алып, ал қоғам мүшелері демократиялы жолмен бірауыздан діни билікті қолдап, мойынсұнса мемлекетте теократиялық мемлекеттік басқару жүйесі орнауы мүмкін. Ал мемлекетте түрлі діни ағымдар арасында қақтығыстар көбейіп, ортақ діни ұстаным, ортақ мүдде болмай мемлекеттің тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздіне қауіп төнген жағдайда халық құқықтық нормалар арқылы құқықтық нормалардың яғни заңның үстем болғанын қалайды. Мемлекет мұндай жағдайды мемлекет тұтастығы мен қоғам тұрақтылығын сақтау мақсатында билікті өз қолына алып клерикалды, зайырлы мемлекет немесе атеистік мемлекет болып кетеді. Бәрі халықтың саяси ерік-жігерінде. Мемлекет пен діннің бөлінуі тұжырымы осы қалыптасқан жағдайда кеңінен халықтық қолдауға ие болып легитимділігі артып демократиялық, әрі құқықтық-деп, танылады. Автордың көзқарасы бойынша осы ретте "*мемлекет пен діннің бөлінуі"* тұжырымы құқықтық қағида ретінде "*зайырлылық"*-деген, мәнге ие болды. Алайда зайырлылық-дегеніміз, тек мемлекет пен діннің бөлінуі-деген, бір жақты ұстанымда, шектеулі көзқараста болуға болмайды. Зайырлылықтың діни-сенім және арождан бостандығы, дін мен діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі тәрізді өзгеде құқықтық белгілері бар.

Зайырлы мемлекет түсінігі ең алдымен мемлекеттік институттардың діни институттарға біржақты тәуелді болмауына мүдделілік танытады. Мысалы, мемлекет ең алдымен: мемлекет діннің ішкі сенім, наным мәселелеріне араласпайды; діни жоралғылар мен рәсімдерді өткізу шарттарына араласпайды; азаматтардың қандай дінді ұстанатындығына не/немесе ұстанбайтындығына араласпайды; діни бірлестіктердің ішкі басқару жүйесі, кадр тағайындау, ішкі ұйымдастырушылық алгоритімдері мен өзін-өзі басқару мәселелеріне араласпауы тиіс. Басты шарт діни бірлестіктер тарапынан заң бұзушылық жағдайлары болмауы тиіс. Ал діни бірлестіктер болса мемлекеттік басқару ісіне, саяси партиялар қызметі мен мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне, мемлекеттік мекемелердің функционалды қызметтерін жүзеге асыруына араласпауы тиіс.

Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидаты – бұл мемлекет пен мемлекеттік институттардың дін мен діни бірлестіктерден тәуелсіздігін білдіретін конституциялық-құқықтық қағидат. Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидаты демократиялық, құқықтық және зайырлы мемлекеттердің заң жүйесінде кеңінен қолданылады. Басты белгісілері бір тараптан – мемлекеттің дін мен діни бірлестіктердің істеріне араласпауы болса, екінші тараптан дін мен діни

бірлестіктердің мемлекеттік істерге араласпауы жатады. Сәйкесінше, мемлекет пен діннің бөлінуі адам мен азаматтардың діни сенімдеріне құрмет көрсетіп, барлық діндерге немесе атеистік көзқарастағы дінсіздерге тең құқық пен мүмкіндік береді.

Мемлекет егемендігінің құрамдас бөлігі ретінде "ішкі егемендікке" иедеп, мемлекеттің дінге тәуелді болмау, дербес шешім қабылдау мүмкіндігін айтамыз.

Сонымен қатар мемлекет пен діннің бөлінуі қағидаты өзгеде конституциялық-құқықтық қағидаттармен мәні мен мазмұны жағынан жақын. Олар: 1) мемлекеттің зайырлылық қағидаты, 2) діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығы, 3) дін бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі қағидаты, 4) мемлекеттік мекемелерде, білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінде зайырлылық қағидатын ұстану.

Мемлекет пен діннің бөлінуі – дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттің атқаратын қызметтері мен саяси шешімдерінен араласпауды көздейтін философиялық, құқықтық тұжырым. Қазіргі заманғы мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатының құқықтық негіздемесін Томас Джефферсон мен Джон Локк жасады. Мемлекет пен діннің бөлінуі туралы саяси-құқықтық ойлар орта ғасырлардағы Реформация дәуірінен кейін жаңаша сипат алып "шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі"-деген, атаумен кеңінен тарады. "Шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі" тұжырымы Америка баптистері арасында пайда болды. 1644 жылы Род-Айленд штатының (The State of Rhode Island) негізін қалаушы әрі, Америкадағы баптисттер шіркеуінің негізін қалаушы Роджер Уильямс (Roger Williams) есімді пуритандық министр болды. Пуритан қозғалысының белсенді мүшесі Уильямс Англиядан Америкаға қоныс аударады. Алғашында пуритандықтардың белсенді мүшесі болғанмен кейін Роджер Уильямс пуритандықтардық мемлекетке бағыныуы мен діни төзімділік мәселелерінде келіспей бөлініп шығады. Уильямс өзі өмір сүрген христиан дінін ұстанушы қауым мүшелеріне «шіркеу бағы», «шіркеуден тыс әлемнің, шөл даласы» және «екеуінің арасындағы қабырға, қоршау»-деген, теңеулерді келтіреді. Роджер Уильямстың идеялары АҚШ Конституциясының бірінші түзеуінде (First Amandment) көрініс табады. Сонымен қатар мемлекет пен діннің бөлінуі, діни-сенім бостандығы тәрізді демократиялық қағидаларға себеп болды.

Томас Джефферсон 1802 жылдың 1 қаңтарында Коннектикут штатындағы Данбери баптистер қауымдастығына (Danbury Baptists association) жолдаған және Массачуссетс газетіне жариялаған хатында, Джефферсон былай-деп, жазды:

- «Дін тек адам мен Құдай арасындағы мәселе. Адам сенімі, құдайға құлшылығы, ғибадаты үшін ешкімге есеп беруге міндетті емес. Мемлекет құзіреті адамның пікірі, сеніміне емес әрекетіне ғана жететініне сенімдімін. Бірінші түзетудегі акті туралы айтар болсам заң шығарушы орган «жалпыға міндетті дінді бекітетін немесе азаматтардың діни-сенім бостандығын шектейтін заң шығармауы тиіс»-деп, ойлаймын. Сонымен қатар, бұл құжат (бірінші түзету)

«шіркеу мен мемлекеттің бөлінуіне негіз болады». Осы ұстанымды қолдай отырып ұлттың жоғары ерік-жігерінің көрінісі ретінде азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығымен қатар, адамның барлық әлеуметтік міндеттемелеріне қарамастан табиғи құқықтарын қорғайтынына сенімдімін» [187].

Роджер Уильямс 1636 жылы «Рухтың еркіндігі» (Soul Liberty)-атты еңбегінде «ар-ождан бостандығы»-терминін алғаш қолданғанмен, ағылшын философы Джон Локкты «шіркеу мен мемлекеттің бөлінуінің» құқықтық тұжырымының негізін қалаушы ретінде таниды. Себебі Джон Локктың "қоғамдық келісім теориясына" сәйкес адамның діни-сенім бостандығы мен ар-ождан бостандықтары табиғи құқық ретінде танылады. Локктың пікірінше адамның табиғи құқықтарына мемлекеттік биліктің араласуы орынсыз-деп, есептейді [188].

Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидаты Батыс Еуропа мемлекеттері мен қатар христиан діні кең тараған мемлекеттерде "мемлекет пен шіркеудің бөлінуі"-деген, қағидамен кең таралған. Мемлекет пен шіркедің бөлінуі туралы саяси-құқықтық ойлар мен идеяларды XVIII ғасырда ағартушылық дәуір ойшылдары ортағасырлық мемлекеттердегі діннің мемлекет өміріндегі үстемдігіне қарсы наразылығы ретінде ұсынды. Ортағасырларда Еуропа мемлекттерінде мемлекеттің міндетті, бекітілген діні болатын және бұл адамның құқықтық жағдайына тікелей ықпал ететін. Қазіргі заманғы Еуропа мәдениетінің негізін қалаған кезеңдердің бірі ретінде ағартушылық дәуір рационализм мен еркін ойдың дамуына сүйеніп ғылымның, философия мен қоғамдық-саяси ойдың дамуына зор үлес қосқан тарихи кезең еді. Гуманизм, реформация дәуірінен кейінгі ағартушылық дәуірдің негізгі ұстанымдары, идеялары АҚШ конституциясы (1787 жыл 17 қыркүйек) мен Ұлы Француз төңкерісінің нәтижесінде қабылданған "Адам және азамат құқықтарының Декларациясына" (1789 жылы 26 тамыз) енді.

Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидаты нормативтік-құқықтық акт ретінде ең алғаш 1905 жылы 9 желтоқсанда Францияда қабылданған "Шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі туралы" Заңымен бастау алды (французша: ***Loi du 9 décembre 1905 concernant la séparation des Eglises et de l'Etat***). Заң жобасын жасаушы үкімет мүшелеріндегі солшылдар өкілі Эмиль-Жюстен-Луи Комб еді. Осы заңның басты ерекшелігі заңда мемлекет пен діннің бөлінуі туралы тікелей қағидат енгізілмеседе, зайырлылықтың құқықтық белгілері қамтылған заң болды. Мысалы аталған заңның 1-бабына сәйкес: Республика ар-ождан бостандығын қамтамасыз етеді. Қоғамдық тәртіп мүддесі үшін белгіленген шектеулерді ғана сақтап, діни жоралғылар мен діни рәсімдерге кепілдік береді-деп, азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығын қамтамасыз ету мен ар-ождан бостандығын қорғау заңмен анық бекітілген. Осы заңның 2-ші бабында: Ешқандай дінді мемлекеттік-деп, мойындамайды. Ешқандай дінге қаржылай қолдау көрсетпейді, ешбір дінді субсидияламайды. Діни рәсімдер мен діни жоралғыларға бюджеттен қаржы бөлу тоқтатылсын.

Тек лицей, колледж, мектептер, хоспистер, жетімхана мен түрмелерде қызмет ететін капеллан қызметі үшін ғана бюджеттен ақы төленуі мүмкін.

Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатын зерттеу барысында мемлекет туралы, мемлекеттің атқаратын қызметтері мен мемлекеттің пайда болуы туралы теорияларды саяси-құқықтық тұрғыдан, яғни мемлекеттік тұрғыдан қарастыру кең тарағанын көреміз. Біз сонымен қатар, зерттеу тақырыбы шеңберінде мемлекет туралы, мемлекеттің атқаратын қызметтері мен мемлекеттің пайда болуы туралы теорияларды объективтілік үшін діни тұжырымдар тұрғысынанда зерттеп қарастырды маңызды санаймыз.

Халқының басым бөлігі ислам дінін ұстанатын мемлекеттердің басын біріктіретін «Ислам ынтымақтастығы ұйымына» де-юре 57 мемлекет ресми мүше болғанымен, де-факто 46 мемлекеттің халқының басым бөлігі ислам дінін ұстанады [189].

Осы 46 мемлекеттің 23 мемлекеті өз конституцияларында ислам дінін мемлекеттік дін-деп, жариялаған. Ислам дінін мемлекеттік дін-деп, жариялаған мемлекеттер: Ауғанстан, Алжир, Бангладеш, Бахрейн, Бруней, Мысыр, Иран, Ирак, Иордания, Кувейт, Ливия, Мальдив, Малайзия Қалған мемлекеттер өздерін конституцияларында *“зайырлы мемлекет”* - деп, жариялаған немесе мемлекеттің ресми діні туралы нақты жарияламаған.

Дүние жүзіндегі халқының көпшілігі мұсылмандар тұратын 46 елдің 23-і өз конституцияларында исламды мемлекеттік дін деп жариялаған. Қалғандары мемлекетті зайырлы деп жариялайды немесе ресми дінге қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды. Исламды мемлекеттік дін деп жариялаған 23 ел: Ауғанстан, Алжир, Бахрейн, Бангладеш, Бруней, Египет, Иран, Ирак, Иордания, Кувейт, Ливия, Малайзия, Мальдив аралдары, Мавритания, Марокко, Оман, Пәкістан, Катар, Сауд Арабиясы. , Сомали, Тунис, Біріккен Араб Әмірліктері және Йемен.

Халықаралық стандарттарға сәйкес, негізгі құқықтар, соның ішінде ойлау, ар-ождан және дін немесе наным бостандығы құқығы барлығы үшін кемсітусіз сақталған жағдайда мемлекет ресми дінді жариялай алады. Бұл мемлекеттік діннің болуы басқа дінді ұстанушыларды немесе сенбейтіндерді немесе олардың қауымдастықтарын кемсітуге немесе қандай да бір құқықтарына нұқсан келтіруге негіз бола алмайтынын білдіреді. Өкінішке орай, іс жүзінде ресми мемлекеттік діні бар көптеген мемлекеттер бұл сынақтан өте алмайды.

Елімізде кең тараған Орыс православ шіркеуінің (ОПШ) мемлекет пен шіркеу арақатынасы мәселелеріне қатысты және ОПШ-нің ресми ұстанымын білдіретін Мәскеу Патриархатының ресми сайтында 2008 жылы жарық көрген «Орыс православ шіркеуінің әлеуметтік негіздерінің тұжырымдамасына» сәйкес: Шіркеу - құдай жаратқан адам организміне ұқсас уақыттың әміріне бағынбайтын сырға толы жұмбақ қырларымен қатар өзіндік тарихи тізбегі, сыртқы әлеммен байланысы бар. Сонымен қатар, шіркеудің өзіне тән мемлекетпенде қарым-қатынасы бар. Мемлекет адам мен қоғамның дүниеуи өмірін қамтамасыз ету үшінде шіркеумен жанасады, қарым-қатынасқа түседі. Мемлекет пен шіркеудің шынайы ізбасарларының арақатынасы тарихи

кезеңдерде құбылып тұрды-дейді. Сонымен қатар мемлекеттің пайда болуы тепрориясына қатысты шіркеудіңде ұстанымын білдіреді. Мемлекет туралы: адамзат қоғамының бастауы – отбасы еді. Көне өсиет бойынша әуел баста қауым мүшелері өмір сүрген ортада мемлекет болмады. Мемлекет тек б.з.б. XIV-XI ғасырларды "Төрешілер дәрірінде" пайда болды-дейді [190].

Орыс православ шіркеуі мен мемлекет арасындағы қатынасқа қатысты ресми ұстаным барынша "мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатына" өте жақын келеді. Орыс православ шіркеуі шіркеу өкілдері мен қатар нанымына қарамастан барлық қауым мүшелеріне мемлекеттік билікке бағынуды бұйырып қана қоймай, мемлекет игілігі үшінде дұға етуге шақырады. Қасиетті Інжілде: «Патшалар мен басқа да барлық әкімшілік иелері үшін де мінажат ету керек; соның нәтижесінде біз барлық жағдайда Құдайға ұнамды да адал болып, тыныш та бейбіт өмір сүрмекпіз» (1 Тимофей 2.2) [191].

Шіркеу тұжырымы бойынша "құқық - осы дүниедегі әлеуметтік және саяси өмірге қатысты құдай заңының көрінісі іспетті". Сонымен қатар, қоғам дамуының жемісі ретінде адам баласының қолымен жасалған құқық жүйесі шектеулі, толыққанды сипатта болады. Құқық – адам жанының ішкі жандүниесін, жүрек тебіренісін көрсете алмайды. Бұл тек Жаратушы Құдайға ғана тән-деп, түсіндіреді. Яғни, құқық мен мемлекеттің қоғамдық қатынастарды реттеудегі қызметі шектеулі-деп, сипаттайды. Алайда, адам баласының мінез-құлқы, әрекеті мен жүріс тұрысы құқықтық регламент объектісіне жатады. Құқық сонымен қатар заңға арқылы мәжбүрлеу мен мемлекеттік билікке бағындыру құралы. Қысқасы құқықтық тәртіп орнамай ешқандай адамзат қоғамы тұрақты өмір сүре алмайды. Егер мемлекетте бір саяси жүйе немесе құқықтық тәртіп күйресе орнына міндетті түрде басқа құқықтық жүйе орнайды. Ал дін мәңгілік.

Құқықта қоғам мүшелерінің барлығын ортақ минимум адамгершілік, имандылық, моральдық нормалар болады *(орысша: нравственные нормы)*. Зайырлы мемлекет заңының басты мақсаты: зұлымдық жайлаған осы дүниеде Құдай Патшалығын орнатып жұмаққа айналдыру емес, тек дүниені тозаққа айналдырудан сақтап қалу. Тарихтағы "христиан мемлекеттер" пұтқа табынушылар заманының құқығын қолданды (Рим құқығы, Юстиниан Заңы). Алайда, шіркеу билігі тұтастай өмір салтымызға айналып, дүниеде күнә атаулы жойылмай Қасиетті Кітап Інжілге негізделген азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқық орнамайды. Яғни, христиан дінін ұстанушылар мемлекет орнатқан құқықтық жүйемен өмір сүруге келіседі, билікке мойынсынады, бағынады.

Протестанттық: елуіншілер, баптистер, пресвитериандар және т.б., деноминациялар елімізде қызмет етуде. Осы протестанттықтардың мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатына қатысты ұстанымдары бар. Протестанттықтардың мемлекет туралы түсінігі ең алдымен протестанттықтың негізін қалаушы Мартин Лютер мен Жан Кальвиннің ұстанымдарына сүйенеді.

Протестанттықтар Інжіл Шарифтегі жазбадағы “**Үкіметке мойынсұну туралы”** Римдіктерге жолданғау хатқа сүйеніп: Әрқайсың мемлекеттік билігі барларға мойынсұныңдар! Себебі мемлекеттік биліктің бәрі негізінде Құдайдан; қазіргі билікті де Құдай орнатқан.

Сондықтан билікке қарсы шыққандар Құдайдың орнатқан тәртібіне қарсы тұрады. Мұндай қарсыласқандар жазаларын тартатын болады.

Билеушілерден жақсылық істегендер емес, жамандық істегендер қорқуға тиіс. Билік иесінен қорықпай жүргің келсе, жақсылық істей бер, сонда одан мақтау аласың.

Өйткені ол сенің мүддең үшін Құдайға қызмет етуші. Ал егер жамандық істесең, қорыққаның жөн, ол семсерін беліне бекер байлап жүрген жоқ. Билік иесі — Құдайдың қылмыскерге жазасын тартқызатын қызметшісі ғой.

Сонымен, сендер тек жазадан қорыққандықтан ғана емес, ар-ұждандарыңның таза болуы үшін де мойынсұнуларың керек.

Сондықтан да алым-салық төлеп тұрсыңдар, себебі билік иелері — Құдайдың қызметіндегілер, олар ел басқарумен үздіксіз айналысуда.

Әркімге тиістісін беріңдер: алым-салықты — салықшыларға, кеден салығын — кеденшілерге төлеп, сый-құрмет пен қадірді — тиістілерге көрсетіңдер-дейді (Рим 13:1) [191]

Демек, протестанттықтар өз ізбасарларының мемлекетке, мемлекеттік билікке мойынсынуын бұйырады. Сонымен қатар, мемлекет алдындағы міндеттемелерді орындауға шақырады. Әсіресе, салық төлеуге қатысты ұстанымы өте айқын. Мемлекеттің тұрақтылығы, қуатты болуы үшін әрбір дінді ұстанушыларға салық төлеуі міндетті екені өсиеттерінде жиі айтылады. Протестантизм діннің атқаратын қызметінен бөлек, мемлекеттің атқаратын қызметінде атап өтеді. Мемлекеттік биліктің негізгі атқаратын қызметі (функциясы) ретінде мыналарды атап өтеді, олар: ортақ қоғам игілігіне қамқорлық жасау; әділдік жолында жеке адамдардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу; азаматтық қоғамның бейбіт өмір мен келісімін сақтау; заңның үстемдігі мен әділ сот төрелігін жүзеге асыру, сыртқы және ішкі жаулардан халықты қорғау.

Қорыта келе мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатының пайда болуы, өміршең болуы және кеңінен қолданылуы ең алдымен мемлекет пен діннің атқаратын қызметтерінің қайталануына қатысты болады. Мемлекет пен дін қоғам өмірінде туындаған белгілі бір әлеуметтік мәселені шешуге ұмтылса, яғни, екеуі бір қызметті атқаруға ұмтылса мемлекет пен діннің өзара қақтығысы, нормалар коллизиясы жиі орын алады. Сол себепті мемлекет пен дін атқаратын қызметтерін өзара қоғамдық келісім арқылы бөліп алғаны дұрыс. Мемлекеттік билік автократиялық немесе тоталитарлық саяси тәсілдерді қолданып, әміршіл-әкімшіл жолдармен дінді адам мен қоғам өмірінен ығыстыруға ұмтылмауы тиіс. Егер мемлекет демократиялық, құқықтық қағидаларға сүйеніп діннің адам мен қоғам өміріндегі маңызын ескеріп үйлесімді, келісімді болса сол мемлекетті “зайырлы мемлекет”-деп, тануға болады. Діннің қоғам өмірі мен мемлекеттік жүйедегі орны тек

қоғамдық келісім арқылы орнығуы жағдайында *“зайырлы мемлекет”* –баянды болмақ.

Жалпы, зайырлы мемлекет ретінде қазіргі заманғы мемлекеттер азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығын қамтамасыз етуі, қорғауы тиіс. Сонымен қатар, зайырлы һәм құқықтық мемлекетте діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы аса маңызды. Ал, мемлекет пен діннің бөлінуі қағидаты асыл дініміздің мемлекеттік басқару ісіне араласпай, саясаттат тыс еркін әрі көркем қалыпында өркендеуі үшін қажетті шарт.

Қорыта келе, мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатының құқықтық негіздемесіне қатысты екі ұсыныс жасау көзделеді. Біріншісі: екі кезеңді ғылыми-теориялық және тәжірибелік ұсыныстар енгізу. Екіншісі: конституциямызға мемлекеттің дін саласын конституциялық-құқықтық реттеуді көздейтін арнайы бап енгізу ұсынылады.

Алдымен ғылыми-теориялық тұрғыдан қарағанда “дін” мен “діни бірлестіктер” ұғымы тең емес. Дін ұғымының теологиялық, философиялық ұғымдарымен қатар діннің қоғам мен мемлекет өмірінде атқаратын қызметіне қатысты мемлекет және құқық теориясы тұрғысынанда өзіндік тұжырымы бар. Ал “діни бірлестік” құқықтық катергория ретінде заң талаптарына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өткен заңды тұлға. Сондықтан бірінші кезеңде “мемлекет пен діннің бөлінуі” қағидатының орнына ғылыми еңбектер, ЖОО арналған оқулықтар мен діни оқу орындарында “мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген” және “дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі” қағидаты – деп, академиялық ортаға енгізілуін орынды санайды. Бұл ұсыныс осы жағдайда тәжірибелік қолдауға ие болып діни бірлестіктер тарапынан, мемлекеттің дін саясатын жүргізетін уәкілетті органдардың функционалды міндеттерін атқару барысында кеңінен қолданысқа енгізілсе Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеуі тиімді болар еді.

Екіншіден, алдағы уақытта конституциямызға өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, мемлекеттің дін саласын конституциялық-құқықтық реттеуді көздейтін арнайы бап енгізіп “мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген” және “дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі” қағидаттарын енгізу ұсынылады.

Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы адам құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылық ретінде танитын, заңның үстемдігін мойындайтын демократиялық мемлекеттер үшін аса маңызды конституциялық-құқықтық қағида.

Мемлекет мемлекет пен діннің бөлінуі ұстанымы негізінде зайырлылық қағидатының орындалуын объективті түрде құқықтық қамтамасыз ете алады.

Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретіндегі айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретіндегі мемлекет пен дін арақатынасын, қоғамдық өзгеде қатынастарды реттейтін басты ұстанымдар, ережелер.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІН АРАҚАТЫНАСЫН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1. Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеуі.

Мемлекет пен дін арақатынасын реттеуде діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеу мемлекет үшін маңызды сала. Себебі мемлекет аумағында кейбір дін өкілдері ресми тіркеліп, діни бірлестіктер құрып, мемлекеттің заң талаптарына бағынып, заң үстемдігін мойындап заң шеңберінде әрекет етуді қалайды. Мемлекет мұндай діни бірлестіктер қызметін қолдап, қорғауы тиіс. Ал, кейбір дін ұстанушылар болса мемлекеттің дін саласындағы саясатымен ішінара немесе толықтай келіспей, заң талаптарына бағынбай ресми мемлекеттік органдарда тіркеліп діни бірлестіктер құрмай астыртын әрекет етеді қалайды. Мұндай астыртын әрекет ететін заңсыз діни ұйымдардың қызметіне мемлекет әкімшілік жауапкершілікке тартып, шектеу қою қажет. Ал егер осындай заңсыз діни ұйымдар әрекеті қоғамның тұрақтылығы, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндірер болса өзгеде қатаң шаралар қабылдануы тиіс.

Діннің адам өмірінде алар орны ерекше. Сонымен қатар, қоғам мен мемлекет үшінде маңызы зор. Қазіргі заманғы зайырлы мемлекеттер діннің маңызын ескеріп, дін саласындағы саясатын айқындап алып, құқықтық реттеу механизмдеріне жіті көңіл бөлуді. Себебі дін тұрақтылық кепілі, халықтың рухани өмірінің құрамдас бөлігі. Қазақстан Республикасыда демократиялық, құқықтық, зайырлы мемлекет ретінде діни бірлестіктер қызметін заң шеңберінде реттеуді жүйелі жолға қойған, мемлекет пен дін арақатынасын құқықтық реттеуде өзіндік тәжірибесі бар мемлекет.

Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеуді бірінші ұлттық заңнамаларға, екінші халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

Діни бірлестіктер қызметін конституциялық деңгейде реттеудің алғашқы кезеңі тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш конституциясы қабылданған 1993 жылдың 28 қаңтарына дейінгі кезеңді қамтыса, екінші кезең 1993 жылдың 28 қаңтары мен 1995 жылдың 30 тамызына дейінгі аралықты қамтиды. Ал үшінші кезең қолданыстағы конституция қабылданған 1995 жылдың 30 тамызынан кейінгі кезеңнен басталып қазірге дейінгі аралықты қамтиды.

Ал Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде діни бірлестіктер қызметін заң шеңберінде құқықтық реттеу кезеңдерін үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңі, 1992 жылдың 15 қаңтарында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы қабылданғанға дейінгі тарихи кезең. Екіншісі кезең, 1992 жылдың 15 қаңтарында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы қабылданғаннан кейінгі тарихи кезең мен - 2011 жылғы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның қабылданғанына дейінгі кезеңді қамтиды.

Үшінші кезең, 2011 жылғы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның қабылданғаннан кейін күнімізге дейінгі кезең.

1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қабылдаған конституциясына дейін Қазақ КСР-ның 1978 жылы қабылдаған конституциясы қолданыста болды. КСР конституциясының 32-бабына сәйкес Қазақ КСР азаматтары дінге көзқарасына қарамастан заңның алдында тең. Ал ел 50-ші бабына сәйкес Қазақ КСР азаматтарының ар-ождан бостандығына кепілдік беріледі.

Кеңес Одағы тұсында ең алғаш 1918 жылы 20 қаңтарда «Шіркеудің мемлекеттен бөлінуі және мектептің шіркеуден бөлінуі» ХКК-нің Декреті қабылданады (СНК-Совет Народных Комиссаров). Осы Декрет негізінде 1929 жылы Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің және РКФСР ХКК-нің «Діни бірлестіктер туралы» Қаулысы қабылданады. Осы қаулыға 1975 жылы өзгертулермен толықтырулар енгізіліп 1992 жылдың 15 қаңтарына дейін заңды күші болады. Сонымен қатар КСРО Министрлер Кеңесі жанынан 1965 жылы «Дін істері жөніндегі Кеңес» құрылады және осы «Дін істері жөніндегі Кеңестің Ережесі» бекітіледі. Кеңестің діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу жөнінде немесе тіркеуден алып тастау туралы өзі шешім қабылдайтын құқығы еді. Сонымен қатар ғибадат үйлерін ашу немесе жабу, діни бірлестіктер қызметін тексеру жөнінде құқықтары бар еді.

1992 жылдың 15 қаңтарында Қазақстан Республикасының жас тәуелсіз мемлекет ретінде қабылдаған алғашқы заңдарымыздың бірі «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы болып табылады. Бірақ бұл заңның күші жойылған. Аталған заңда “діни бірлестік” туралы құқықтық анықтама бермегенді. Ал 2011 жылғы 11 қазанда қабылданған қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң бойынша “діни бірлестік” ұғымына анықтама берген. Осы заң бойынша “діни бірлестік”-дегеніміз, Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мүделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі. Қазақстан Республикасында діни бірлестіктердің қызметі етуінде қоғамдық бірлестіктермен ортақ ұқсастықтары көп болғанымен, діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеу “Қоғамдық бірлестіктер туралы” заңмен реттелмейді. Ол турасында “Қоғамдық бірлестіктер туралы” Заңға сәйкес азаматтардың бастамасымен құрылған барлық қоғамдық бірлестіктерге қолданғанымен, тек діни бірлестіктер мен діни бірлестіктердің құрылу тәртібі мен қызметіне қатысты қолданылмайды-деп, көрсетілген [181].

1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» күші жойылған Қазақстан Республикасының Заңы мен 2011 жылғы 11 қазанда қабылданған қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң нормаларын құқықтық талдап, салыстырмалы түрде зерттеулер мен түсіндірме жүргізу арқылы мынандай қорытындыға келдік. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы»

Заңның 4-бабына сәйкес: “діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген”. “Мемлекетпен діннің бөлінуі қағидаты” осы заң нормасына сәйкес “дін” терминінің орнына “діни бірлестік”-деп, көрсетілген. Зерттеу жұмысының авторы ретінде діни бірлестік-деп, ғана көрсету мемлекетпен діннің бөлінуі қағидатының мазмұнын толық ашпайды-деп, есептеймін. Себебі, “дін” терминінің ұғымы “діни бірлестік” ұғымынан мағынасы кең. Ал 2011 жылғы 11 қазанда қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-ші бабының 1-тармағында “Мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген” және осы баптың 8-тармағында “Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну” қағидаттары көрсетілген. Яғни, бір жағынан мемлекеттің дінге араласпауы және діннің мемлекет ісіне араласпауы туралы қағидат толыққанды көрсетілген. Екінші жағынан дін және діни бірлестік ұғымдары анық көрсетілген.

«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңның келесі бір нормасы “Барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында бердей”-деп, көрсеткен. Мұндағы “дін мен діни бірлестіктер”-деп, толық көрскетуі өте орынды болған. Алайда, мағынасы ұқсас болғанымен заң техникасының бірізділігін сақтау үшінде “бірдей” сөзі орнына “тең” сөзін қолдану абзал тәрізді. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-ші бабының 2-ші тармағындағы “Діни бірлестіктер және ҚР-ның азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең”-деп, көрсетілуі дін мен дірлестіктерді қамтығаны көрініп тұр. Бұл құқықтық норма сонымен қатар Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабындағы “Заң мен соттың алдында жұрттың бәрі тең” -деген, теңдік қағидатына сәйкес келеді.

1992 жылы зайырлылықтың классикалық үлгісіне жол ашап берген құқықытық норма “Ешбір дін немесе діни бірлестіктер басқаларға қарағанда қарағанда ешқандай артықшылықтар пайдаланбауы тиіс”-деген, «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заң талабы. Бұл құқықтық нормаға қатысты түрлі пікірлер бар. Себебі халықтың басым бөлігінің белгілі бір дін ұстанушысы болса, мемлекет неге халықтың басым бөлігінің заңды талабын орындамасқа. Шартты түрде қарастыратын болсақ бір тарапта халықтың 80-90% ұстанатын дін өкілдерінің діни қажеттілігі мен талабы бар, екінші жақта халықтың 1-2% ұстанатын дін өкілдерінің талабы. Мемлекет демократиялық қағидаларға сүйеніп халықтың басым бөлігін құрайтын дін ұстанушылардың заңды талабы орындауы мүмкін. Тағы мәселенің екінші жағы, бұл жағдайда азшылықтың заңды мүддесі мен құқықтары бұзылмауы тиіс. Мысалы ретінде еліміздегі ислам дін өкілдері мен христиандықтың православиялық өкілдеріне жылына бір рет діни мерекелерін тойлауы үшін демалыс күнін мемлекет тарапынан белгілеуі. Ал өзге дін өкілдері қазіргі қолданыстағы заң талаптарына сәйкес қоғамдық келісімнің үлгісін танытып наразы емес тәрізді. Дегенмен, “артықшылықты пайдаланбауы тиіс”-деген, құқықтық нормаға қатыстыда түрлі ұстанымдар бар. Мысалы, бұл норма егер өзге дін өкілдерінің, діни азшылықтың заңды мүддесі мен құқықтарын

бұзбайтын болса құқық субъектісі - өз артықшылығын неге пайдалана алмайды?-деген, сұрақ туындайды. Дегенмен, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның преамбуласында “әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік береді және ханафи бағытындағы ислам дінінің, православиелік христиандықтың халық мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитындығы туралы”-атап, өтеді. Преамбуланың тікелей құқықтық күші болмағанымен саяси маңызға ие екенін ескеру қажет. Демек мемлекеттің дін саласындағы саясатында преференция көрініс береді. Бұл зайырлы мемлекеттің “зайырлылықтың перференциялық үлгісінің” көрінісі.

Сонымен қатар «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң бойынша “Діни бірлестіктер қандай да болсын мемлекеттік қызметтер атқармауы тиіс”. Мемлекет пен діннің өзара қақтығысуы қоғамдық қатынастарды реттеуде бір қызметті атқаруға таласу жағдайында жиі орын алады. Адам үшін қызмет етуде мемлекеттің атқаратын және діннің атқаратын ортақ қызметтері барын тарихтан білеміз. Ол теориялық тұрғыда ғылыми зерттеу объектісіне жатады. Дәлірек айтқанда, Джон Локк-тың қоғамдық келісім теориясының негізінде мемлекет пен дін тарапы қоғамда атқаратын қызметтерін келісіп өзара бөлісіп алған жағдайда мемлекет пен діннің арақатынасы үйлесімді болмақ. Егер “қоғамдық келісім” бұзылса мемлекет міндеттемелерін орындамай, қызметін дұрыс атқармаса қоғамның белді мүшесі ретінде, діни бірлестік болғанына қарамастан қоғамдық бірлестік тәрізді мемлекетке қатысты наразылығын білдіруге заңды құқығы бар. Бұл теориялық заңдылық. Автордың пікірінше мемлекеттердің ішкі істеріне және атқаратын қызметтеріне дін мен діни бірлестіктердің араласуы негізінен екі жағдайда орын алады: Біріншісі; мемлекеттік билік әлсіреген тұста дін мен діни бірлестік жеке өз мүддесін көздеп мемлекеттік билікке ұмтылған жағдайда. Екіншісі; мемлекеттің қоғам алдындағы өз міндеттемелерін тиісінше орындамауы, дұрыс қызмет атқармаған жағдайларда орын алады. Ал мемлекет болса діни бірлестік қызметіне тек діни бірлестік тарапынан заң талаптарын бұзса ғана араласады. Егер діни бірлестік заң талаптарын бұзбаса мемлекет діни бірлестік қызметіне араласпауы тиіс. Мемлекет тарапынан діни бірлестіктерге қатысты әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін және қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Жалпы елімізде діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеу 90-шы жылдардан басында жүйелі жолға қойылды. 1990 жылы Қазақстанда 670 діни бірлестіктер бар болған болса, 2010 жылды соңында 4 мыңнан мыңнан астам болды, оның 2500-і ислам діні, 300-ге жуығы христиандық православие, 1200-ден астамы христиандық протестанттық дін өкілдеріне тиесілі болды [192, 13 б.]. Ал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Дін істері комитетінің ресми парақшасының қорытынды есебі көрсетілген мәліметіне сәйкес 2024 жылдың 4-ші тоқсанында елімізде 18 діни конфессияны тиесілі 3999 діни бірлестіктер мен филиалдар ресми тіркелген. Оның 2858 ҚМДБ-ның филиалдары [184].

1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңның 7-ші бабына сәйкес: 1) жергілікті діни бірлестіктер (қауымдастықтар); 2) діни басқармалар (орталықтар); 3) діни оқу орындары; 4) ғибадатханалар діни бірлестіктер-деп, танылады. Осы күші жойылған заң талаптарына сәйкес діни бірлестіктер: ҚР-ның жергілікті діни бірлестіктер діни мүдделер мен қажеттерді бірлесіп қанағаттандыру мақсатында құрылған азаматтардың ерікті құрамасы болып танылған еді. Сонымен қатар діни басқармалар өз жарғыларына сәйкес: діни оқу орындарын, ғибадатханалар, діни бірлестітер құруға құқылы болған. Республика шегінен тыс басшы орталықтары болса, олар әділет органдарына тіркелген жағдайда қызмет ете алатын. Ал діни бірлестіктерді тіркеу кәмелетке толған Республиканың 10 (он) азаматының бастамашылдығымен жүзеге асады. Ол үшін діни бірлестіктің құрылтай жиналысы ұйымдастырылып сол жиында діни бірлестіктің жарғысы немесе ереже қабылданады. Діни бірлестік мемлекетік тіркеуден өткен соң ғана заңды тұлға құқығына ие болады [69]. Көріп тұрғанымыздай жоғарыда көрсетілген, күші жойылған мемлекеттің дін саласын реттейтін заң талаптары діни бірлестік құру бойынша салыстырмалы түрде жеңіл еді.

Ал 2011 жылы 11 қазанда қабылданған қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 4-ші тарауында “Діни бірлестіктерді құру, мемлекеттік тіркеу, қайта ұйымдастыру, тарату туралы” заң нормалары көрсетіген және діни бірлестіктердің құқықтық мәртебесін айқындайды. Осы Заңға сәйкес діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ҚР-ның заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі. Осы діни бірлестіктер құқықтық мәртебесі бойынша; 1) жергілікті; 2) өңірлік; 3) республикалық болып заң талаптарына сәйкес құрылып, әрекет етеді.

Жергілікті діни бірлестік дегеніміз - ҚР-ның кемінде 50 (елу) азаматының бастамасымен құрылған - астананың, бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланыңшегінде әрекет ететін діни бірлестік.

Өңірлік діни бірлестік - кемінде екі жергілікті діни бірлестіктің бастамасы негізінде құрылған және сол аумақтарда қызмет ететін, жалпы саны ҚР-ның кемінде 500 (бес жүз) азаматы болатын діни бірлестік.

Республикалық діни бірлестік - ҚР-ның 5000 (бес мың) азаматы бастамашы болып құрылған барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астанадан өкілдік ететін діни бірлестік. Сонымен қатар аталған барлық Республика аумақтарында өз құрылымдық бөлімшелері мен кемінде 300 (үш жүз) азаматы бар болуы тиіс [69]. Демек, көріп тұрғанымыздай қолданыстағы заң бойынша діни бірлестік құру талабы біршама күшейтілген.
Қазақстан Республикасында діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеуде 2011 жылы 11 қазанда қабылданған қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң зор ықпал етті. Аталған заңға қатысты қолдау білдіргендермен қатар сыни пікір білдіргендерде болды. Заңның 24-бабына

сәйкес: діни бірлестіктер бір жыл ішінде діни бірлестіктердің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізіп, мемлекеттік тіркеуші органға діни бірлестіктің мәртебесін растайтын құжаттар табыстауы тиіс болатын. Діни бірлестік жарғысында: 1) діни бірлестік атауы, діни бірлестіктің атқаратын қызметінің мәні, мақсаттары; 2) діни бірлестіктің орналасқан жері, қызмет ету аумағы; 3) діни бірлестіктің құрылымы, басқару органдарының құрылу тәртібі, құзіреті; 4) діни бірлестіктің ұстанатын діні, діни ілімі және діни ілімі туралы мәліметтер; 5) діни бірлестікке қатысушылар мен мүшелерінің құқықтары мен міндеттері; 6) діни бірлестікке тиесілі мүлікті қалыптастыру көздері туралы мәлімет; 7) бірлестікке мүшеллікке қабылдау шарттары мен тәртібі; 8) діни бірлестік қызметін қайта ұйымдастыру мен тоқтату шарттары; 9) діни бірлестіктің құрылтай құжаттарына өзгерістермен толықтырулар енгізу тәртібі; 10) діни бірлестік заң талаптарына сәйкес таратылған жағдайда мүлікті пайдалану тәртібі туралы мәлімет; 11) діни бірлестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер болуы тиіс.

Аталған заң талаптары сақталмаған жағдайда жергілікті атқарушы орнанның өтініші бойынша сот тәртібімен таратылуға жатады.

Мысалы, сыни-пікір "АҚШ-тың Діни бостандық жөніндегі халықаралық комиссиясы" (USCIRF) 2012 жылғы қорытынды есебінде көрсетілді. Қорытынды есепте келтірген мәліметке сәйкес қолданыстағы заң талаптарын орындап тіркеуден өткен діни конфессиялар саны 46-дан 17-ге азайғаны, діни бірлестіктерді қайта тіркеуден өткізген кезде діни бірлестіктер саны 4551-ден 3088-ге кемігіндігі туралы деректер келтіреді. Алдын тіркелген протестанттық 666 діни бірлестіктің тек 462 ғана қайта тіркеуден өтті. Мұсылмандықтың шиизм бағытындағы Ахмади мұсылмандар қауымы діни бірлестік ретінде қайта тіркелмеді. Сонымен қатар ұлттық бағыттағы Алматы қаласындағы Әзірбайжан шиа қауымы мен Петропавл қаласында орналасқан 160 жылдық тарихы бар татар-башқұрт Дін-Мұхаммед мешітіде діни бірлестік ретінде қайта тіркеуден өте алмады [193].

Дегенмен, 2011 жылғы заң халықтың басым бөлігінің қолдауына ие болған тәрізді. Себебі халық арасында мемлекеттегі діни ахуал мен мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын ашық мансұқтайтын діни экстремизм көріністеріне қатысты алаңдаушылық көбейді. Ресми дін саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде көрсетілмеседе "дәстүрлі және әлемдік діндер", "деструктивті діни ағымдар" тәрізді терминдер жиі қолданылды. Мемлекеттің зайырлылық ұстанымдарын, құқықтық жүйесін қолдайтын әрі қоғам құндылықтарынына құрметпен қарайтын дін өкілдері мен мемлекет пен қоғамдық өмірдің даму заңдылықтарына қарсы деструктивті тарап пайда болды.

Қорыта келе, Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеу мәселелеріне қатысты 1) ғылыми-теориялық және 2) тәжірибелік ұсыныс енгізу көзделген. Ғылыми-теориялық тұрғыдан "діни бірлестік" ретінде ресми мемлекеттік органдарда тіркелмей әрекет ететін діни ұйымдардың құқықтық мәртебесін заң ғылымы тұрғысынан

анықтау. Екіншіден, қолданбалы-тәжірибелік ұсыныс ретінде «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңға “тіркелмеген діни ұйымдар”, “тіркелмеген діни топтар” ұғымын енгізу ұсынылады. De jure мемлекеттік тіркелмеседе de facto әрекет ететін “тіркелмеген діни ұйымдар”, “тіркелмеген діни топтар” бар екені анық. Бұл “тіркелмеген діни ұйымдар” мен “тіркелмеген діни топтармен” жиі әрекеттесетін мемлекеттің дін саясатын жүргізетін уәкілетті органдардың функционалды міндеттерін атқаруының легитимділігін арттырады. Яғни, Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеумен қатар “тіркелмеген діни ұйымдар”, “тіркелмеген діни топтар” қызметінде құқықтық реттеуді жүзеге асыра алуы тиіс.

Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде діни бірлестіктер қызметін құқықтық реттеуі ар-ождан бостандығы, діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі, мемлекет пен діннің бөлінуі қағидалары негізінде жүзеге асады. Ол үшін Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде **м**емлекеттік мекемелерде зайырлылық қағидатын нығайту мен ілгерілету мәселелерін жіті назарда ұстауы тиіс.

3.2. Мемлекеттік мекемелерде (мемлекеттік органдарда) зайырлылық қағидатын нығайту мен ілгерілету мәселелері

Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде дін мәселелері мен діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеме (мемлекеттік орган) қызметкерлерінің зайырлылық қағидатын нығайту мен ілгерілетуі маңызды мәселе болып табылады.

Зайырлылық қағидатын ілгерілету және нығайтудың мақсаты:

азаматтардың діни-сенім бостандығы мен ар-ождан бостандығы құқығын қамтамасыз етуге;

халықтың діни сауаттылығын арттыруға;

ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтауға;

Мемлекеттік мекемелердің (органдардың) атқаратын қызметтерінің тиімділігін арттыр.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелерінде (мемлекеттік органдарында) қызмет ететін мемлекеттік қызметкерлер жалпы мемлекеттік лауазымды атқарумен қатар мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асырады. Оның үшінде мемлекеттің дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыруға ықпалдастық жасайды. Аталған тақырыптың зерттеу объектісіне қарай Қазақстан Республикасында мемлекеттің діни қызмет саласындағы саясатын жүргізетін мемлекеттік мекемелерді (мемлекеттік органдарды) *жалпы* барлық деңгейдегі мемлекеттік мекемелер (мемлекеттік органдар) мен *арнайы* діни қызмет саласын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар-деп, екіге бөліп қарастырамыз.

Мемлекеттік мекемелерде (мемлекеттік органдарда) мемлекеттік қызметкерлердің зайырлылық қағидатын нығайту мен ілгерілетудің мақсаты:

1) мемлекет пен дін (конфессия) және дінаралық (конфессияаралық) қатынастарды жетілдіру;

2) зайырлылық қағидаттарын нығайту мен ілгерілету;

3) дінді деструктивті мақсатта пайдалануға жол бермеу.

Осы мақсаттарға жету үшін төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделген:

1) Азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығын қамтамасыз ету;

2) Діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымын қамтамасыз ету;

3) Діни қызмет саласын реттейтін заңнамалардың зайырлылық сипатын қамтамасыз ету;

4) Барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының діни-экстремизмге қарсы бағытталған іс-қимыл шараларына қолдау білдіру, жүйелендіру, үйлестіру;

5) Қазақстан Республикасында ресми тіркелген діни бірлестіктерге заң шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсету;

6) Қазақстан халқының мәдениеті, рухани мұрасымен үйлесетін барлық діндерге құрмет көрсету,

7) Радикалды діни көзқарастар мен деструктивті діни ағымдардың таралуына жол бермеу;

8) Мемлекеттің конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді көздейтін және ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін деструктивті діни идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту.

Мемлекеттік мекемелерде (мемлекеттік органдарда) мемлекеттік қызметкерлердің зайырлылық қағидатын нығайтуы дін саласындағы мемлекеттің зайырлылық ұстанымын дамыту бойынша орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік мекемелердің (органдардың), азаматтық қоғам институттарының, діни бірлестіктердің күшін біріктіруі арқылы тиімді жүзеге асады. Сонымен қатар зайырлылық қағидаттарын нығайтуда халқымыздың рухани-мәдени мұраларының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін негізге ала отырып, мемлекет пен дін арақатынасының қазақстандық үлгісін басым бағыт ретінде қарастырамыз.

Орталық атқарушы мемлекеттік мекеме ретінде *Дін істер комитеті* Қазақстан Республикасы аумағында діни қызмет саласын реттейтін Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ведомствосы болып саналады [194].

Дін істері комитетінің (бұдан әрі-*комитет*) құрылымы 9 басқармадан тұратын 6 саланы қамтиды. Комитет ақпараттық-түсіндіру жұмысы, діни қызмет маласындағы мемлекеттік қызметтер, деструктивті дін ағымдарды ұстанушыларды оңалту, интернет кеңістікте діни экстремизмнің алдын-алу, діни бірлестіктермен іс-қимыл, діни және дінтану білімі, дінтану сараптамасы саласында қызмет етеді. Сонымен қатар комитет құрылымы:

- исламдық діни бірлестіктермен байланыстар;
- христиандық және басқа діни бірлестіктермен байланыстар;
- дінтану сараптамасы;
- діни білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл;
- оңалту жұмыстарын үйлестіру;
- жиынтық талдау және жоспарлау;
- ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын үйлестіру;
- діни қызмет саласындағы қызмет қолдану практикасы;
- интернет кеңістікте діни экстремизмнің алдын алуды үйлестіру басқармаларынан тұрады.

Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастық мойындаған дінаралық (конфессияаралық) диалог пен қоғамдық келісім үлгісін қалыптастыра алған егемен мемлекет ретінде дін саласын мемлекеттік-құқықтық реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдар жүйесін құрды.

Осы уәкілетті органдардың құқықтық негізі ретінде ҚР Конституциясы, "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы", "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" және т.б., Қазақстан Республикасының заңдары мен ҚР-сы ратификациялаған халықаралық шарттар саналады.

Діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекетті орган "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" қолданыстағы заңға сәйкес:

1) Мемлекеттік саясаттың басым бағыттары бойынша діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауға қатысады;
2) діни ахуалды зерделеу, талдау жүргізеді;
3) діни бірлестіктер, миссионерлер, діни білім беру ұйымдарының қызметін зерделеу, талдау жүргізеді;
4) құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;
5) құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік басшылық жасайды;
6) ақпараттық-насихаттық жұмыстарын жүргізеді;
7) дінтану сараптасын жүргізуді ұйымдастырады және дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекітеді;
8) шетелдік уәкілетті органдармен ынтымақтастық орнатады;
9) республика аумағындағы шетелдік діни бірлестік қызметін, олардың басшыларын тағайындауын келіседі;
10) жергілікті арқарушы органдардың дін саласындағы мәселер бойынша қызметін үйлестіреді;
11) өз құзыреті шеңберінде нормативтік-актілерді әзірлейді және бекітеді;
12) діни әдебиетті және діни мазмұндағы ақпараттық-материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы үй-жайлардың орталастырылуы туралы нұсқаулық әзірлейді;

13) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

14) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар функционалдық міндеттерін орындауда өзге мекемелерге қарағанда, салыстырмалы түрде мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын нығайту мен ілгерілетуде озық үлгі көрсету тиіс. Тиісінше уәкілетті мемлекеттік органдар азаматтардың заңды мүддесін, мемлекет пен қоғам мүддесіне сай жәнеде ұлттық қауіпсіздікті қамтамсыз етуде үйлесімді әрекет етуге міндетті.

Мемлекеттік мекемелердің, қарулы Күштер құрамы мен өзгеде түрлі әскери құрылымдардың, сот және құқық қорғау органдарының, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнайы қызмет салаларынының, білім беру ұйымдарының аумағы мен ғимараттарында зайырлылық қағидатын нығайту мен ілгерілету үшін және мемлекет пен діннің бөліну ұстанымына сәйкес төмендегідей діни мазмұндағы шараларға: құдайға құлшылық ету; діни жоралар; діни рәсімдер; діни жиналыстар өткізу және миссионерлік қызметке жол берілмеуі тиіс. Егер мемлекеттік мекемелерде (мемлекеттік органдарда) жоғарыда көрсетілген діни мазмұндағы шараларға жол бергенілген жағдайда әртүрлі дін ұстанушылар арасында мекеме ішінде діни алауыздық орын алуы мүмкін. Сонымен қатар мемлекеттік мекемелердегі (мемлекеттік органдардағы) еркіндікті пайдаланып астыртын әрекет ететін заңсыз діни ұйым көбеюі мүмкін. Біріншіден бұл дінді таратудың тиімді жолы ретіндегі дедуктивті әдісті ретінде кеңінен қолданады. Ол үшін алдымен мекеме басшысын, елді-мекеннің беделді көшбасшысын, мемлекеттің билік басындағы тұлғаны өз дініне енгізеді. Осыдан соң екінші кезеңде мемекеменің өзге қызметкерлерін, елді-мекен тұрғындары мен мемлекет халқын өз дініне оңай кіргізеді. Екіншіден, мемлекеттік мекеме басшысы сенімді әріптес ретінде діни көзқарасы ұқсас адамды жұмысқа қабылдау жағдайы орын алуы мүмкін. Бұл жағдай мемлекеттік қызметке кәсіби білікті маманның орналасуына кедергі болуы әбден мүмкін. Мысалы: Қазақстан Республикасындағы Орыс Православиелік Шіркеуінің Митрополиттік Округі діни бірлестігінің жарғысының 9-бабының 9) тармақшасында: Қазақстан Республикасындағы Орыс Православиелік Шіркеуі қызметінің пәні болып - мемлекеттік билік органдарындағы және мемлекеттік емес ұйымдардағы православиелік сенушілердің мүдделерін қорғау – деп, көрсетілген. Яғни, шіркеу атынан сенушілердің мүддесін мемлекеттік билік органдарында қорғау мәселесін діни бірлестік жарғысында көрсеткен. Егер бір шіркеу сенушісі болса және оның мүддесін шіркеу ашық қорғайтын болса бұл жағдай шіркеу тарапынан мемлекеттік билікке қысым болып табылады. Ұлттық заңнама бойынша діни бірлестік – өз мүдделері ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін біріккен ерікті бірлестік болып

табылады. Егер діни бірлестік өз сенушілерінің мүддесін қорғау үшін мемлекеттік билік органымен бетпе-бет келетін болса “мемлекет пен діннің екеуара мүдделер қақтығысы орын алады”.

Байырғы қазақ жерінде түрлі этностар мен дін өкілдерінің бір шаңырақ астында “зайырлы мемлекет” құра отырып, бейбіт өмір сүруі мемлекеттің дін саласындағы ұстанған саяси ұстанымы мен мемлекеттік мекемелердің (органдардың) тиімді атқаратын қызметімен тікелей байланысты екенін көреміз.

Қорыты келе**,** мемлекеттік мекемелерде (мемлекеттік органдарда) зайырлылық қағидатын нығайту мен ілгерілетудің тиімділігін арттыруға ықпал ететін ұсыныс ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы Заңының 4-бабына сәйкес Мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттарына “зайырлылық” қағидатын енгізуді ұсынамын. Мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары ең алдымен Конституциямыздың 1-ші бабында көрсетілген: “демократиялық”, “құқықтық”, “зайырлылық”, “әлеуметтік” қағидаттарына негізделуі тиіс. Аталған қағидаттардың ішінен Мемлекеттік қызмет туралы Заңда тек “заңдылық” қағидаты көрсетілген. Егер аталған заңда “зайырлылық” қағидаты бекітілетін болса мемлекеттік қызметшілер зайырлылық қағидатын ілгерілету арқылы қоғамдық келісім мен діни тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді. Көбіне дін мемлекеттен бөлек не бейтарап саналғанымен, дін адам жанының рухани тірегі болып қала береді.

Жәнеде мемлекеттік мекемелерде (мемлекеттік органдарда) қызмет ететін қызметкерлердің зор жауапкершілігін сезініп халыққа ант беретін жаңа сайланған президент, депутаттар мен өзгеде мемлекеттік қызметкерлер үшін қасиетті кітапқа (құран, інжіл, таурат және т.б.) қолын қойып тұрып ант беру рәсімін енгізуді ұсынамын.

Мемлекеттік мекемелерде (мемлекеттік органдарда) зайырлылық қағидатын нығайту мен ілгерілету арқылы мемлекет зайырлылық қағидатының мемлекет пен қоғам өміріне кеңінен тарауына жағдай жасайды. Мемлекет құқықтық механизмдер арқылы мемлекеттік мекемелерде зайырлылық қағидатының сақталуын қамтамасыз ету арқылы ең алдымен зайырлылық қағидаттарының легитимділігін арттырады. Ал мемлекеттік мекемелердің ішінде идеологиялық маңызға ие білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидатының сақталуы мемлекеттің болашағы үшін маңызды.

3.3. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидатын жүзеге асыру барысында туындаған мәселелерді құқықтық реттеудің негіздері

Қазақстан Республикасында зайырлылық қағидаты Конституциямыздың 1-ші бабында бекітілген және бірқатар заңдармен, соның ішінде «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы», «Білім туралы» заңдармен реттеледі. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидатын жүзеге асыру барысында бірқатар мәселелер туындауды. Мәселелерді төмендегідей бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады, олар: зайырлылық

түсінігінің анық болмауы; білім беру жүйесінде діни рәміздер мен діни конфессияларға қатысты діни элементтері бар киім үлгілерінің болуы; оқу-тәрбие жұмыстарына дін ұстанымдардың ықпал ету әрекеттері; педагогтарының құқықтық және діни сауаттылық мәселелері; баламалы білім берудің қолжетімсіздік мәселелері; білім беру мекемелерінде ұйымдастырылатын түрлі мерекелік шараларға қатысты діни теріс көзқарастардың болуы; жасырын (көлеңкелі) дін білім берудің артуы; ата-аналар мен білім алушылар арасында зайырлылық тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жеткіліксіздігі.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидатын жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді құқықтық реттеу мақсатында келесідей міндеттерді шешу көзделеді. Ең алдымен:

- білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидатының түсінігі мен ерекшеліктерін анықтау;

- білім беру жүйесінде діни рәміздер мен діни конфессияларға қатысты діни элементтері бар киім үлгілерінің зайырлылық қағидатына сәйкестігін немесе заңға қайшы екендігін нақты анықтау;

- Қазақстан Республикасының дін саласындағы саясатының білім беру жүйесіндегі зайырлылық мәселелеріне қатысты ұстанымын анықтау;

- Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидатына жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді құқықтық реттеуді жетілдіру.

- Білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидатының ерекшелігін анықтау үшін алдымен зайырлылық қағидаты түсінігінің анық болмауына мән беру қажет.

Зайырлылық қағидаты діни нормаларды жетекші идея ретінде алмайды. Басымдық мемлекеттік бекіткен заңдарына беріледі, яғни заңның үстемдігіне жүгінеді. Әлемдік тәжірибеде зайырлылықтың кең тараған екі үлгісі бар бірі қатаң, екіншісі жұмсақ. Қатаң үлгісін ұстанатын зайырлы мемлекетте шектеулер саны көп. Мысалы, Францияның орта білім беру ұйымдарында діни рәміздер мен діни конфессияларға қатысты діни элементтері бар киім үлгілеріне тыйым салуы. Ал АҚШ-тағы білім беру мекемелерінде діни рәміздер мен діни конфессияларға қатысты діни элементтері бар киім үлгілеріне еркіндік берілген.

Жалпы зайырлылық түсінігінің нақты болмауының бірнеше себептері бар. Бірінші, мемлекеттердің тарихи дамуы мен мәдени ерекшеліктерінің әртүрлі болуы. Мемлекеттердің даму ерешеліктеріне қарай “зайырлылық қағидаты” әртүрлі түсіндіріледі, сол себепті халықта әртүрлі түсінеді. Мысалы, Франциядағы зайырлылық лайцизм үлгісінде “мемлекет пен діннің бөліну қағидаты” қатаң сақталады. Мемлекет тарапынан зайырлылық қағидаты қатаң шектеулер мен тыйым салулар арқылы көрініс табады. Ал АҚШ-тың зайырлылық үлгісі “мемлекеттің дін істеріне араласпау қағидатына” басымдық береді. Бұл зайырлылық үлгісінде діннің мемлекет пен қоғам істеріне араласуына ішінара жол беріледі. Мысалы, діни негізде саяси

партиялардың құрылуына жол беріледі, мемлекеттік қызметке орналасудағы халық алдында ант беру рәсімінде діни қасиетті кітаптарға қолын қойып тұрып ант беруі және т.б., Сонымен зайырлылықтың ынтымақтастық үлгісі саналатын Германияда зайырлылық талаптары тек білім беру ұйымдарының педагог мамандарына ғана шектеулер мен талаптар қояды. Екінші, құқықтық тұрғыда нақтыланбауы. Көптеген мемлекеттердің конституцияларында зайырлылық қағидаты көрсетілгенімен, заңнамаларында нақтыланбаған. Мысалы, қандайда бір әрекеттің немесе әрекетсіздіктің мемлекеттің әкімшілік және қылмыстық құқықбұзушылық туралы заңнамаларында зайырлылық қағидатына қайшы келетіндігі туралы толық нақтыланбаған. Нәтижесінде құқықтық нормаларды қолдану барысында түрлі келіспекшіліктер мен даулы жағдайлар орын алуда. Үшіншісі, зайырлылық түсінігі туралы бірізді ақпараттың болмауы. Аталған жағдайлар әсіресе білім беру жүйесінде анық байқалады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі “Білім туралы” заңның 12-бабына сәйкес төмендегідей жеті деңгейді қамтиды. Олар: 1) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту; 2) бастауыш білім беру; 3) негізгі орта білім беру; 4) орта білім беру; 5) орта білімнен кейінгі білім беру; 6) жоғары білім беру; 7) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру [195]. Аталған білім беру деңгейлерінің ішінде хиджап мәселесі, діни конфессияларға қатысты діни элементтері бар киім үлгілеріне қатысты дау бойынша тараптардың келісімге келе алмауы салдарынан сотқа жүгінуі негізгі орта білім беру, орта білім беру жүйесінде жиі орын алады.

Білім беру жүйесінде діни рәміздер мен діни конфессияларға қатысты діни элементтері бар киім үлгілерінің зайырлылық қағидатына сәйкестігін немесе заңға қайшы екендігін туралы түрлі көзқарастар бар. Қазақстан Республикасының электронды үкіметі ресми сайтына азаматтар тарапынан ең жиі қойылатын сұрақтар қатарындағы: Мектептерде хиджап киюге болады ма?-деген, сұраққа ресми жауабы көрсетілген [196]. Сол ресми жауапты мемлекеттің ресми ұстанымы-деп, қарастыруға болады. Аталған сұраққа жауаптың мазмұны бойынша: Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар хиджапты киюге тыйым салады. Өйткені, кез-келген діни атрибутика, нышан (рәміз), элемент сол дін ілімін тұспалдап насихаттайды. Орта білім беру ұйымдарында діни атрибутика, нышан (рәміз), элементтеріне тыйым салу біріншіден, барлық діндердің заң алдындағы теңдігін қамтамамыз етуді көздесе, екіншіден бір діни конфессия өкілінің артықшылыққа ие болып үстемдік етуіне жол бермеуді меңзейді.

Орта білім беру ұйымдарында хиджаб киюге тыйым шарасы салу зайырлылық қағидаттарына сәйкес оқу орнының ішкі тәртібін сақтау мақсатында ғана қолданылады. Бұл талап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 «Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар» туралы бұйрығымен бекітілген. Аталған №26 бұйрық Білім туралы Заңның 5-бабының 39-тармағы мен 47-бабының 15-1 тармағына сәйкес қабылданған. Осы Заңның

5-бабының 39-тармағына сәйкес: Білім беру саласындағы уәкілетті орган (бұрын Білім және Ғылым министрлігі болған, қазір 2022 жылдан бері Оқу-ағарту министрлігі) өз құзіреті шеңберінде, орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекітеді. Ал 47-баптың 15-1 тармағына сәйкес: Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті [195]. Өзге білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.

Осы білім беру саласындағы уәкілетті органның «Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар» туралы №26 бұйрығының 13 тармағына сәйкес: *Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды*-деп, көрсетілген [139]. «Мектеп формасын сақтау» деген сонымен қатар қандайда бір атрибуткаға тыйым салуды меңзейді. Ол мектеп формасымен үйлеспейтін кез-келген атрибутика болуы мүмкін. Сонымен қатар білім беру ұйымының Жарғысында көрсетілуі мүмкін. Орта білім беру ұйымдарының Жарғысы оқушылар ата-аналарына таныстырылады.

Білім туралы Заңның 41-бабына сәйкес: білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастанын рәсімдеу тәртібін; білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін қамтиды [195]. Сонымен қатар, әрбір баланың ар-ождан бостандығына құқығы бар [198]. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның 3-бабының 7-ші тармағына сәйкес: Ешкімнің өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ [69]. Бұл мәселеге конституциялық тұрғыдан келер болсақ, конституциямыздың бірнеше бабы осы күрделі мәселені реттеуге қабілетті. Конституцияның 30-бабына сәйкес: “Орта білім алу міндетті”, жәнеде “Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді”. Ал 27-бабында: Атан-ананың құқығы әрі міндеті ретінде – балаларына қамқорлық жасау мен оларды тәрбиелеу көзделген. Демек ата-анасы балаларының “орта білім алу конституциялық құқығын” қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар 22-бапта: “Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар” болғанымен осы баптың екінші тармағында міндеттемелері бар екенін ескеру қажет. Осы баптың екінші тармағында: Ар-ождан бостандығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс-деп, көрсетілген [1]. Демек ата-ана балаларының орта білім ұйымдарында білім алуына жағдай жасап, оқытып, қамқорлық жасауы тиіс.

Батыс Қазақстан облысының сотына Т. бір топ адамның мүддесін білдіріп «Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар» туралы бұйрықтың 13 тармағын Конституцияға қайшы келетін заңсыз талап-деп, тану туралы талап арыз түседі. Т-ның пікірі орта білім беру

ұйымдарына баратын оқушының басына киген ақ-шыт тартуды (кимешек киюді) дұрыс-деп, тапқан ата-аналары мен оқушылардың құқықтарын бұзуда. Жергілікті соттар талап арызды қанағаттандырмаған. Т. Сот шешімдерімен келіспей, кассацияға жүгінген. Жоғарғы Сот Т.-ның өтінішхатын кассациялық сатыға қарауға беруден бас тартады. Себебін төмендегідей мән-жайларда атап көрсетеді: 1) орта білім беру ұйымының мақсаты біркелкі мектеп формасын сақтау; 2) білім беру жүйесінің зайырлы сипатын ұстану; 3) Конституция мен халықаралық шарт талаптарын бұзу (Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактінің, Білім беру саласындағы кемсітушілікпен күрес туралы Конвенция). Т. талаптарының Қазақстан Республикасының Конституциясы, ұлттық заңнамалары мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келетіні туралы уәждері іс бойынша қаралып, уәждерін қанағаттандыруға негіз жоқ-деп, таныды. «Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар» туралы бұйрықтың 13 тармағы Білім туралы заң мен Конституцияның 1-ші бабында көрсетілген “зайылы мемлекет” қағидатына сәйкес келеді. Ал “Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактінің” 18-бабының 3-тармағына сәйкес “Дінге сену немесе наным-сенім тұтыну еркіндігі тек қана қоғам қауіпсіздігін, тәртіпті, денсаулық пен имандылықты, сондай-ақ басқалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін заңмен белгіленген шектеулермен ғана шектелуі мүмкін”-деп, көрсетілсе, екінші жағынан “Білім беру саласындағы кемсітушілікпен күрес туралы Конвенцияның” 1-бабына сәйкес мектеп формасына қатысты мәселеде кемсітушілік көзделмеген.

Білім беру жүйесіндегі діни киім үлгісіне қатысты жеке азаматтардың мемлекетке қарсы талап-арыздары көбіне Франция мен Түркияда жиі кездеседі. Францияда әрдайым қоғамдық резонанс тудырған діни атрибутикаға қатысты сот процесі болған сайын білім беру ұйымдарымен қатар қоғамдық жерлердеде дін киім үлгілеріне қатысты заң талаптарын күшейте түседі. 2013 жылға дейін Түркияның ЖОО-да хиджаб киюге тыйым салынған болатын. Түркиядағы ең даулы сот процесстерінің бірі ретінде 1998 жылғы “Leyla Şahin v Turkey” (№44774/98) ісін атап өтуге болады [199]. Істің мән-жайы бойынша: 1998 жылдың 23 ақпанында Стамбул университеті проректоры циркуляр шығарады. Ол бойынша мұсылман бас киім үлгісін (хиджаб, ниқаб, бурқа, абая, пранжа) киген студенттер дәріс, семинар және оқытушармен кеңесу алуға жіберілмесін-деген. 1998 жылдың 12 наурызында Лейла Шахинді жазбаша емтиханға басындағы мұсылманша бас киімі үшін кіргізбей қояды. 1998 жылдың 20 наурызында семинарға, 16 сәуірде лекцияға кіруге рұқсат бермейді. Нәтижесінде Лейла Шахин әкімшілік сотқа проректор циркулярының күшін жою туралы сот шешімін шығару туралы талап арыз жолдайды. Алайда сот Лейла Шахиннің талабын қанағаттандырмайды. Әкімшілік сот проректордың университет шеңберінде киім киюге қатысты талап қою құзыреті бар-деп, таниды. Кейін Лейла Шахин “Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сотқа” жүгінеді. Адам құқықтары жөніндегі Еуроплық Сотта Лейла Шахиннің талап арызын қанағаттандырмайды. Адам құқықтары

жөніндегі Еуропа Соты (АҚЕС) Түркия тарапы “Еуропалық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы” Конвенция 9, 10, 14-баптарының талаптарын бұзылмағаны туралы 2005 жылы шешім шығарады. Аталған Конвенцияның 9-бабы “Азаматтардың ар-ождан бостандығы құқығы” туралы болғанымен студент Түркия мемлекетінің зайырлылық қағидаты мен мемлекеттің дін саласындағы саясатына сәйкес университеттің ішкі тәртібіне бағынуы тиіс. Кейін 2013 жылы халықтың демократиялық талабы негізінде университетке діни киім үлгілері мен хиджаб кию мәселесі шешімін тапты.

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы хиджаб мәселесі қоғамның басым бөлігінің сәйкесінше мемлекет тарапынан ең алдымен деструктивті діни ағым өкілдерінің діни-саяси ұстанымының көрінісі ретінде қабылданады. Бұл мемлекеттің бекіткен заңдарына бағынбау, мемлекеттің дін саласындағы саясатымен келіспеуінің, наразылығының айқын көрінісі. Сол себепті білім беру ұйымдарында діни конфессияларға қатысты киім элементтеріне білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығы арқылы тыйым салған. Алайда, ЖОО білім алушыларының, мемлекеттік қызметкерлер мен өзгеде бюджеттік мекеме қызметкерлерінің *діни конфессияларға қатысты киім элементтеріне* қойылатын талабы көзделмеген.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы саясатының білім беру жүйесіндегі зайырлылық мәселелеріне қатысты ұстаны мен жалпы білім беру жүйесінде діни рәміздер мен діни конфессияларға қатысты діни элементтері бар киім үлгілерінің зайырлылық қағидатына сәйкестігін немесе заңға қайшы екендігін нақты анықтау мақсатында білім беру саласы мен мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүргізетін уәкілетті органдар тарапынан тиісті заңнамаларға нақты ұсыныстар енгізу қажет;

Сонымен қатар білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидатының түсінігі анықтау мақсатында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңына зайырлылықтың құқықтық анықтамасын енгізу ұсынылады. Бұл ең алдымен білім беру жүйесінде зайырлылық қағидаттарын ілгерілету, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы тиімді болары анық.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидатына жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді құқықтық реттеуді жетілдіру мақсатында мүдделі тараптармен бірге азаматтық қоғам институттары, діни бірлестіктер мен құқық қорғау органдарының консультациялық орталығын құру қажет.

Білім беру жүйесінде оқушылардың бірыңғай киім үлгісі қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмейтіндей. Оқушылардың білім алуына қолайлы, әдеп ережелеріне сай зайырлы сипатта болуы маңызды. Білім беру жүйесінде оқушылар тарапынан діни киім үлгісі мен діни атрибутиканы тағып жүру оқу процесіне теріс әсер етеді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде зайырлылық қағидатын тиімді жүзеге асыру үшін қажетті шаралар ретінде: Зайырлылық қағидаттарын мемлекеттік деңгейде нақты түсіндіру; Білім берудің зайырлы сипатын сақтау тұрғысынан білім беру ұйымдарына бақылауды күшейту;

Дінтану және зайырлылық негіздері пәні мұғалімдерін даярлау; Зайырлы білім беру қағидатының ортақ түсінігін қалыптастыру үшін білім алушылармен қатар олардың ата-аналарменде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнығуында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидатының сақталуы маңызды. Білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидаттарының сақталуы болашақ жастардың құқықтық санасының жоғары, әрі зайырлы дүниетанымының қалыптасуын оң ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері»-атты, диссертациялық жұмысын қорыта келе, автор тарапынан төмендегідей қорытынды тұжырымдар мен ұсыныстар жасалды.

«Зайырлы мемлекет» ұғымының анықтамалық міндетті құқықтық белгілері ретінде, алдымен негізгі қағидаттары: адам мен азаматтың діни-сенім және ар-ождан бостандығының қорғалуы; мемлекет пен діннің бөліну қағидатының танылуы; дін мен діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен дін мәселелерінде бейтарап ұстанымда болу. Сонымен қатар: білім беру жүйесінің зайырлы болуы; діни бірлестіктерді мемлекеттік қаржыландыруға тыйым салу; мемлекет тарапынан міндетті дінге жол бермеу қағидаттары жатады.

Зайырлы мемлекет – мемлекет пен дін арақатынасы, құқықтық нормалармен реттелетін мемлекет үлгісі. Зайырлы мемлекетте құқықтың қайнар көзі ретінде діни нормалар танылмайды.

Диссертациялық тақырыпты зерттеу барысында зайырлы мемлекеттің қалыптасуы, дамуы мен зайырлы мемлекет үлгілерінің кеңінен таралуына әсер ететін алғышарттар кешенін анықтай келе, автор оларды шартты түрде үш топқа жіктеді.

1. Зайырлы мемлекеттің қалыптасуына ең алдымен қоғам мен мемлекетте қоғамдық қатынастарды реттеуде діни нормаларға қарағанда заңның үстемдікке ие бола бастауы.
2. Мемлекеттер дінаралық қақтығыстардың алдын-алу, болдырмау үшін бейтарап ұстанымда болды. Бұл мемлекетте көпконфессия болғанына қарамастан бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге мүмкіндік берді.
3. Мемлекеттер өздерінің қалыптасқан діни ахуалы, мемлекеттің діни тәжірибесіне қарай зайырлылықтың үлгілерін таңдады.

Зайырлылық қағидаты Қазақстан Республикасының дін саласын құқықтық реттейтін негізгі конституциялық-құқықтық норма ретінде отандық заң ғылымы, конституциялық құқық саласы үшін маңызды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі бөлімі үш негізгі бағытта қамтыды:
1) зайырлылық ұғымы, зайырлы мемлекеттің құқықтық табиғаты және зайырлы мемлекет туралы тұжырымдар мен теориялар;
2) зайырлылық қағидатын айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар;
3) зайырлылық қағидатының қоғамдық қатынастарды реттеу мен қолдану мәселелері.

Қазақстан Республикасының «зайырлы мемлекет» құрылысы мемлекет қалыптастырудағы Қазақстан халқының тарихи жетістігі.

Мемлекеттің зайырлы сипаты оның діни институттардан бөлек екендігін, олардың діни сеніміне қарамастан барлық азаматтардың тең құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететіндігін білдіреді.

Қазақстан Республикасы түрлі мәдениеттер мен діндердің тоғысқан жерінде бола отырып, ар-ождан мен дін бостандығына кепілдік берілген зайырлы мемлекеттің үлгісін құра алды. Еліміздің конституциясы мемлекеттің зайырлы сипатын бекітіп, қоғамдық тұрақтылыққа, конфессияаралық келісімге және демократиялық қағидаларды нығайтуға ықпал етеді.

Тарихи тұрғыдан Қазақстан діні маңызды рөл атқарған дәстүрлі қоғамнан діни нормалар басқару жүйесіне кедергі жасамайтын заманауи мемлекетке айналды. Бұл ұлттық дәстүрлер мен құқықтық мемлекетті дамытудың жаһандық үрдістері арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, зайырлы мемлекет құрылысы демократиялық институттардың, құқықтық қоғамның дамуына және түрлі діни конфессиялардың бейбіт өмір сүруіне ықпал етіп, тәуелсіз Қазақстанның маңызды жетістіктерінің біріне айналды.

Қазақстандағы зайырлы мемлекеттің конституциялық-құқықтық негіздері Конституция мен заңнамада бекітілген, зайырлылық ар-ождан бостандығын қорғауды және діни ұйымдардың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етеді. Қазақстанның зайырлы табиғаты тұрақтылық пен конфессияаралық келісімнің маңызды негізі болып табылады. Дегенмен, жаһандық сын-қатерлер жағдайында діни қатынастарды реттеу тетіктерін одан әрі дамыту, сондай-ақ халық арасында зайырлы мемлекет қағидаттары туралы, зайырлылық қағидаттарын ілгерілету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жанжандыру қажет. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары халық арасына зайырлылық құндылықтарын кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді. Әсіресе дәстүрлі емес, жат дін ағым өкілдері арасында зайырлылық қағидаттарын түсіндіру мемлекет алдындағы маңызды шара.

Нәтижесінде диссертациялық жұмыс бойынша автормен келесідей қорытындылар ұсынылды:

-Зайырлы, зайырлылықтың құқықтық табиғатын анықтап, қалыптасу ерекшеліктеріне талдау жүргізу арқылы “зайырлы мемлекет” тұжырымын жасау қажет;

-Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгілері мемлекеттердің діни тәжірибелерімен тікелей байланысты. Мемлекеттердің тарихи діни тәжірибесімен үйлесім таппаған “зайырлы мемлекет үлгісін” таңу нәтижесіз болады;

-Шетел конституцияларындағы зайырлы мемлекет қағидаларына салыстырмалы конституциялық-құқықтық талдау жасау арқылы және Қазақстан Республикасының діни тәжірибесімен үйлесімді зайырлы мемлекет үлгісін таңдау жолымен Қазақстан Республикасының өзіндік зайырлы мемлекет үлгісін қалыптастыруға болады;

-Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар мен мемлекеттің дін саласын реттейтін заңнамалық актілерді жетілдіруге ұсыныстар жасалды. Қазақстан Республикасын зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын

конституциялық-құқықтық нормаларды үш негізгі топқа бөліп жіктеп талдадық. Олар: 1) азаматтардың діни-сенім және ар-ождан бостандығы құқығы, 2) діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі мен мемлекеттердің діндерге қатысты бейтарап ұстанымы, 3) мемлекет пен діннің бөлінуі қағидаты жатады. «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңның 1-бабына “зайырлы мемлекеттің” анықтамасын енгізу.

-Азаматтардың діни-сенімі және ар-ождан бостандығы зайырлылықтың негізгі құқықтық белгілерінің бірі. Азаматтардың діни-сенімі және ар-ождан бостандығы құқығын қамтамасыз ету зайырлы мемлекеттің басты талаптарының бірі.

-Дін мен діни бірлестіктердің заң алдында теңдігі және мемлекеттің оларға қатысты бейтарап ұстанымы зайырлылықтың негізгі құқықтық белгілерінің бірі. Дін мен діни бірлестіктердің заң алдында теңдігі және мемлекеттің оларға қатысты бейтарап ұстанымын қамтамасыз ету құқықтық әрі зайырлы мемлекеттің басты талаптарының бірі.

-Мемлекет пен діннің бөлінуі қағидатын зайырлылықтың негізгі құқықтық белгілерінің бірі. Мемлекет пен діннің бөлінуі ұстанымын қамтамасыз ету зайырлы мемлекеттің басты талаптарының бірі. Сонымен қатар зайырлылық тек құқықтық категория емес. Зайырлы мемлекет қағидаты туралы діни-құқықтық тұжырымдарда бар.

-Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуына қатысты ғылыми тұжырымдар ең алдымен Қазақстан Республикасының діни тәжірибесі мен көпконфессиялы мемлекет жағдайында негізделген. Көпконфессиялы мемлекеттер зайырлы мемлекет қағидаттарын берік ұстанады.

-Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде айқындайтын конституциялық-құқықтық нормалар талдау арқылы қол жеткізген ғылыми нәтижелерді діни бірлестіктер, мемлекеттік органдар және білім беру саласында қолдану ұсынылады.

Зайырлы мемлекет азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тұрақтылықты және барлық діндердің заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Зайырлылық институтының тарихи қалыптасуы ар-ождан бостандығы үшін күреспен және діни алауыздықтарды бейбіт жолмен шешуге қол жеткізу арқылы мүмкін болды. Зайырлы мемлекеттің негізгі қағидаларына діннің мемлекеттік биліктен бөлінуі, дін мен діни бірлестіктердің теңдігі, мемлекеттің дін мен діни бірлестіктерге қатысты бейтарап ұстанымы. Бұл қағидалар әрбір азаматтың сенім мен сенім мәселелерінде таңдау еркіндігіне құқығы бар әділ және діни төзімділікке негізделген бейбіт қоғам құруға бағытталған.

Зайырлы мемлекеттің негізгі құқықтық белгілеріне:

1) мемлекет пен діннің (діни бірлестіктердің) бөлінуі;

2) Діни-сенім және ар-ождан бостандығы;

3) Дін мен діни бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі қағидаты;

4) Білім беру жүйесінің зайырлы сипаты;

5) Діни бірлестіктерді тікелей мемлекеттік қаржыландыруға тыйым салу;

6) Дін мәселелерінде мемлекеттің бейтарап ұстанымы;

7) Мемлекеттік немесе міндетті дінге тыйым салу қағидаттары жатады.

Бұл қағидаттар азаматтардың заңды мүдделерін қорғау, құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, діни белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермеуге және бейтарап, әділ мемлекеттің дін саласындағы саясатын қалыптастыруға бағытталады.

Қазіргі заманғы зайырлы мемлекеттер толығымен бірдей емес – кейбір елдерде дін мемлекеттен қатаң бөлінсе, басқаларында өзара ынтымақтасу механизмдері сақталған. Ең көп таралған модельдер *француздық* (қатаң зайырлылық) және *американдық* (жұмсақ, икемді зайырлылық), бірақ аралық нұсқалар да бар, мысалы, ынтымақтастықтың *неміс моделі*. Қазақстан Республикасы 2011 жылы дін саласын реттейтін заң қабылдау арқылы зайырлылықтың Француздық үлгісін қабылдады. Мемлекет тарапынан дін мен діни бірлестіктерге қатысты заң талаптарын бекітуде *"қатаң зайырлылық үлгісін"*, сонымен қатар дін мен діни бірлестіктермен ынтымақтастықта *"преференциялық зайырлылық үлгісін"* ұстанады.

Дисссертациялық жұмыс нәтижесінде Қазақстан Республикасының зайырлылық қағидатына негізделген дін саласындағы мемлекеттік саясатын айқындап, Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуына ықпал етеді. Көпконфессиялы мемлекет ретінде бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқан Қазақстан Республикасы үшін зайырлылық қағидаты маңызды конституциялық-құқықтық норма.

ПАЙДАЛЫНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Қаралған мерзімі: 10.06.2017ж.]
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»-атты, Қазақстан халқына Жолдауы.// Егемен Қазақстан 18.01.2014 жыл. №11.
3. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам - Адал еңбек – Адал табыс»-атты, Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзі. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727_ [Қаралған мерзімі: 12.05.2024ж.]
4. Мұхан Исахан: Қазақтың дәстүрлі зайырлылығын жаңғырту қажет. https://kazislam.kz/m-han-isahan-aza-ty-d-st-rli-zajyr/ [Қаралған мерзімі: 30.05.2019ж.]
5. Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы-ҚР 15.01.1992. N:1128-заңы. (Күшін жойған) // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_ , «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Қаралған мерзімі: 20.05.2016ж.]
6. J.B.Bury., History of the Later Roman Empire from Arcadius to Irena II. Cosimo, Inc., ISBN 1605204056, 2008.
7. https://minervawisdom.com/2020/06/10/augustine-on-the-sacred-and-the-secular/
8. Allen Fromherz. “Ibn Khaldun: Life and Times”. Edinburg University Press. 2010
9. Фома Аквинский. Сумма теологии. Киев., изд: Ника-Центр, 2010.
10. Preus H. The Communion of Saints. The study of the Origin and Development of Luther’s Doctrine of the Church. Oregon, 2008.
11.Hammill Graham, The Mosaic Constitution: Political Theology and Imagination from Machiavelli to Milton, University of Chicago. 2012.
12. Michael Grossheim. Relgion and Politik: Die Teile III und IV Leviathan//Kersting W. Thomas Hobbes, Leviathan. Berlin: Akademie Verlag.
13. Louis lthusser, Montesquieu, la politique et l’histoire, Paris, PUF. 2003.
14. Жан-Жак Руссо. Рассуждение о происхождении и основаиях неравенства между людьми// Об общественном договоре. Трактаты. – Москва.: Канон-Пресс: 1998г.
15. Нерсесянц В.С., Общая теория права и государства. –Москва.: изд: Инфра-М, 1999г.
16. Адам құқықтары жөніндегі Виргиния декларациясы. National Arhives. https://www.archives.gov/founding-docs/virginia-declaration-of-rights [қаралды 18.05.2022ж.]
17. Вебер М., Протестантская этика и дух капитализма. –Москва.:2003г.
18. Gabriel Merle, Emile Combes. Paris.: Fayard, 1995. 664 p.

19. Вершинин А.А. Аристид Бриан. Политический портрет государственного деятеля идипломата Франции // Новая и новейшая история. -2017г. -№1-с.176-196.
20. Lucas Marieme Helie. The Struggle for Secularism in Europe and North America& Women from Migrant Descent Facing the Rise of Fundamentalism. London: Woman Living Under Muslim Laws. 2011.
21. Lorenzo Zucco. A Secular Europe: Law and Religion in the European Constitutional Lanscape. Oxford University Press UK. 2012.
22. Ahmet Kuru. Secularism and State Policies toward Religion: The United States, France, and Turkey. Cambridge Studies in Sociol Theory, Religion and Politics. Cambridge. Paperback. 2009.
23. Thomas C.Arthur and John Witte, "The Foundations of Law: Introduction" Emory Law Journal 2005.
24. Ira Lupu, Robert Tuttle. Secular Goverment6 Religious People. Emory University Studies in Law and Religion. Paperback. 2014.279 pages.
25. Donald Eugene Smith. India as a Secular State. Princeton Legacy Library. 2015. 540 pages.
26. John Witte. Church, State, and Family: Reconciling Tradional Teaching and Modern Liberties. Cambridge. 2019.
27. Darien McWhiter. The Separation of Church and State (Exploring the Constitution) 1994. 208 pages.
28. Jacques Berlinerblau. The Secular Bible: Why Nonbelievers Must Take Religion Seriously. Cambridge. 2005. 232 pages.
29. Talal Asad. Formations of the Secular. Christanity, Islam, Modernity. 2003. Pages 280.
30. Charles Taylor. A Secular Age. Harvard University Press. 2007.874 pages.
31. Jean Baubérot. La laicité falsifiée. Paris. Editions La Decouvrte, 2014.
32. La Laicite En Debat: au-delà des idées reçues (French Edition), Le Cavalier Bleu Edition. 2017. 190 pages.
33. Henri Pena-Ruiz. Qu'est-ce que la laïcité? Paris: Gallimard, 2003. 352 pages.
34. Jean Boussinesq. La laïcité française. Edit: Seuil. 1994. 216 pages.
35. Traité de droit français des religions. Sous la dir. de Francis Messner., Paris., Lexis-Nexis, 2013.
36. Jose Casanova. Global Religious and Secular Dynamics. Brill Research Perspectives in Religion and Politics // June 2019. 1-74 pages.
37. Korioth, Stefan. Religion and the Secular State in Germany // Religion and Secular State. 2015.318-330 pp.
38. Bhargava, Rajeev. Secularism and Its Critics. Oxford University Press. 2005. 562 pages.
39. Dhammamegha Annie Leatt. The State of Secularism: Religion, Tradition and Democracy in South Africa. Wits University Press. 2017. 248 pages.

40. Joshua Neoh, Law, Love and Freedom: From the Sacred to the Secular. Cambridge Uniersity Press, Cambridge. 2019 p. 189 pages.
41. Moustafa, Tamir. Judging in God's Name: State Power, Secularism and the Politics of Islamic Law in Malaysia // Oxford Journal of Law and Religion 152-167 pp.
42. Akan, Murat. Laiklik Siyaseti: Fransa ve Turkiyede'de Din, Çeşitlilik ve Kurumsal Değişim. Bilgi Yayinevi. 2021. 432 sayfa.
43. Berkes, Niyasi. Teokrasi ve Laiklik. Adam yayıncılık., 1984. 268 sayfa.
44. Hafizoğullar, Zeki. Laiklik. 1996. Ankara.101 sayfa.
45. Durmuş Hocaoğlu. Laisizm'den Milli Sekülerizme. Ankara., Kocav yay: 2021.616 sayfa.
46. Развитие России как светского государства: историко-правовой анализ., тема диссертации и автореферата по ВАК РФ, доктор юридических наук П.Н.Дозорцев, 1998г. 413 стр.
47. А. И. Барменков. Свобода совести в СССР. Москва.; Изд: «Мысль», 1986 г. — 224 с.
48. В.В.Клочков., Религия, Государство, Право. Москва.; Изд: «Мысль», 1978г. —287 с.
49. Рудинский Ф.М., К разработке проекта Закона СССР «О Свободе совести» / Ф.М.Рудинский // Советское государство и право. — 1996. №6. — С. 12-15.
50. Розенбаум Ю.А. Советское государство и церковь. –М.; «Наука»1985г. Стр.173.
51 Понкин И.В.,. «Современное светское государство: конституционно-правовое исследование»: д.ю.н., — Москва: 2004г. —362 с.
52. Шахов М.О., «Правовые основы деятельности религиозных объединений в Российской Федерации». Изд: Сретенский ставропигиальный мужской монастырь, 2013г. Стр.528.
53. Деникаева С.А. «Конституционно-правовые основы формирования Российской Федерации как светского государства» тема диссертации и автореферата кандидата юридических наук. Москва., 2006г. стр:168.
54. Мещерякова А.Ф. «Светское государство в современной России: конституционно-правовой анализ»: диссертация кандидата юридических наук: — Саратов: 2009 г. — 200 С.
55. Линкин В.Н. «Принцип светского государства как одно из конституционого строя Российской Федерации»: диссертация кандидата юридических наук: — Москва: 2015 г. — 172 С.
56. Узланер Д.А., Конец Религий? История теории секуляризма / Университет» — М: Изд: дом «Высшая школа экономики», 2019г. — стр. 240.
57. Кенжалиев, З.Ж., Конституционализм и некоторые проблемы обеспечения светскости казахстанского государства / Кенжалиев, З.Ж., // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы = Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия Юридическая. -2012.№ 3(63). – С.29-33.
58. Исахан М.Б., Зайырлы мемлекет дегеніміз не? Зайырлылықтың негізгі

қағидаттар қандай? https://dauren.islam.kz/ru/post/zaiyrly-memleket-degenimiz-ne-zaiyrlylyqtyn-negizgi-qagidattary-qandai-8993/#gsc.tab=0 [қаралды: 15 наурыз 2022 жыл].
59. Кенжетай Д.Т. «Зайырлы ер, қайырлы ел», – Алматы: Дәуір баспасы. 2017ж. 391 б.
60. Косиченко А.Г., «Религия: сущность и актуальные проблемы» – Алматы: ИФПР КН МОН, 2012г. – стр.220.
61. Бурова Е.Ю., «Феномен религиозности в современном Казахстане» (социологический взгляд) // Вестник КазНУ, Серия «Религиоведение», № 1, 2015. С. 4-15.
62. Бәйтенова, Н.Ж., Затов, Қ.А., Дінтану негіздері: оқулық / - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 355 с.
63. Сихимбаева Д.А. «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының қалыптасу және жүзеге асырылу ерекшеліктері» Философия докторы (Ph.D.) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. ҚазҰУ., Алматы: 2013ж.
64. Подопригора Р.А., «Административно-правовое регулирование деятельности религиозныз объединений в зарубежных странах» Диссертация на соискание ученой степени доктора юридических наук. Алматы: 2003г.
65. Лупарев Г.П. «Религиозно-мировоззренческие истоки и богословские предпосылки идеи светского государства в западной европе» Құқық және мемлекет, № 1-2 (74-75), 2017г.
66. Артемьев А.И., Формирование личности в обновляющейся религиозной и секулярной среде (теоретико-методологический аспект): автореферат диссертации доктора философских наук: Алматы, 1994. — стр 51.
67. Онлашева Ж.О. Утверждение Казахстана как светского государства: автореферат кандидата юридических наук: 12.00.02. –Алматы:2008г.-20с.
68. Шалабаев К.К. «Зайырлы мемлекеттегі дін мен дәстүр сабақтастығы» тақырыбындағы диссертациясы: — Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. — Алматы: 2020. — 148 б.
69. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жыл, 11 қазан. №483-IV. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Қаралған мерзімі: 20.04.2015ж.]
70. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жыл, 1 қаңтар №142. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000142_ «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [қаралған мерзімі: 25.10.2016ж.]
71. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жыл 18 ақпан №31 Қазақстан Республикасының Заңы, https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031_ «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [қаралған мерзімі: 15.11.2016ж.]
72.Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020жылдарға арналған Тұжырымдамасы. 2017 жылғы 1 маусымдағы ҚР Үкіметінің №325 Қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000325

«Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [қаралған мерзімі: 10.11.2019ж.]
73. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспары. 2020 жыл 31 желтоқсан. № 953 ҚР Үкіметінің Қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000953 «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Қаралған мерзімі: 12.04.2022ж.]
74. Рүстемов Л., Араб-Иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Араб-Иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алма-Ата, 1989 ж. – 116 б.
75. Қалиев Б.Қ., Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1979. 4 том –672 б.
76. Бұралқыұлы М.,Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.-Алматы, 2008.–680 б.
77. Уәли Н., Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2013 ж. -553 б.
78. Өзбекұлы С., Барлыбек Сыртанов. –Алматы, Жеті Жарғы,1996,–112 б.
79. Қазақстан Республикасының Конституциясы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің басылымы. «Қазақстан» баспасы. – Алматы:1993 ж. –32 б.
80. Кенжетай Д., Зайырлы ел-қайырлы ел. –Астана, 2017. –112 б.
81. Араб-қазақ сөздігі. . – Астана: Нұр баспасы, 2017. –152 б.
82. Keane John. The Limits of Secularism // Islam and secularism in the Middle East. 2000. Seite 29-37.
83. Tamimi A. The Origins of Arab Secularism // Islam and Secularism in the Middle East / John L. Esposito, Tamimi A. (eds.). London: Hurst & Company, 2000. P. 13; cf. Hashemi N. Islam, Secularism, and Liberal Democracy. P. 136.
84. Конституция Туркменстана. 18.05.1992 ж. https://saylav.gov.tm/tk/law?id=2 (09.10.2017 ý. № 617-V, 25.09.2020 ý. № 297-VI Türkmenistanyň Konstitusion kanunlary esasynda girizilen goşmaçalar we üýtgetmeler bilen). [қаралған уақыты: 05.03.2021ж.]
85. Ўзбекистон Республикаси Конституцияси. 30.04.2023 ж. https://constitution.uz/uz/clause/index#section1 [қаралған уақыты: 19.02.2024 ж.].
86. Конституция Кыргызской Республики. — Бишкек: Ала Тоо. 2023. — 45 б.
87. Международный институт государственной службы и управления. https://web.archive.org/web/20150222021158/http://migsu.rane.ru/about/faces/uzlaner-dmitrij-aleksandrovich [қаралған уақыты: 15.05.2022ж.]
88. Кожамбеков Д.Р. Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет. // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы.Заң сериясы. №1(77). —Алматы: 2016. 36-41 бб.
89. Звеерде Э. ван дер. Столетие, которое будоражит душу... Октябрьская революция как сакральный объект // Государство, религия, церковь в России и за рубежом. 2019. №1-2. С. 643-669.

90. Le Micro-Robert. Dictionniare d'apprentissage de la langue francaise/ Redaction dirigee par AlainRey. Nouvelle edition. –Italie: La Tipografic.
91. Henri Pena-Ruiz. Qu'est-ce que la laïcité? Paris: Gallimard, 2003. 352 pages.
92. Jacques-Olivier Boudon, Religion et politique en France depuis 1789, Armand Colin 2007, p.256.
93. Конституции Франции 28.09.1958 года с изменениями, внесенными 23 июля 2008 года. Официальный сайт Конституционного совета Французской Республики на 19 августа 2009 года. // https://www.conseil-constitutionnel.fr/sites/default/files/as/root/bank_mm/constitution/constitution_russe_version_aout2009.pdf [қаралған уақыты: 05.05.2019 ж.]
94. Осипов Е.А. 15 лет закону о запрете ношения религиозной одежды во французской школе // Политика и Общество. —2019. -№3. С. 1-7.
95. Кожамбеков Д.Р. Франция̆ның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы мен конституциялық-құқықтық тәжірибесі. // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы.Заң сериясы. №4(80). —Алматы: 2016. 334-338 бб.
96. Л.Ю. Грудцина. Церковь как связывающее звено между гражданским обществом и государством в Росии //Адвокат. — Москва: Законодательство и экономика, 2007, № 9. С. 79-89.
97. Боберо Ж. Светскость: Французская исключительность или универсальная ценность? http://krotov.info/history/20/1950/bobero.html [қаралған уақыты: 10.12.2020 ж.]
98. Elizabeth Shakman Hurd. The Politics of Secularism in International Relations. Princeton University Press: Princeton and Oxford. 2008. P 205.
99. https://constitutioncenter.org/media/files/RU-Constitution.pdf [қаралған уақыты: 05.07.2019 ж.]
100. Основные международные договоры по правам человека. Организация Объединенных Наций. Нью-Йорк и Женева, УВК. 2014 г. -382с.
101. Булгаков С. Православие и государство. // Православие. Очерки православной церкви. - Париж:YMCA-PRESS, 1989 г. - С. 331-344.
102. Мигунова Т.Л., Романовская Л.Р. «Симфония властей» как принцип взаимоотношений между церковью и государством. Журнал «Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского» .№ 3 (2) С 147-150. 2013 г.
103. Серов В.В. Энциклопедический словарь крылатых слов и выражений. - Москва: «Локид-Пресс» 2003г. — 677с .
104. Дашков С. Б. Иоанн I Цимисхий // Императоры Византии. - Москва: Красная площадь, 1997 г. - 558 с.
105. Сухорукова С. Л., Рудалева М. А. Манускрипт. ISSN 2618-9690. Специфика взаимодействия духовной и светской властей в средневековой

Западной Европе. 2021. Том 14. Выпуск 4. С. 769-774 | 2021. Volume 14. Issue 4. P. 769-774.
106. James E. Wood Jr. Church and State in Historical Perspective. Greenwood Publishing Group, INC. Westport. 2005. 660 p.
107. http://www.durmushocaoglu.com/dh/yazi.asp?yid=3952446 [қаралған уақыты: 25.10.2019ж.]
108. Graeme Smith. A short history of secularism. Publ: A.I. Tauris. London. 2007.- 240p.
109. Кенжетай Д. Қазақстан жаңа сипаттағы зайырлы ел. // ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы. №2 (2).- 36 б. 2015.
110. Гогоберидзе Г.М. Исламский толковый словарь. Ростов-на-Дону, 2009, - 266 с.
111. Усама ас-Саййид Махмуд аль-Азхари. Явная Истина в ответ тем, кто играет с религией и прикрывается ею. // Хузур-Спокойствие. – Казань 2015г. - 100 с.
112. История политических и правовых учений: Учебник для вузов / Под ред. В.С. Нерсесянца. – 4-е изд. – М.: Изд-во «Норма», 2004. - С.994.
113. Подопригора Р.А. Право на свободу вероисповедания: становление и проблемы в условиях государственной независимости. ҚазҰУ Жаршысы. Заң сериясы. №3 (20). Алматы. 2000ж. 84-91с.
114. Опыт зарубежныж стран как светских государств. Мурат Жагипаров. https://religions-congress.org/ru/news/novosti/1209 [қаралды: 10.12.2021ж.]
115. Contesting political Parties. https://electionresults.parliament.uk/political-parties [қаралды: 15.02.2024ж.]
116. Queen and Church of England. Defender of the Faith and Supreme Governer of theChurch of England. http://www.royalinsight.gov.uk/output/Page4708.asp қаралды: [қаралды: 10.09.2024ж.]
117. Каюмова А.Ф., Малых Д.Д., Политические партии Великобритании с позиции евроскептики // Научное мнение. №9(3). 2014г. 33-38 с.
118. Основной Закон Германии (Конституция Германии) https://legalns.com/download/books/cons/germany.pdf [қаралды: 10.09.2017 ж.]
119. Маклаков В.В. Конституции зарубежных государств. – Москва: Волтерс Клувер, 2010. -656 с.
120. Мажиев Г.М. Қазіргі заманғы Батыс елдеріндегі зайырлы мемлекет және дін қатынасының үлгілері мен формалары. Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. – Алматы. №3(132)/2020. 37-47б.
121. Үндістанның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы.//М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Ұлы даланың Рухани мұрасы: өткені мен бүгіні» аясында

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары Қазақстандық бірегейліктің негізі»-атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның жинағы, Шымкент 2018ж. 24-25 сәуір 2018. – 49-52 бб.
122.Шандыбина М.О. Современное понятие сущности светского государства. Право и управление. XXI век. 2013; №4: – с. 87-93.
123. Jihad Nammour. State and Religion, Comparing Cases of Changing Relations A conference report // Friedrich Ebert Foundation. - Beirut 2011, – p 155.
124. Stanley S. Harakas. Living the Faith: The Praxis of Eastern Orthodox Ethics. Minneapolis: Light and Life Publishing Company, 1993, p. 416.
125. Байдаров Е. У., Бурова Е. Е., Косиченко А. Г. Актуальные вопросы государственноконфессиональных отношений в Республике Казахстан // Сборник материалов. – Алматы: Институт Философии и политологии КН МОН РК, 2012. – с. 72.
126. Светское государство – это лучший выбор для Казахстана. https://www.gov.kz/memleket/entities/antiterrosticheskiy-centr/press/news/details/571072?lang=ru [Қаралды: 01.03.2024 ж.]
127. Ferrero M. The Political Economy of Theocracy. Palgrave Macmillan; 2009th edition. (May 22, 2009) p. 295.
128. Josephus' Against Apion (English only) From H. St. J. Thackeray, Josephus: The Life, Against Apion (Loeb Classical Library; Cambridge, MA: Harvard University Press, 1926). – p. 359.
129. Исахан М. «622 жылы «Мәдени конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі»: Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.-Алматы 2016ж. – 146 б.
130. Rashed Aba Namay. The Recent Constitutional Reforms in Saudi Arabia. International & Comparative Law Quarterly , Volume 42 , Issue 2 , April 1993 , pp. 295 – 331.
131. Есмахан Б, Исахан М. Мемлекет және дін арақатынасы: Қазақстандық модель: монография, -Алматы: «Нұр-Мүбарак» баспасы, 2021 -164 б.
132. Tarifa, Fatos. To Albania, with Love. - University Press of America, –ISBN 978-0-7618-3590-5. 2007. – p. 288.
133. Конституция (основной закон) Союза Советских Социалистических Республик. Конституция утверждена 5 декабря 1936 года. https://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnst1936.htm [қаралды: 10.05.2017 ж.]
134. Онучко М. Ю. Государственно-конфессиональные отношения: мировой опыт и Казахстан. – Алматы, 2010. – с. 65.
135. Дозорцев П.Н. Развитие светской государственности в России: истоия и современность: защ...дисс д.ю.н. – Москва, 1993. – с. 367.

136. Stephen V. Monsma, The Challenge of Pluralism: Church and State in Five Democracies. –Maryland. 2008. p. 278.
137. Ahmet T. Kuru. Secularism and State Policies toward Religion& United State, France and Turkey. –Cambridge. 2009. p. 334.
138. Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы, ҚР Білім және ғылым министрінің 14.01.2016 ж. №26бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085[Қаралды:15.07.2019 ж.]
139. Кодекс Республики Узбекистан об административной ответственности, 22.09.1994г. https://www.lex.uz/acts/97661 [қаралды: 15.12.2020 ж.]
140. Понкин И.В. Правовые основы светскости государства и образования. – Москва, 2003. – с. 416.
141. Останин А.В. Светское государство и демократия // Вестник Томского государственного университета. Общенаучный периодический журнал. № 325. Томск. Август 2009. – с 104-108.
142. Мұхан Исахан: Зайырлылық пен ислам бір-бірімен толығымен қабысады деу-ағаттық. https://ult.kz/post/mukhan-isakhan-zayyrlylyk-pen-islam-bir-birimen-tolygymen-kabysady-deu-agattyk [қаралды: 18.09.2019 ж.]
143. Laiklik İlkesi Demokrasinin ve İnsan Haklarının Güvencesi. https://www.istanbulbarosu.org.tr/HaberDetay.aspx?ID=16753&Desc=Laiklik-%C4%B0lkesi-Demokrasinin-ve-%C4%B0nsan-Haklar%C4%B1n%C4%B1n-G%C3%BCvencesi [Қаралды: 04.02.2022 ж.]
144. Hakan Yavuz. Secularism and Muslim Democracy in Turkey. – Cambridge. 2012. p. 303.
145. Хихметли Сабри. Түркиядағы жалпы діни ахуал және зайырлы мемлекеттің діни ұстанымы. // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы. ISSN 1563-0366. №1(1) . Алматы: 2015 ж. 37-49 бб.
146. 2024 yili merkezi yönetim bütçe kanunu icmali https://www.sbb.gov.tr/wp-content/uploads/2024/01/2a-2024-Yili-Genel-Butceli-Idareler-Ekonomik-Kod-Icmali-ile-2025-2026-Gider-Tahminleri.pdf
[Қаралды: 15.09.2024 ж.]
147. Diyanet İşleri Başkanlığı bütçesi bakanlıkları geride bıraktı.
https://gazeteoksijen.com/turkiye/diyanet-isleri-baskanligi-butcesi-bakanliklari-geride-birakti-225787 [Қаралды: 30.09.2022 ж.]
148. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1993 жыл. 28 қаңтар. (Күші жойылған) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K930001000_ [Қаралды: 10.03.2015ж.]
149. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. –Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — 240 с.

150. Қосалы А. Исламның Қазақстанға таралуы. Ислам және Өркениет. №10. Алматы «Бизнес-информ» 2006. — 8 б.
151. Утемиш-хаджи, “Чингиз-наме” перевод В.П. Юдина, - Алма-Ата:Гылым, 1992, -296с.
152. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави. https://azretsultan.kz/rus/mavzolej-hodzha-ahmeda-yasavi/ [Қаралды: 02.05.2022 ж.]
153. Алаш зиялылары преференциялық зайырлылықты таңдаған еді. Мұхан Исахан. https://ult.kz/post/alash-ziyalylary-preferentsiyalyk-zayyrlylykty-tandagan-edi [27.07.2017ж.].
154. Новиков, И.Н. Союз воинствующих безбожников — добровольная общественная организация, ставившая своей целью идейную борьбу с религией во всех её проявлениях., 1985., — с. 240.
155. О мерах по усилению антирелигиозной работы. 24 января 2929 года. https://istmat.org/node/59437 [Қаралды: 14.03.2023 ж.]
156. Закон О свободе совести и религиозных организациях. 01.10.1990 года. chttp://www.r-komitet.ru/vera/26.htm [Қаралды: 05.12.2023 ж.]
157. Усманходжаев А. Жизнь муфтиев Бабахановых: служение возрождению Ислама в Советском Союзе. – М. – Нижний Новгород: ИД «Медина», 2008 – 266 с.
158. Конституция СССР. — Москва: Юридическая литература, 1988. — 65 с.
159. Конституция (Основной закон) Казахской Советской Социалистической Республики. — Алма-Ата : Казахстан, 1989. —48 с.
160. Закон О свободе совести РСФСР от 27 октября 1990 года. https://normativ.kontur.ru/document?moduleId=1&documentId=1137 [Қаралды: 04.06.2024 ж.]
161. Вопросы Министерства образования и культуры Республики Казахстан. https://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/P970000878_/23.05.1997 [Қаралды: 05.12.2023 ж.]
162. М.Исахан. ҚР діни оңалту жұмысына жауапты мекемелердің құрылуы және олардың функционалдық міндеттемелері. ҚазҰУ Жаршысы. Дінтану сериясы, №4 (36) 2023. —97 б.
163. https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-din/about?lang=kk [Қаралды: 29.03.2024 ж.]
164. Türkiye Cumhuriyeti Anayasası, Ekin Yayinevi. 2022.
165. Ўзбекистан Республикасининг Конституциясы. Ташкент «Ўзбекистан» нашриёт-матбаа ижодий уйи. 2024.
166. Құран Кәрим қазақша мағына және түсінігі. Халифа Алтай. 1991 жылы.
167. Г. Садовникова. Комментарий к Конституции РФ постатейный 12-е издание, Москва., ЛитРес, Электроннаякнига. 2023.

168. Ceylan D. “Vicdan Kavramına Psikolojik ve Dini Yaklaşımlar” Uluslararası Insan Araştırmaları Dergisi, №3. 2017. S 185-1999.
169. Сыздыкова Р.Г. Казахско-русский словарь. -Алматы:Дайк-Пресс. 2008г. -962 с.
170. Сауранбаева Н.Т. Русско-казахский словарь. -Алматы: Дайк-Пресс. 2005г. -398 б.
171. Қазақстан Республикасының 1993 жылы қабылданған Конституциясы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K930001000_ [қаралды: 14.04.2024ж.]
172. БҰҰ Жарғысы. https://www.un.org/ru/about-us/un-charter [қаралды: 01.04.2024ж.]
173. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы. 10 желтоқсан. 1948 ж. https://www.un.org/ru/about-us/universal-declaration-of-human-rights [қаралды: 01.05.2023ж.]
174. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті. 16 желтоқсан. 1966 жыл. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091_ [қаралды: 11.12.2023ж.]
175. Declaration on the Elimination of All Forms of Intolerance and of Discrimination Based on Religion or Belief. https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/declaration-elimination-all-forms-intolerance-and-discrimination [қаралды: 10.02.2020ж.]
176. О свободе совести и религиозных организациях // Ведомости Съезда народных депутатов СССР и Верховного Совета СССР. 1990. № 41. Ст. 813.
177. https://www.reuters.com/article/us-religion-atheists-idUSBRE9B900G20131210/ Robert Evans (9 December 2013) “Atheists face death in 13 countries, global discrimination” [қаралды: 10.05.2023ж.]
178. https://www.pewresearch.org/religion/2017/10/03/many-countries-favor-specific-religions-officially-or-unofficially/
179. https://baptist.org.ru/faith/faith-copy Ар-ождан туралы. Ресейлік Евангелистік Христиан-Баптистер Одағының әлеуметтік тұжырымдамасы. [қаралды: 20.01.2022 ж.]
180. Діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы №97 бұйрығы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020256 [қаралды: 10.10.2024ж.]
181. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 31.05.1996 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000003_ [қаралды: 15.08.2024ж.]
182. Конституция (1993г.). Российская Федерация. Конституция Российской Федерации.Москва:Юридическая литература, 2009г.

183. Р.А. Подопригора. Гражданско-правовой статус религиозных организаций // Праоведение. 1992. №3. –С. 100-103.
184. Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі, Дін істері комитетінің ресми сайты. https://www.gov.kz/memleket/entities/din/documents/details/772101 [қаралды: 10.10.2023ж.]
185. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының конституциялық-құқықтық мәртебесі.//Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Хабаршысы. Заң сериясы. – Алматы. -2016. -№4(80). 98-103 бб.
186. Main Principles And Features Of Consideration Legal Characteristics Of Secular State.//Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues, 2021,24(4), Research Article: 2021 Vol: 24 Issue: 4 стр. 1–8.
187. The Danbury association. https://www.danburyinstitute.org/history [қаралды 04.08.2022 ж.]
188. Джон Локк. Послание о веротерпимости. 1686. http://filosof.historic.ru/books/item/f00/s00/z0000462/index.shtml [қаралды 08.09.2022 ж.]
189. Ислам ынтымақтастығы ұйымы. https://www.oic-oci.org/ [қаралды 08.04.2021 ж.]
190. Основы социальной концепции Русской Православной Церкви. –Москва: Отдел внешних церковных связей Русской Православной Церкви, 2001.-С18-20, 20.
191. Орыс православ шіркеуі ресми сайты. https://mitropolia.kz/ [қаралды 15.02.2023ж.]
192. Шаукенова З.К., Актуальные проблемы развития религиозной ситуации в Республике Казахстан // – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 137 с. 13.
193. Annual Report of the U.S. Commission on International Religious Freedom April 2013 (Covering January 31, 2012 – January 31, 2013) U.S. Commission on International Religious Freedom 732 North Capitol Street, NW, Suite A714 Washington, DC www.uscirf.gov https://www.uscirf.gov/sites/default/files/resources/2013%20USCIRF%20Annual%20Report%20(2).pdf [қаралды 03.08.2020 ж.]
194. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитетінің ресми парақшасы. https://www.gov.kz/memleket/entities/din/documents/details/774769?lang=kk [қаралды 05.01.2025ж.]
195. ҚР Білім туралы Заңы 27.07. 2007жыл. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ [қаралды 12.07.2020ж.]

196. Мектепте хиджап киюге болады ма? https://egov.kz/cms/kk/articles/secondary_school/religious_clothes [қаралды 15.12.2023ж.]
197. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085 [қаралды: 15.08.2024ж.]
198. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» №345 Заңы// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_ [қаралды: 15.02.2024ж.]
199. European Court of Human rights. Case of Leyla Şahin v Turkey" (№44774/98) https://hudoc.echr.coe.int/eng#{%22itemid%22:[%22001-70956%22]} [қаралды: 10.12.2023ж.]

ҚОСЫМШАЛАР:

1. “Зайырлы мемлекет индексі” жобасы ұсынылды. Зайырлы мемлекет индексінің жоба нәтижелерін қолданысқа енгізу Түркістан облысы дін істері басқармасының жанындағы “Дін мәселелерін зерттеу орталығымен” бірлесіп жасау көзделген.
2. www.secular.kz сайты арқылы Қазақстан Республикасы мен шетелдерде «зайырлы мемлекет» туралы ақпарат жинақтау көзделеді.